

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

С.Ч.Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова

6

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
6-сыныбына арналған оқулық



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 84 (5Қаз) я 72
Т 86

Т 86 Тұрсынғалиева С. Ч.
Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. С. Ч. Тұрсынғалиева, Р. Зайкенова – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 192 бет.

ISBN 978-601-318-111-0

Оқулыққа негізгі білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес халық ауыз әдебиеті үлгілері, ақын-жазушылар шығармалары енгізілді. Оқулықтың тілі жеңіл, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 84 (5Қаз) я 72

ISBN 978-601-318-111-0

© Тұрсынғалиева С. Ч.,
Зайкенова Р., 2018
© «Арман-ПВ» баспасы, 2018

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Шартты белгілер

Жаңа тақырыпты меңгеру тапсырмалары – функционалдык сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары

1 Білу

2 Түсіну

3 Талдау

4 Жинақтау

5 Қолдану

6 Баға беру

 **Зергер сөз** ақын-жазушы туралы пікір, түйінді ой

 **Даналық ойдан дән ізде** даналық ой, сөз сарасы, ойтолғау

 **Сөздің көркі – мақал** мақал-мәтелдер

 **Бағалы дерек** қызықты мәлімет



Сөзмаржан – түсіндірме сөздік



Диалог құру – сұхбаттасу, пікірлесу



Тыңдалым – шығармалар үзінділерінің аудионұсқасы



Әдебиет теориясы – әдебиеттану ғылымының түсініктері



Артық болмас білгенің – танымдық мәліметтер



Тапсырмалар – әдебиет теориясын меңгерту тапсырмалары



Кітапсүйерлер үшін – қосымша оқуға ұсынылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

Даналық ойдан дән ізде

Артық білім кітапта,
Ерінбе оқып көруге.

Абай

Кітап маған тақтан да
қымбат.

В.Шекспир

Әдебиет – халықтың рухани байлығы.

Әдебиет – адам өмірінің ішіндегі ең ұзақ жасайтындардың бірі.

Ғ.Мұстафин

Кітап – жазушы мен оқырман арасындағы көпір.

В.Каверин

Қымбатты оқушылар! Сендерді ғажайып қазақ әдебиеті әлеміне саяхат жасауды жалғастыруға шақырамыз!

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Әдебиет дегеніміз – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін сөзбен келістіріп айту өнері», – деген анықтама берген.

Әдебиет – араб сөзі, аударғанда «асыл сөз» деген мағынаны білдіреді. Әдебиет дегеніміз – З.Қабдоловтың сөзімен айтсақ, «ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы». Өмірді, болмысты сөзбен суреттеу – әдебиеттің өзіне тән ерекшелігі. Әдеби шығармалардағы өмірдің көркем суреттері болмыстың тура көшірмесі емес, ол – автордың, қаламгер қиялының жемісі. Ойдың ұшқыр болып, қиялдың биікке самғауы үшін сөз өнерін меңгерудің маңызы зор. Әр сыныпта ақын-жазушылардың шығармашылығымен танысқан сайын білімдерің шыңдалып, қоршаған ортаға деген көзқарастарың да өзгереді. Бұған әсер ететін ең күшті нәрсенің бірі – сөз. Сөз арқылы айналаны, әлемді танысыңдар, ойларыңды жеткізесіңдер. Сөзді дұрыс, орнымен пайдалану да – өнер. Ал «сөз өнері» дегеніміз – әдебиет.

Нағыз сөз шеберлерінің құпиясы олардың өмірдегі, айналадағы құбылыстарды, оқиғаларды бейнелеп қана қоймай,

Сөздің көркі – мақал

Кітап – алтын қазына.

Кітап – алтын сандық;
Іші толған қазына, құт,
Оқы, оқы, ойыңа тұт.

Кітап – білім бұлағы.

біздің сезіміміз бен түйсігімізге әсер етіп, ойланта, толғанта білуінде. Әдебиет өнердің музыка, сурет салу, кино, театр сияқты түрлерімен тығыз байланысты.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – көркем әдебиет туындыларынан жүйелі түсінік беру, көркем шығармалардың мазмұнын, идеялық-тақырыптық мәнін айқындай білу, көркем шығармадағы оқиғаға, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға беру, авторлық ұстанымды анықтай білу, сөздік қорды молайтуға, әдеби тіл нормасын игеруге жағдай жасау.

Оқулықтың құрылымы

Оқулық оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес *«Туған жерім – аялы алтын бесігім», «Абайды оқы, таңырқа», «Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған», «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым»* атты бөлімдерді қамтиды.

Жаңа тақырыпты меңгеру тапсырмалары *«Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау», «Қолдану», «Баға беру»* деп аталатын қадамдардан тұрады. Қадамдар тапсырмаларының мазмұны білім мен түсінік деңгейіндегі, білімді қолдану және талдау деңгейіндегі, шығармашылық және ізденушілік сипаттағы тапсырмаларды қамтиды.

Ойнап отырып ойлау қиялдарыңа қанат бітіріп, жаңа әрі қызықты жайттарды біліп алуларыңа көмектеседі, сондықтан тапсырмалар мазмұнына оқыта үйрету ойындары енгізілді. Қадамдар тапсырмаларын орындау арқылы өздеріңнің алған білімдеріңді тексересіңдер, дайындық деңгейлеріңді көресіңдер, *не білемін, не білдім, нені білгім келеді* деген сұрақтарға жауап та таба аласыңдар.

Даналық ойдан дән ізде

Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік.

Ф.Мүсірепов

«**Артық болмас білгенің**» және «**Бағалы дерек**» айдарларымен тақырып бойынша білімдеріңді кеңейтуге бағытталған материалдар ұсынылды. Онда ғылыми, тарихи, мәдени деректермен қоса ақын-жазушылардың өміріне байланысты қызықты мәліметтер берілді.

«**Даналық ойдан дән ізде**» айдары өздеріңе ұнаған пікірлер мен қанатты нақыл сөздерді есте сақтап, орнымен қолдануға үйретеді. «**Сөзмаржан**» айдары сөз құпиясын ашуға, сөздік қорларыңды толықтыруға арналған. «**Сөздің көркі – мақал**» айдары мақалдарды орнымен қолданып, шебер сөйлеп үйренулеріңе ықпал етсе, «**Зергер сөз**» айдары ұлы тұлғалардың сөздерінен мол тағылым мен мәлімет алуларыңа мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетін оқи отырып, кейіпкерлермен бірге көптеген қызықты да әсерлі, құпия жайттарды анықтап, өздеріңді, достарыңды жаңа қырынан ашасыңдар. Мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді бойларыңа сіңіріп, оқи білуге үйренесіңдер деп ойлаймыз.

Сонымен, оқи, ойлай, талдай білейік! Іске сәт!

I ТАРАУ

ТУҒАН ЖЕРІМ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІМ



Туған ел! Бұл кішкентай үйіңнің табалдырығынан басталады. Содан шексіз қиянға өрлеп кете барады. Оның жұпар атқан жусаны, оның кеудеңе құйылған мөлдір ауасы, жотаға өрлеген жалғыз аяқ жолдары – осының бәрі-бәрі сенің туған еліңді құрайды.

С.Мәуленов

О, туған жер, кең пейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып, саған қарай
Балапандай талпынып ұшамын мен.

Ф.Оңғарсынова



«Аяз бидей әділ, турашыл» деп кейбір адамдар туралы айтылған пікірді, «Аяз, әлінді біл, Құмырсқа, жолынды біл» деген мәтелді де естіген боларсыңдар. «Аяз би – ертегі кейіпкері ғана емес, тарихта нақтылы болған адам» деген дерек кездеседі. «Аяз би» – шыншыл ертегі. Енді осы әділ бидің хандыққа қалай келгені туралы қызықты ертегімен танысу кезегі келді.

ЕРТЕГІЛЕР

Естеріңе түсіріңдер:

Ертегілер туралы не білесіңдер?

Ертегілердің қандай түрлері бар?

Меңгерілетін білім:

«Аяз би» ертегісінің танымдық-тағылымдық сипаты қандай?



Ертегілер – халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Қазақ халық ертегілері *қиял-га-жайып, хайуанаттар туралы, шыншыл ертегілер* болып жіктеледі.

Шыншыл ертегілер өмір шындығына жақын, онда реалдық адам бейнелері басым. Олар күнделікті шынайы өмірден алынып, бас кейіпкерлері патша, уәзір, хан немесе қарапайым адамдар болып келеді. Ертегінің құрылымынан, мазмұнының бағытынан оның басты мақсаты – өмір мұратына жетудің жолдары, ол үшін қажет адамдық сапаларды көрсету екенін сөзсіз ұғамыз. Ең алдымен, өмірлік мақсатқа жетуде қазақ ертегілері даналықты, ақылдылықты алдыңғы орынға қояды. Шыншыл-реалистік ертегілерде ең әділ, ең ақылды адам халық ортасынан шығады. Мұның ғажап үлгісі – «Аяз би» ертегісі, мұнда ақылдылықтың басты көрінісі тапқырлық болып келеді. Хан өзінің қырық уәзіріне адамның, құстың және шөптің жаманын тауып әкеліндер дегенде, адамның жаманына Аяз би ілігеді. Бірақ оның жамандығы – ақылында емес, тұрмысында, кедейлігінде еді. Ақырында, ол өз заманының нағыз зерек, ақылды адамы болып шығады, Меңді қызға үйленіп, хан болады. Ол хан болғанда да асып-таспайды, «Аяз, әлінді біл» деп өзіне-өзі басу айтып отырады.



Сонымен, адамның нашары – Жаман қалай хан болды екен?

«Аяз би» ертегісі

Хан тапсырмасы

Ертеде Мадан деген хан болыпты. Ханның қырық уәзірі болған екен. Бір күні хан уәзірлеріне мәжіліс жасап:

– Уәзірлерім! Сендер қырқың да асып туған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын, шөптің жаманын, құстың жаманын тауып келіңдер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып келмесеңдер, жазалы боласыңдар! – деді.

Хан бұйырған соң, амал жоқ! Уәзірлері өзара ақылдасып, іздеуге кіріседі.

Көп іздеп, азап шегіп, шеңгел деген шөпті тауып: «Өзі – тікен, арасынан жүрсе, киім жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы ғой», – деп шеңгелді алады. Қырғауыл деген құсты тауып: «Үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен», – деп қырғауылды атып алады. Енді адамның жаманын таба алмай, қырық уәзір келе жатса, таудың етегінде, үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, бір адам бес-он қойды бағып жүр. Уәзірлер: «Адамның жаманы, сірә, осы болар-ау», – деп тұрғанда, әлгі адам:

– Уа, мырзалар, жол болсын! – деді.

Уәзірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын, шөптің, құстың жаманын тауып, ал адамның жаманын таба алмай жүргендерін айтады.

Жаман тұрып:

– Түсінікті! Адамның жаманы керек болса, мен боламын, – дейді.



CD 01

Хан тапсырмасы қандай? Уәзірлер оны қалай орындады?

Бағалы дерек

Шеңгел



Шеңгел – бұршақ тұқымдасына жататын бұта түріндегі өсімдік. Биіктігі 2–3 м, тікенің ұзындығы 2–6 см. Жапырақтарының ұзындығы 3–4 см жұп қауырсынды, гүлі қызғылт, күлгін түсті. Жемісі сарғылт қоңыр, ұзындығы 1–3 см, ені 0,7–1,2 см бұршақ, тұқымы қызыл қоңыр, жылтыр түсті. Ақ шеңгелді елді мекендерді, шөл және шөлейт жерлерді көгалдандыру үшін арық бойына егеді. Мал жемейді, тамырынан алынатын сары бояу жүн бояуға пайдаланылады. Гүлінен ара бал жинайды.

Балалар энциклопедиясынан



Сөзмаржан

уәзір – көмекші;
Шығыс елдерінің ел билеуші ханының немесе патшасының ақылшысы, кеңесшісі

Бағалы дерек

Қырғауыл



Қырғауыл – тауық тәрізділер тобының бір тұқымдасы. Оның ерекшелігі – танау тесігі қауырсынмен жабылмағандығында. Жіліншіктері түксіз, қоразының жіліншіктерінде мүйізді өсіндісі бар. Танау тесігін тері қатпары жауып тұрады. Қазақстанда қырғауылдың сегіз түрі бар. Ол өзен жағалауындағы тоғайлы, қамысты, құнарлы жерді, Арал теңізінен Алакөл ойпаңына дейінгі шөлді аймақтарды мекендейді. Отырықшы құс. Жерде жүргенімен, ағаш басына қонақтайды.

Балалар энциклопедиясынан

– Олай болса, жарайды, – деп, Жаманды атына мінгестіріп алып, ханға жөнеледі. Ханға келе жатып, Жаман:

– Адамның жаманын тауып алдыңдар, бірақ шөптің жаманы мен құстың жаманын таба алмаған екенсіңдер. Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы – сауысқан еді, – деп уәзірлерге қырғауыл мен шеңгелді тастатып, олардың орнына қарақоға мен сауысқанды алдырған. Уәзірлер мәнісін сұрайын деп еді:

– Хан алдында айтамын, – деп Жаман сөйлемеді. Уәзірлер келген соң, хан әкелген адамға қарап:

– Әкелген адамдарың жарайды. Қазірге аспазға апарыңдар, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортаға алып, тамаша етеміз, – деп, Жаманды асүйге жібертеді.

– Бірақ, – дейді хан, – құстың жаманы мен шөптің жаманын таба алмаған екенсіңдер. Құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы – шеңгел еді. Осыны көре тұра, бұларды әкелулеріңнің не мәні бар еді? – деп хан уәзірлерге қатулана бастайды. Сонда уәзірлер:

– Тақсыр! Айтқаныңыз дұрыс! Біз шөп жаманы деп шеңгелді, құс жаманы деп қырғауылды алып едік. Бірақ жолшыбай әлгі жаман: «Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы – сауысқан», – деп бізге оларды тастатып, қарақоға мен сауысқанды алдырды, – деп жауап береді. Хан аз кідіріп:

– Е, Жаманның не білгені бар екен? Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы – сауысқан екенін қайдан біледі? Алып келіңіздер, сұралық, – деп бұйрық етеді. Жаманды ханға алып келеді. Хан Жаманның бетіне қарап:

– Мен құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы – шеңгел деп ойлаушы

Бағалы дерек

Қарақоға



Қарақоға – дара жарнақтылардың қоға тәрізділер тұқымдасына жататын өсімдік. Биіктігі 3–4 м, сабағы ұзын және жуан төселмелі, батпақты, сулы жерлерде өседі. Жалпырағы жалпақ, таспа пішінді, сабағынан ұзын болып келеді. Гүл шоғы – собық. Жемісі жаңғақша, ұшуға бейімделген қанатшасы болады. Қоғаны арқан, жіп, ыдыстар жасауға және құрылыс материалы ретінде пайдаланады. Тамырында крахмалы көп болғандықтан, ондатра, құндыз, жұпар тышқан, т.б. үшін құнды азық.

Балалар
энциклопедиясынан

едім, сен оларды уәзірлерге тастатыпсың. Сен шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы – сауысқан екенін қайдан білдің? – дейді.

– Тақсыр хан! Елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірім отын, су тасумен кісі есігінде құлшылықта өтті. Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңіне дейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта «Киім жырттып, мал жемейтін шеңгел отын болып, пайдаға асады екен-ау», – деп ойлаған едім. Ал енді қарақоғаны алып, отқа жақсам, жанбайтын еді, үрлесем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап, үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң апарып малға салсам, барлық мал мұрнын шүйіріп жемейтін. Сонан соң қарақоға тіпті пайдаға аспайтын шөп екен деп ойлаушы едім. Қарақоғаның жамандығын содан білдім, – дейді Жаман.

– Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? – дейді хан.

– Қырғауылдың қанаты бар да, жүні жоқ болса да, адамның пайдасына жарайтын құс еді. Біреудің сиықсыз болуы – оның жаратылысынан. Қырғауылдың айыбы – тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін.

– Сауысқан мен қарақоғаның жамандығын білдің. Енді өзіңнің жамандығыңды қайдан білдің? – дейді хан.

– Уа, тақсыр! Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді; келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің

артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп, Жаман ханға қарайды.

Хан сынағы

Хан басын шайқап:

– Апыр-ай, осы жаман болса жарар еді, – деп ойлап:

– Құстың, шөптің, өзіңнің жамандығыңа да дәлел айттың. Жарайды, енді менің бір тұлпарым бар, соны сынап бересің бе? – дейді.

– Жақсы, сынап берейін, – деп тұлпарды алып келген соң, Жаман тұлпардың алды-артына қарап:

– Тұлпарыңыздың сипатынан мін таба алмадым. Енді мініп қарар едім, – деп, ханнан рұқсат сұрап алып, тұлпарға мініп, есік алдындағы өзеннен әрі-бері өтті де, қайтып келіп:

– Тақсыр! Тұлпарыңыздан басқа мін таба алмадым. Тұлпарыңыз тек сиырға шатыс екен, – дейді.

– Апыр-ай, оны қайдан білдің? Айтқаның рас. Менің Ақша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір биесін қалап алдырғанмын. Бие күні жетіп, құлынды туа алмай, өлер болған соң: «Бие өлсе, өлсін, құлын қалсын», – деп ішін жарып, құлынды алғанмын. Сол құлын осы еді, әбден отығып кеткенше, сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырға шатыс екенін қайдан білдің? – дейді хан таңданып.

– Тұлпарыңыз судан әрі-бері өткенде, аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиырды күніне қырық суарсаң да судан айдағанда, аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей, өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін сонан білдім, – дейді.

Бағалы дерек

Сауысқан



Сауысқан – торғай тәрізділер отрядына, қарға тұқымдасына жататын, кіші денелі, қысқа ірі тұмсықты құс. Денесінің көп бөлігі қара, тек кеудесі ақ болады. Қанатының кей жеріне ақ араласқандықтан, оны алақанат сауысқан деп те айтады.

*Балалар
энциклопедиясынан*



Жұрт таң қалып, бір-біріне қарасады. Хан біраз ойланып отырып:

– Енді менің бір гауһар тасым бар. Сол тасымның қандай қасиеті бар екенін тап, – деп қазынасындағы тасты алдырып берді. Жаман тасты алып, салмақтап, байқап қарап отырады да:

– Сіздің тасыңыз, рас, қасиетті тас екен. Бірақ екі жылдан соң қасиеті бітеді. Тастың ішінде екі қара бас құрт бар. Тасыңыздың пышақ сыртындай ғана қалыңдығы қалыпты. Сол құрт екі жылдан соң тесіп шығады, тесіп шыққан соң тасыңыз пайдаға аспайды, – дейді. Жұрт не дерін білмей, бірсыпырасы: «Бәрібір екі жылдан соң пайдаға аспайтын болса, тасты жаралық», – депті. Бірсыпырасы: «Жаманның сөзіне бола, тастан айырылмайық», – депті. Ақырында, тасты жармақшы болады. Тасты жарып қараса, ішін екі ақ қарабас құрт кеулеп, тесуге жақындап қалған екен.

– Тастың ішінде құрт бар екенін қайдан білдің? – дейді хан.

– Тастың қасиетіндей салмағы да болу керек. Тас жеңілденген екен. Құрт бар екенін сонан білдім, – деп жауап береді.

– Апырмай, сен жаман болмадың ғой! Қайта сен бір данышпан болып жүрме! Ал сен менің өзімді сынашы. Мен неше атамнан бері хан екенмін? – дейді хан. Жаман:

– Жақсы! – деп, тақта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып:

– Тақсыр ханым! Ақыл-ойың ешкімнен кем емес, бірақ хандық қара басыңда, қарадан туып хан болғансыз, атаңызда хандық жоқ, – дейді. Жаман сөзін бітірмей, хан сөзін бөліп:

– Жоқ, қате айтасың! Мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да алты атамды қайда жібересің? – деп зекіреді. Жаман саспайды.

– Жоқ, тақсыр! Сіздің қара басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ. Сіз нағыз наубайдың баласысыз, – дейді. Хан не дерін білмей, халыққа қарап:

– Апырым-ау, мына Жаман не дейді! Халқым, мен хан баласымын деп жүр едім, шақырыңдар анамды! – дейді. – Ол о дүниеге біреудің қанын жүктеп барып, Тәңірі алдында қарабет болмасын, не де болса, шынын айтсын. Әйтпесе, ашумен мына Жаманның басын кесемін! – дейді.

Шешесі келген соң, хан шешесіне Жаманның сөзін айтады. Шешесі терең күрсініп, сөзге кірісті:

– Е, шырағым, жасым сексенге келгенде біреудің қанын жүктеп не қылайын. Бір сыр бар еді, оны Тәңірінің өзі білетін еді, мен білетін едім. Мынау Жаманың біліпті, енді айтайын. Атаң сенің Зәрлі хан еді. Менен бұрын он тоғыз әйел алып, кілең қыз тапқаны үшін бәрінің де ішін жарып өлтірген екен. Соның үшін де «Зәрлі хан» деп халық ат қойып еді. Жиырмамыншы әйел етіп мені алды. Мен де екіқабат болған соң, жалғыз жанымнан қорқып, тәуіптерге қаратып едім: «Сенің ішіндегі де қыз», – деді. «Қыз тапсам, мені де өлтіреді ғой!» – деп қайғы жедім. Сол күндерде аспаз наубайдың әйелі де екіқабат екен. Оның да тамырын ұстатып қарап едім: «Оның ішіндегі ұл», – деді. Жалғыз жаным үшін сол жерде маған ой келді. Ол әйелді оңаша шақырып алып, барлық мұңымды айтып, қазынадан табақтап алтын беріп: «Ақыреттік дос болайық, ұл тапсаң ұлыңды маған бер, менің қызымды ал. Бірақ бұл сырды ешкім білмесін!» – деп жалындым. Әйел табақтап алтын алып, бір жағынан мені аяп, сол жерде уәдесін берді. Туар кезімізде Зәрлі хан аңда еді, екеуміздің толғағымыз бір күнде келіп, бір сағатта босанып, сырды ешкім білмесін деп, басқа біреуді жолатпай, біріміздің баламыздың кіндігін біріміз кесіп, сол қолыммен қызымды беріп, оң қолыммен алған шырағым сен едің! Енді бұл күнде мына Жаманың оны біліпті. Сыр ашылуға Тәңірі жазса, не шарам бар?! – деп, сөзін аяқтай алмай, шешесі жылап жібереді. Хан:



Сөзмаржан

қанын жүктемеу – біреудің өліміне себеп болмау
Тәңірі жазса – Құдай қаласа

– Сөз тапқанға қолқа жоқ! Олай болса, мен таққа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайықты екенсіз, – деп хан тағынан түсіп, тақты Жаманға береді. Жаман:

– Жоқ, тақсыр! Кешегі күні: «Жаман кісі керек», – дегенде ат артына мініп келген жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де жарар. Тағыңызға өзіңіз отырыңыз, – деп болмайды. Хан таққа отырып:

– Апырмай, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді. Сонда Жаман:

– Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, мені келісімен аспазға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің шонжар, атаулы хан емес екеніңізді содан байқадым, – дейді.

Жиналған жұрт таң қалады.

Жаманның үйленуі

Сол күйінше хан тағы да хандық қылды. Жаман оған жақсы уәзір болды. Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жақты. Қырық уәзір шетте қалды.

Күндердің бір күнінде Жаман сыртқа шығып тұрса, қаланың ортасында тігулі алты қанат ақ боз үй тұр; төңірегінде қаптаған кісі, үйге кіруге кезек күтеді. Жаман қайтадан үйге кіріп, ханнан:

– Бұл не жиын? – деп сұрайды. Хан сонда:

– Қалада қара болса да, байлығы менімен қатар Уәлі дейтін бай бар. Сол Уәлі байдың Меңді дейтін қызы он бес жастан күйеу таңдап: «Өзімнен ақылы артық кісіге тием», – деп жиырма жылдай отырды, қазір отыз бесте. Бұған дейін ешкім ақылы артып, оған күйеу бола алған жоқ. Бәрі де барып, қызға жауап қайтара алмай, қайтып кетеді. Ол жиын – қызды жеңіп аламыз деп жүрген баймырзалардың жиыны, – дейді.

Жаман: «Мен де барып көрсем қайтеді?» – деп ойлап, кешке жұрт орынға отырған соң, жайлап қыздың үйіне барады. Есікті қағып еді, бір әсем келіншек шығып:

– Не жұмысыңыз бар? – деп сұрайды.

– Менің жұмысым сенде емес, қызда. Бар, қызға айт! – дейді. Келіншек күліп, қызға барып:

– Бикеш-ау, күйеу таңдаймын деп, сен де жұртты басындырып болдың-ау! Адам көргісіз бір жаман кісі сенде жұмысым бар, – дейді. Сенен ол да дәме етіп келген, білем! – деп қалжыңдайды. Қыз жымысып күліп:

– Ол түрге жаман болғанымен, қандай кісі екенін қайдан білесің? Мынаны алып барып бер, – деп жеңгесіне гауһар, пышақ, төрелке және қайрақ тас беріп жібереді. Жеңгесі ол заттарды апарып берген соң, Жаман қолына алып қарап тұрады да:

– Бар, мұның құралын әкел, – дейді.

– Ойбай! Әлгі жаманың: «Мұның құралын әкел» дейді, – деп, жеңгесі қызға қайтып барады. Қыз:

– Жарайды, – деп жеңгесіне балға мен төс береді. Жаман балға мен төсті алған соң, қайрақты төске қойып, балғамен ортасынан бөледі, төрелкені уатады, пышақты жетесінен сындырады, гауһар тасты қақ жарады.

– Мә, бикешке алып бар! – деп келіншектің қолына береді. Сынған заттарды көрген соң, қыз ұшып тұра келіп:

– Сол адам шайтан болмай, адам болса, менің тап баратын кісім. Шақыр мұнда! – дейді. Жеңгесі не дерін білмей, Жаманды шақырып келеді. Қыз оны құрметтеп қарсы алады...

Бұрын да талай бай балалары, хан балалары келеді екен. Бөріне де қыз манағы заттарды береді екен. Бөрі де: «Менің үйімде пышағым жоқ па, болмаса қазынамда гауһар тасым жоқ па, әлде қайрақ таба алмай жүрмін бе?» – деп ашуланып қайтып кетеді екен. Тап сол күні қыздың ағалары ақылдасып: «Бұл қалай болды? Осы қыз отыз беске келді. Күйеу таңдап, әлі біреуге тиген



жоқ. Сірә, оның басқа бір сүйгені бар шығар? Ондай адамы болса, ұстап алайық», – деп, қарауыл қойыпты. Таң атқан соң Жаман қыздың үйінен шығып бара жатса, қарауылшылар оны ұстап, байдың балаларының қолына апарып береді. Бай балалары Жаманды дірдектетіп ханға апарып:

– Мына уәзірді ұстап алдық. Бізді келмей жатып басынды! – дейді. Хан Жаманды оңаша алып, сұрайды.

– Қыздың үйіне бардың ба?

– Жоқ!

– Мыналар ұстап алдық дейді ғой?

– Олар өтірік айтып, бөле жауып жүр, мені даладан ұстап алды.

– Мен сенің ақылыңды сыйлап, астымдағы тағымды да беріп едім. Тақты өзің алмаған соң, ең жақын уәзірім қылып едім. Уәлі маған олардан қымбат емес. Шыныңды айт. Қызды алып берем десе де, Жаман тіпті шынын айтар болмады. Хан ашуланып, жендеттерге Жаманды дарға асуға әмір қылды. Жендеттер хан бұйырған соң, Жаманды дарға апарып, мойнына дұзақ салып, дардың жібін тартып, жоғары көтерді. Жаман иманын айтып, қырылдап, енді демі бітуге айналғанда, көпті жарып, ақ боз атты, ақ киімді, бетіне перде жапқан бір кісі келіп, қылышпен дардың жібін кесіп жібереді де, сұлап жатқан Жаманның көкірегіне қылышын көлденең тастап, жайына кетеді. Жаман біраз қырылдап жатып, есін жиған соң, жендеттер тағы да дарға тартайын деп ыңғайланғанда: «Мені енді ханға апарыңдар», – деп өтінеді. Жендеттер қайтып алып келген соң, хан:

– Бұл кезге дейін неге өлтірмедіңдер? Менің бұйрығымды екі еттіңдер ме?! – деп ақырады. Жендеттер тұрып, оқиғаны айтып беріп, ас десе, әлде де дарға асуға әзір екенін білдіреді. Енді хан Жаманға:

– Маған барам деп неге айттың? Әлде манағы айтпаған шыныңды айтайын деп келдің бе? – дейді.

– Е, тақсыр, шынымды айтайын деп келдім.

– Онда Уәлі байдың қызының үйіне барғаның рас па еді?

– Рас еді.

– Алам деп уәде беріп пе едің?

– Беріп едім.

– Ендеше, мана неге айтпадың?

– Тақсыр! Мана айтпаған себебім мынау еді. Мен барып, Уәлі байдың қызына сырттан хабарласқанда, ол маған бір төрелке, бір қайрақ, бір пышақ, бір гауһар тас беріп жіберді. Ол оның: «Қайрақтай болып езілгенше, төрелкедей болып уатылғанша, пышақтай болып,

басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі мына гауһар тастай жарып мені алады», – дегені еді. Сондықтан пышақты жетесінен сындырып, қайрақты ортасынан бөліп, төрелкені уатып, гауһар тасты қақ жарып, уәде беріп едім. Сол себепті мана шынымды айтпап едім. Қыздың өзі мені аяп, ақ боз атқа мініп, бетіне перде жауып келді де, дардың жібін қиып, көкірегіме көлденең қылыш тастап кетті. Онысы: «Мен үшін кінәсіз өлме, ерлігіңді көрдім. Қылыш үстінде серт жүрмейді деуші еді, антыңды қайтып ал», – дегені еді. Өзі рұқсат берген соң, шынымды айтып отырмын, – деп Жаман сөзін аяқтады.

Хан Жаманның сөзінің шындығына көзі жетіп, ел жинап, отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, қызды Жаманға алып береді. Жаман тапқырлығымен ханға жағып, екеуі дос болыпты.

Қырық уәзірдің іштарлығы

Бір күні қырық уәзір кеңесіп отырып:

– Бұл Жаман біздің жаман кісі іздегенде, ат артына мінгестіріп алып келген жаманымыз еді. Бұл күндерде хан оны өзіне жақсы дос қылды, қыз әперді, бізді есепке алмай тастады. Қой, бүйтіп болмас! Біз бұл екеуін араздастырайық. Жаманның әйелін мақтайық, үйіне қонаққа апарып көрсетелік. Сөйтіп, екеуінің арасына от жағалық, – деседі. Уәделері бойынша Жаманның әйелін ханға мақтайды.

– Тақсыр, шынында, ол әйел сізге лайық! – деп ханды азғырады.

Хан Жаманның үйіне барып, өз көзімен әйелді, оның тәрбиесін көрген соң: «Шынында, маған лайық әйел екен», – деп ойлап, үйге қайтып келіп, қырық уәзірмен кеңеседі.

– Ойда жоқта ойға салған сендер едіңдер. Енді әйелді алуға маған қандай айла тауып бересіңдер? – дейді. Уәзірлер кеңесіп:

– Жақсы, тақсыр! Жаманды шақыр! Біз оны «Барсакелмеске» жұмсайық. Сонда ол өлер, ол өлген соң жесір әйелді сіз оңай аласыз! – дейді. Жаманды шақыруға хан бір жігіт жібереді. Жіберген жігіті барып, үйден сығалап қараса, төрде төсек үстінде Жаман жатыр. Әйелі төрдегі шар айнаға қарап, өз көркіне өзі таңғалып отыр екен...

Есіктен кіріп келе жатқан жігіт оның жүзін көріп, есінен танып, құлап қалыпты. Сол жерде бетіне су бүркіп, жігітті тұрғызып алып, жұмысын сұрайды. Жігіт келген жұмысын айтып қайтады, келген соң, хан:

– Сен кеткелі көп уақыт болды, сен мұнда жұртты иіріп отырғызып қойып, қайда кеттің? – дейді. Жігіт басынан өткізген оқиғасын айтқан соң, әуелде әйелге ғашық хан онан сайын ынтық болады.

Жігіт кеткен соң Жаман:

– Ханға барайын ба? – деп әйелімен ақылдасады. Әйелі:

– Бар, сені «Барсақелмеске» жұмсарын көптен-ақ сезгенмін.

Риза бол, бірақ жолға жұлқынған жүйрік, жылжыған жорға мінбе, жылқыдағы ең семізді мін. Қырық уәзір сені үш күншілік жерге шығарып салар. Олардың қарасы үзілген соң, сен де қайт. Орман ішіне апарып, атыңды сой да, етін алып кел, соны қорек қылып, жата береміз, – дейді. Жаман ханға келген соң, хан сөз бастайды:

– Мен сені бір ұзақ сапарға жұмсаймын, жұмсағанда, сенің ерлігіңнен үміт етпеймін, ақылыңнан үміт етемін. Барсаң, айтамын, – дейді.

– Жақсы, барайын, – деп, Жаман ризалығын көрсетеді.

– «Барсақелмес» дейтін жерде «інжулі қой» дейтін қой бар, – деп айтады. Бір түгі – алтын, бір түгі күміс, сойса, терісі бір адамға тон дейді. Соның терісін үстіме кигім келеді. «Інжулі үйрек» деген үйрек бар, қанаты – күміс, басқа жері – алтын» дейді. Соны тәж қылып кигім келеді. «Дәудің інжулі қара арғымағы бар, бір шапқанда жүз шақырым шабады» дейді. Соны мінгім келеді. Міне, осы жұмыстарға барасың, – деп, Жаманды хан кілең өтірікке жұмсайды. Жаман ханның жылқысынан бір семіз атты таңдап мініп, жолға шығады. Қырық уәзір үш күншілік жерге шығарып салып қайтады. Уәзірлердің артынша Жаман да кейін қайтып, Қаратоғай дейтін орманға апарып, атын сойып, үйінен көлік әкеліп, етті тасып, тұздап алады. Төсегінің астынан адам бойы жер қазып, күндіз сонда, түнде әйелінің қасында жата береді. Ай өтеді, жыл өтеді. Бір күні Жаманның үйіне, жеңгесіне көңіл айтуға хан келеді. Қонақасы жеп болған соң, хан сөз бастап:

– Адамның, шөптің, құстың жаманын әкел дегенде, уәзірлерімнің алып келген Жаманы еді. Жаман болса да, ақылына риза болып, тағымды да беріп едім. Ақылының арқасында, сені де алып еді. Сол ақылынан үміт етіп, бір жұмысқа жұмсай қойып едім, келер уақыты өтіп кетті. Құдайдың әмірі болды ма, деймін... Сені қор қылып, жалғыз тастамаспын, «Аға өлсе, жеңге мұра» деген, қолыма алып бағармын, – деп үгіт айтады. Әйел отырып:

– Е, Құдайдың әмірі болса, не шара? Ол келгенше, сенің қолыңда бір қадірлі тас бар еді, соның тілімен сен оны жарып едің, жарылған соң, ол тас пайдаға аспады ғой. Сол секілді әр заттың пайдалы уақыты бар еді. Кешегі қыз күнімде болса, бірсәрі, енді мен сол жарылған тас сияқтымын. Саған қызмет етіп жаға алмаспын, әуре болма, – дейді. Хан әйелден жеңіліп, үйіне қайтады. Хан шығып кеткен соң, әйелі күйеуін шақырып алып:

– Бар, енді ханның жауабын өзің бер, – деп қоя береді. Хан да барып тағына отырады, Жаман да сәлем беріп, кіріп барады. Хан сасып қалып:

– Уа, қашан келіп қалдың? Ал енді әңгімеңді айта бер! – дейді.

Жаман тұрып:

– Әңгіме ұзақ емес. Уәзірлер шығарып салған соң, бір аш арыстан соңымнан қалмады. Мен: «Барсакелмеске» барып жауды мұқатқанша, мына жауды мұқатайын!» – деп, қылышымды суырып алып, қуып кеттім. Өз аулыма апарып қамап едім, онан шығып кетті. Осы сіздің ордаға кірді ме деп отырмын, – дейді. Хан не дерін білмейді, бір қызарады, бір бозарады, жерге кіріп кеткендей болады, ақырында:

– Мен айыптымын, менде бір қате болды, шайтанның азғырғанына ердім, оған себеп мына уәзірлер. Бұлар енді иә саған, иә маған бір қатер қылар, сен енді іргенді көтер, бөтен елге көш, – дейді. Жаман риза болып, көшетін болады. Хан бірнеше түйеге жасау, асыл зат арттырып, Жаманды Ақша ханның еліне көшіріп салады. Жаман Ақша ханның елінде бір қадірлі адам болып тұра береді.

Бағалы дерек

Барсакелмес қорығында өте сирек кездесетін флора мен фауна бар. Өсімдіктің 256-дан астам түрі және түрлі жан-жануар мен қосмекенділер өмір сүреді. Теңіздің құрғауына байланысты сирек кездесетін балықтар жойылып кеткен.

Барсакелмеске ғылыми тұрғыда зерттеу XIX ғасырдың ортасында басталды. Алғаш 1831 жылы орыс ғалымы Р.Левшин Арал теңізінде осындай аралдың бар екенін анықтап, картаға сызбасын түсіреді. Патша үкіметі 1848 жылы Арал теңізінің аумағын зерттеуге бірінші экспедиция шығарып, оған басшы етіп әскери теңізші А.Бутаковты тағайындайды. Ор бекінісінен шыққан керуен бір айдан аса мерзімде Арал теңізінің жағасына жетеді. Жаз ортасында теңізге бет қойған саяхатшылар әуелі Көкаралға аялдап, содан соң оның арғы жағындағы Барсакелмеске жүзіп барады. Осыдан кейін бұл жерге зерттеуші Л.Бергтің табаны тиеді.



Айдынды арал зерттеушілерді өзінің керемет табиғатымен таңғалдырады. Оның табанын түгел жасыл желек жапқан. Көлдің басым көпшілігі тұщы сулы. Мұндағы өсімдіктің көбі басқа жерде мүлдем кездеспейді. Экспедиция жетекшісі аралда өсімдіктің 200 түрі бар екенін жазады. Жылан мен кесіртке, шаян мен бүйілер өріп жүрген. Сексеуілді паналаған жайран мен ақбөкендер тіпті адамнан үрікпейтін болған. Сол кездері бұл жер, шынында, таңғажайып қойнау болғанға ұқсайды.

Географиялық энциклопедиядан

Сөздің көркі – мақал

Көп жасаған білмейді,
Көпті көрген біледі.

Ақылды жетер мұратқа,
Ақылсыз қалар ұятқа.

Ақыл – ердің қорғаны.

Жаманның даналығы

Күндердің күнінде хан Жаманның сөзі көкейінен кетпей, шалқасынан шаңыраққа қарап, ойланып жатыр еді, қырық уәзір кіріп келеді. Хан басын көтеріп алып:

– Жау шапты, ел бүлінді, апат соқты. Осыны ойлап табыңдар! Болмаса, жаза-лаймын, – дейді. Уәзірлер ақылдасып, өздері таба алмайтын болған соң Жаманды іздеп барып, оған ханның айтқанын айтады. Жаман қырық уәзірді құрмет етіп болған соң:

– Жақсы, мен жауабын берейін. Хан мені ойлап, қапаланып жатқан шығар, қай-қайдағы есіне түскен шығар, сендерге де өкпесі болса керек. Сөйтіп жатқанда, хан ордасының күлдіреуішінің бір басы шыққан болар. «Жаман болса, осыған бір нәрсе айтар еді, сынайын», – деп, сендерге айтқан ғой. Барып күлдіреуішінің басын салып берсеңдер, ханның қызметі тамам болады, – деп кеңес береді. Уәзірлер ханға келіп:

– Тақсыр! Мына бір күлдіреуішіңіздің бас жағы шығып кеткен екен, соны салып берейік, – деп рұқсат сұрайды. Хан рұқсат берген соң, күлдіреуішінің басын салып береді. Хан күліп:

– Мұны кім үйретті сендерге? – деп сұрайды. Уәзірлер шынын айтады, хан уәзірлеріне:

– Ол Жаман болса да, қысылғанда айла табатын ақылды, данышпан еді. Әркімнің пайдасына жарайтын еді. Сендер күндеп, ақырында екеумізді айырдыңдар. Егер де ол сендерге ақыл таппаса, сендер өлетін едіңдер. «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген мақал бар, – дейді. Қырық уәзір ханға жағамыз деп, ханның көңілін аулап, күнде ойын-той жасап жатса да, ханның



Сөзмаржан

күлдіреуіш – шаңырақтың ортасындағы айқыш-ұйқыш етіп бекітілген жіңішке ағаштар

көңілі көншімейді. Жаманды сағынады. Бәрі де Жамандай бола алмайды. Бір күні хан ерігіп, уәзірлерімен аңға шығады. Аң іздеп келе жатып, таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға ұшырап, сәлем беріп:

– Уа, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? – деп сұрайды.

– Бір жиырма жыл болған шығар, – дейді шал.

– Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

– Он бес жыл болды.

– Бұл таудың басынан бұлақ аққалы қанша болды?

– Оған да бір он жыл болған шығар. Хан ойланып тұрып тағы да:

– Ата, өзіңіз нешеусіз? – дейді.

– Ой, шырағым-ай, жатқанда екеумін, тұрғанда төртеумін.

– Баба, менің қырық асыранды қазым бар, соны білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп, қан шығармай сойып беретін кісі бар ма? – деп сұрайды хан. Сонда шал:

– Адамына тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер, – дейді. Хан шалдың сөзіне қанағат етіп, атының басын бұрып, үйіне қайтады. Хан үйіне келген соң уәзірлеріне:

– Мен не дедім, шал не деді? Соны айырыңдар, оны айыруға бір ай уақыт берем. Айыра алмасаңдар, қырқың да әлесіңдер, – дейді. Уәзірлер сасып, өздері таба алмайтын болған соң, бәрі де баяғы Жаманға барып, ханның айтқанын айтты. Сонда Жаман:

– Бұл оңай жұмыс емес. Бастарың өлімге байланған екен. Жақсы, енді болмас, тағы да бір амал табайын. Сендер бір ат қалдырып, басқа аттарыңды сойыңдар, киімдеріңді өртеп, сонымен бір аттың етін пісіріңдер, мен мына қалған атқа мініп, сендерді ханға жалаңаш айдап барам. Егер де сендер арланып, қастық етпейтін болсаңдар, мен сендерді хан алдында құтқарып алам, – дейді. Уәзірлер бір ауыздан:

– Ойбай, тақсыр, арланбаймыз! Жанымыз қалса болады, ханымыз бізге мықты өкпелеп жүр, – деп риза болып, сол жерде отыз тоғыз атты сойып, бір атты қалдырып, сойған аттардың біреуінің етін өздерінің киімін жағып пісіріп, етін жеп алады. Етті жеп болған соң, соймай қалдырған ала шолақ атқа Жаман мінеді, қолына құрық алып, жалаң аяқ, жалаң бас уәзірлерді ханға айдап жөнеледі. Жаман келе жатыр дегенді естіп, хан қырық жігіт ертіп, жібек кілем, жібек шатыр алып, түстік жерден алдынан шығып, Жаманды жер бастырмай құрметтеп, жібек кілемге түсіріп алады.

Хан уәзірлерді ұмытып кетеді. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап жата береді. Бір күні уәзірлердің арасында: «Бұл хан өз қызығы өзінде жата берді. Түнеугі сөзін ұмытып кетті, білем», – деген күңкіл шығады. Жаман оны естіп, уәзірлерді шақыртып алып, жиылған халық алдында:

– Ол шал жұрттан асқан дана еді. Хан оның даналығын сезіп, «Қырық уәзірімді жөнге салып, ақыл айтпас па екен?» – деп сәлем беріп, тілдесіп еді. Ханның: «Бұл таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені: «Сенің шашыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды», – деді. Ханның: «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені: «Сақалыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да он бес жыл болды», – деді. Ханның: «Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?» дегені: «Көзіңнен жас аққалы неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да бір он жыл болды», – деді. Ханның: «Ата, өзің нешеуің?» дегені: «Үйіңде неше жаның бар?» дегені еді. Шалдың: «Жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз» дегені: «Менің бұрынғы әйелім өліп еді, қазіргі әйелімнің күйеуі өлген. Түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз қойда жүргенде мен өлген әйелімді сағынам, әйелім үйде отырып, өзінің өлген ерін ойлайды», – дегені еді. Ханның «Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» дегені: «Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай-соқпай жөнге салып беретін кісі бар ма?» дегені еді. Шалдың: «Адамына тап болсаң, айтқаныңнан асырар» дегені, оның шешуін маған жолдағаны еді. Сендер мені іздеп барған соң, үстеріндегі киімдеріңді алып отқа жаққаным, білдірмей жұлғаным, аттарыңды сойғаным – күйдірмей пісіргенім; сендерді алдыма салып жалаңаш, жаяу айдап ханға әкелгенім – қан шығармай сойғаным еді. Ал енді осымен ханның жұмысы біткен шығар? – деп Жаман сөзін аяқтады. Хан:

– Уәзірлерімнің күнәсін кешірдім. Неше рет екеуміздің арамызға от салып, қоныс аударып, көшіп кетуге себеп болып еді. Сонысына ызаланып: «Өздері әбден жеңілсін, кінәларын мойнына алсын!» – деп едім. Менің тілегім орындалды. Ал, халық, мен де біраз хан болып, қызық көрдім. Ендігі хандығымды мынау досыма берем. Сіз де енді тартынбаңыз, таққа отыруыңызға уақыт жетті, қалған өмірде сізге қызмет етіп, сіздің хан болған қызығыңызды көрейін, – деп Жаманды қолтықтап әкеліп, хан тағына отырғызды.



Сөзмаржан

нашарлар – кедей, тұрмысы нашар адамдар

Елі отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, Жаманды ақ киізге салып, хан көтерді. Жаман Ақша ханның еліндегі үйін көшіріп алады. Жаман таққа мінген соң, ешбір соғыссыз, бес хандықтың қонысын біріктіріп, ел арасында достық орнатыпты дейді. Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп, қосыла беріпті. Сол уақыттан бастап, әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға: «Аяз би» деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалды дейді. Аяз би әділ болды. Тура билік етті, нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының маңдайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, Құмырсқа, жолыңды біл!» – деп көңілін басушы еді дейді.

1

Білу

1. Ертегі туралы не білесіңдер? Ертегілердің қандай түрлері бар?
2. «Аяз би» қандай ертегі түріне жатады?
3. «Аяз би» ертегісі не туралы?

Хан тапсырмасы

1. Мадан хан уәзірлеріне қандай тапсырма берді?
2. Уәзірлер шөп жаманы мен құс жаманы деп нелерді алды?
3. Тау етегінде уәзірлер қандай кісіні жолықтырды?
4. Жол-жөнекей Жаман уәзірлерге не істетті?
5. Хан Жаманды қайда жіберді?
6. Хан уәзірлерінің таңдауын қалай қабылдайды?
7. Жаман ханның сұрақтарына қалай жауап берді?
8. Қойшы өзінің «адам жаманына» жататынын қалай дәлелдейді?

Хан сынағы

1. Хан Жаманды қалай сынайды?
2. Жаман ханның гауһар тасы туралы не айтты?
3. Хан туралы Жаманның пікірі қандай?
4. Хан өзінің шығу тегі туралы шындықты қалай білді?

Жаманның үйленуі

1. Жаман қаладағы бір үйдің алдындағы жиын туралы не білді?
2. Жаман бағын қалай сынады?
3. Хан сұрағына Жаман қалай жауап береді?

4. Дарға асқалы жатқанда қандай оқиға болады?
5. Қыздың жұмбағы мен Жаманның әрекеті нені білдіреді?
6. Қылышты көлденең қойғаны не дегені?
7. Осы оқиғадан соң хан қандай шешім қабылдайды?

Қырық уәзірдің іштарлығы

1. Қырық уәзір хан мен Жаман арасына қалай от жақпақ болады?
2. Хан Жаманды қайда жұмсайды?
3. Жаманның әйелі ханға не деп жауап береді?
4. Жаман мен хан арасында қандай әңгіме болды?
5. Хан қандай шешім қабылдайды?

Жаманның даналығы

1. Хан уәзірлеріне қандай жұмбақ жасырды?
2. Хан ақсақал қариямен не туралы сөйлесті?
3. Хан жұмбақты шешуді кімге тапсырды?
4. Жаман қырық уәзірді қалай жазалайды?
5. Жаман қария жұмбағын қалай шешті?
6. Мадан хан қандай шешім қабылдайды?
7. Жаманда ханға тән қасиеттер болды ма? Елі оған қандай ат берді?

2

Түсіну

1. Неге уәзірлер құс жаманы деп қырғауылды, шөп жаманы деп шеңгелді алды?
2. Жаман неліктен сауысқан мен қоғаны таңдайды?
3. Қойшы неліктен өзін адамның жаманымын дейді?
4. Неге Жаман ханның тұлпарын, гауһар тасын, өзін сынағанда қателеспеді?
5. Ханның шешесі неліктен шындықты айтып берді?
6. Жаманның Меңді қызға бару себебі неде?
7. Жаман не себепті өлім алдында шынын айтпады?
8. Қырық уәзір хан мен Жаманның арасына неліктен от жақты?
9. Неліктен хан Жаманды Ақша ханның еліне көшірді?
10. Не себепті хан қырық уәзіріне өртүрлі шешуі қиын жұмбақтар береді?


3

Талдау

1. Аяз би мен қырық уәзірді, хан мен Жаманды Венн диаграммасы бойынша салыстырыңдар.
2. Жаман мен қыз арасындағы диалогті талдаңдар.

1. «Аяз би» ертегісінің негізгі идеясы қандай?
2. Хан мен халық Аяз бидің қандай қасиеттерін бағалайды? Жауаптарыңды топтастырыңдар.

1. Әділдік, турашылдық туралы мақал-мәтелдер жазып келіндер, жаттап алыңдар.
2. Сауысқан мен қырғауылдың, қарақоға мен шеңгелдің қасиеттері туралы оқулықта берілген қосымша деректі пайдаланып, өздерің де ізденіп, топ ішінде талдаңдар.
3. Топтарға бөлініп, ертегі мазмұны бойынша «Аяз би» ертегісінің» ағашын құрып, топтық таныстырылым жасаңдар.



4. Ертегідегі көркем ауыстыруларды анықтаңдар:

метафора	кейптеу	метонимия	гипербола	литота	аллегория	антитеза	градация	арнау

5. Ертегінің өздерің таңдаған үзіндісіне өзгерістер енгізіп, қайта жазыңдар.

6

Баға беру

1. Жаманның әрекеттеріне баға беріп, кестені жалғастырыңдар.

Жаманның әрекеті	Менің ойым
Құс жаманы деп сауысқанды таңдайды	Сауысқанда бірлік жоқ, адамға еш пайдасы тимейтін құс. Сауысқан өреде (құрт, ірімшік жайып, күнге кептіруге арналған биік орын) жайылып тұрған құрт пен ірімшікті ұрлауға да басқа құстарға қарағанда икемдірек. Сондықтан «сақ құс» атанған болса керек. Ауыл балалары өнімді қорғап, сауысқанды жасқау үшін айырсадақ (рогатка) пайдаланған.
?	?

- Ертегінің соңында Жаманның таққа отырғаны нені білдіреді?
- Аяз би неге өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын төріне іліп қояды?
- Жаманның өз атына лайықты адам емес екенін қалай дәлелдер едіңдер?
- Ертегі мазмұны бойынша қандай тұжырым жасауға болады? Ой бөлісіңдер.

6. «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл» дегенді қалай түсіндірер едіңдер?
7. Бұрын елді хандар биледі, ал қазір елді кімдер басқарады? Басшы адамның бойында қандай қасиеттер болу керек деп ойлайсыңдар?
8. Қазіргі заманғы басшы адамға тән қасиеттер туралы пікірлеріңді білдіріңдер.

Бағалы дерек

«Аяз би» ертегісі 100 томдық «Бабалар сөзі» (2011 ж.) топтамасының «Новеллалық ертегілер» атты 76-шы томын бастап тұр. Мұнда «Атымтай жомарт», «Төрт дәруіш», «Бала патша Алдияр», «Бай мен диуана», «Мұңлық-Зарлық», «Күлше қыз», «Алпысқа келгеннен ақыл сұра», «Балықшы шал», «Басқа пәле тілден» т.б. жалпы саны 71 новеллалық ертегі топтастырылып берілген.

«Бабалар сөзі» топтамасында қазақ ертегілері «Хайуанаттар туралы ертегілер», «Қиял-ғажайып ертегілер», «Батырлық ертегілер», «Новеллалық ертегілер», «Сатиралық ертегілер» деген 73–77 томдар аралығын құрайтын 5 кітаптан тұрады. Алғы сөзін академик С.Қасқабасов жазған.

Артық болмас білгенің

Қазақ халқына Аяз би есімі, ең алдымен, «Аяз би» ертегісі және осы ертегі бойынша афоризмге айналып кеткен «Аяз би, әліңді біл, Құмырсқа, жолыңды біл» деген қанатты сөз арқылы жеткен. Кейбір деректерде Аяз биге Жаманұлы деген тек қосақталып айтылады. «Жаман» оның әкесінің аты емес, ертегідегі қосалқы аты. Аяз би, Жаман – бір адамға тиесілі есім. Аяз би аңыз-ертегі кейіпкері ғана емес, тарихта нақты болған адам деген пікір ұшырасады. Мұндай пікірді ең алдымен фольклортанушы ғалым Балтабай Адамбаевтың «Алтын сандық» атты кітабынан табамыз. Назар аударайық: «Аяз би – тарихи адам. Ол қырық жылдай Хиуа ханының қойын жайған, сауатты, білімді кісі болған. Хиуа хандығының шежіресін жазып жүргенін біліп, хан өзіне уәзір етіп алған. Кейін Аяз би Хиуаға хан болған. Сырдария (Яқсарт) және Амудария (Жайхун) бойлары – қазақ, қарақалпақ халықтарының атамекені. Ежелгі дүние тарихында ол өлке Хорезм хандығы деп аталған. Қырым мен Қытай арасындағы Үлкен Жібек жолының бойында жатқан Хорезм хандығы Шыңғыс ханның шабуылына ұшырағанға дейін сәулетті қалаларымен, жоғары мәдениетімен, әсіресе, гүлжазира бау-бақшасымен әлемге әйгілі екен... 1131–1153 жж. Хорезмде екі рет болған араб саяхатшысы Әбу Хамид әл-Гарнати:

«Уәзірлер мен құрметті кісілерде Аун ән-Диннен асқан беделді, тақуа, қайырымды уәзірді көрмедім», – деді.

Аяз би Хорезм хандығында туып-өскен. Оған Амударияның жағасында орны сақталған Аязқала дәлел. Сірә, Аяз би сол қалада туғандықтан немесе сол қалада хандық құрғандықтан қаланың атына қойылған болса керек. «Аяз би» аңызының өзі де соған мегзейді. Мәселен, аңызда Мадан хан Аяз биді «Барсакелмес» деген жерге жұмсайды. Қазақ жерінде мұндай бір-ақ арал бар. Ол – Арал теңізіндегі Барсакелмес. Ал Амудария жағасынан орны табылған Аязқала Арал теңізінен 200 шақырым жерде жатыр... әл-Гарнати жазып отырған Аун әд-Дин Аяз би емес пе екен деген ой келеді. Ауд әд-Дин 1149 жылдан (53 жастан) Мұстафа мен Мостанжида хандарға уәзірлік еткен аса білімді кісі болған. Қалайда Аяз би – XI–XII ғасырларда Амудария мен Сырдария бойында өмір сүрген, ел басқарған және қазақтың даналық-шешендік өнерін дамытуға үлес қосқан тарихи адам».

Б.Адамбаев. «Алтын сандық»



Диалог құру

«Аяз би» ертегісінің кейіпкерлері туралы диалог құрыңдар.



Кітапсүйерлер үшін

«Бабалар сөзі» топтамасының 73, 74, 75, 76, 77-томдарындағы қазақ ертегілерінің мазмұнымен танысыңдар.



Әдебиет теориясы

Қанатты нақыл сөздер

Қанатты нақыл сөздер – мағынасы терең, мақал-мәтелге ұқсас, айтуға оңай, күрделі мәселелерді дәл бейнелейтін шешендік сөздер.

Нақыл сөздер (афоризмдер) қазақ ауыз әдебиетінде ерте заманнан қалыптасқан. Олар мақал-мәтелдермен қатар жарыса дамып отырды. Қанатты нақыл сөздердің авторы болады, белгілі бір тарихи тұлғалардың атымен байланысты айтылады. Ал мақал-мәтелдердің шығарушысы белгісіз. Нақыл сөздердің мақал-мәтелдерден басты айырмасы – осы.

Қанатты нақыл сөздердің тақырыптары сан алуан. Қанатты сөздер Отан, тіл, ел татулығы мен бірлігі тақырыбын, адамгершілік пен мораль мәселелерін, адам бойындағы әртүрлі қасиеттер мен тәлім-тәрбие, заман келбеті мен уақыт талабы мәселелерін қамтиды.

Мысалы, **тіл, сөз туралы нақыл сөздер:**

Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?

М.Әуезов

Мың батпан жүк көтерген кісі бір ауыз сөккен сөзді көтере алмайды.

Ж.Баласағұни

Сөз – ойдың көрінісі.

Ж.Баласағұни

Бақытыңды қорғасаң – жаман сөзді қолданба.

Ж.Баласағұни

Жақсылық пен жамандық туралы нақыл сөздер:

Жақсының жүрген жері – шашу, жаманның жүрген жері – ашу.

Қ.Мырза Әлі

Адам қаншалықты ақылды әрі жақсылық жасауға ұмтылған сайын, соғұрлым адамдардағы жақсылықты байқағыш келеді.

Паскаль

Адамның бойындағы жақсылыққа баға беру үшін, осы қасиеттің кішкене бөлігі өзінде болуы тиіс.

В.Шекспир

Жақсы адам болу дегеніміз – жамандықтарды жасамау ғана емес, сонымен қатар қаламау.

Эпикур

Жақсылыққа жақсылықпен жауап беру керек, ал жамандыққа әділдікпен жауап берген дұрыс.

Конфуций



Тапсырма

Ұлы тұлғалардың өнер, білім туралы қанатты нақыл сөздерін тауып келіңдер.



Ақыл-парасатымен, ерен күшімен, ел басқару біліктілігімен халық есінде мәңгі қалған Тұран елінің патшасы – тарихи тұлға Алып Ер Тұңға.

«АЛЫП ЕР ТҰҢҒА» ДАСТАНЫ

Естеріңе түсіріңдер:

«Аяз би» ертегісінен қандай ой түйдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Алып Ер Тұңға кім?

«Алып Ер Тұңға» дастанының идеялық мазмұны қандай?

Бағалы дерек

Тұран әскерінің қолбасшысы Ер Тұңғаның өз атына дастанда «алып» деген көне түркі сөзі қосып айтылады. Жалпы түркі тайпалары ұғымында «алып» – ер, батыр, қаһарман деген сөз. Ол – қолбасшы батырларға берілетін атақ. Түркілер өз батырларының атына «алып» сөзін қосып айтқан. Мысалы: Алып Тегін, Алып Арслан, Алып Бұқа сияқты қол бастаған батырлар болған. Қазіргі уақытта Алаш оқымыстыларында «Алаш алыптары» деп атау осы ежелден келе жатқан «алып» сөзінің әсерін танытады.

Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті»

«Алып Ер Тұңға» дастаны – ежелгі түркі тайпаларының шежіресін аңыздар мен тарихи деректер негізінде баяндайтын қаһармандық жыр. Бұл дастанның кейбір үзінділері ғана бізге жеткен. Дастанның басты қаһарманы – Алып Ер Тұңға. Аты аңызға айналған Алып Ер Тұңға – түркі елінің билеушісі, батыры, қаһарманы, оны парсылар Афрасиаб деп атаған. Оның тарихи тұлғасы мен дастандағы әдеби бейнесі жайында Әбу Райхан әл-Бируни, Махмұт Қашқари, Мұхаммед Хайдар Дулати, Хамза Исфакхани, Рашид әд-Дин, т.б. аса құнды пікірлер айтқан. Бұлардың бәрі де жырдың басты қаһарманы – Алып Ер Тұңғаны мемлекет қайраткері және әскери қолбасшы ретінде сөз етеді. Тұран қолбасшысын Фирдоуси өзінің атақты «Шаһнамасында» әр қырынан кеңінен жырлайды. Алып Ер Тұңға – Тұран мен Иран елдері арасында болған шайқастарда талай жеңістерге жеткен батыр.

«Алып Ер Тұңға» дастанының қысқаша мазмұны: түркілердің атамекені Тұранға көрші отырған Иран елінің әскері қайта-қайта шабуыл жасап, тыныштық бермейді. Тұран елінің сұлу қыздарын, асыл бұйымдарын, қоңды малдарын тартып әкетіп жатады. Сол заманда Тұран елінде «арыстандай айбарлы, жолбарыстай жүректі» Ер Тұңға деген жігіт бар

екен. Ер Тұңға елден көп әскер жинап, Иран еліне қарсы шығады. Ақыл-айласымен, білек күшімен жаудан елін қорғайды. Тұран мен Иран әскері Дехистан деген жерде кездеседі. Ақыры Тұран әскері жеңіп, Иран әскері ойсырап жеңіледі. Сол күннен бастап, Ер Тұңғаны «алып» деп атай бастайды. Енді ол халық алдында Алып Ер Тұңға деп аталады да, Тұран патшасының тағына отырады. Дехистанда болған соғыста Тұран әскері Иран патшасын тұтқынға алады. Иран жағы оны тұтқыннан босатып алу үшін тағы да соғыс ашады. Алайда тұрандықтар Иран шахын бір түнде өлтіріп тастайды. Арада көп жылдар өтеді. Иран патшасының тағында талай патшалар ауысады. Алып Ер Тұңға солардың бәрімен де соғысады. Бәрін де жеңіп шығып отырады. Ақыры Иран патшасы Залдың жалғыз ұлы Рүстем қол бастайтын жасқа жетеді. Ол жер қайысқан қалың әскермен Тұран елінен көк қайтаруға аттанады. Алдынан көп әскермен Алып Ер Тұңға шығады.

Алып Ер Тұңға келеді,
Жүз мың әскер ереді,
Жүз мың жебе кереді,
Жер қайысқан қол еді.
Төңір сүйіп жаратқан,
Әлемді өзіне қаратқан,
Қаһарын жауға таратқан,
Көк төңірінің ұлы еді...

Қылыш, найза сарт-сұрт соғысып, болат қалқандардан от ұшқындайды. Садақ оғы жаңбырдай жауады. Адам қаны дария болып ағады. Біресе Иран жағы, біресе Тұран әскері басым түсіп отырады. Екі жақ та әбден әлсіреп, шайқасты уақытша тоқтатуға мәжбүр болады. Күндердің күнінде Иран тағына Кей-Қауыс отырады. Ол «сақ әскерінен жеңіліп қалдыңдар, қоян жүрек қорқақсыңдар» деп, өзінің жалғыз баласы Сияуыш пен Рүстем батырды қатты ренжітеді. Намыстанған Сияуыш әкесіне өкпелеп, Тұран еліне кетіп қалады. Сақ әміршілерінің бірі Пиранның қызына үйленеді. Баласына Кей-Хұсрау деп ат қояды. Иран жағы баланы ұрлап әкетіп, ер жеткен соң Парсы еліне патша етеді. Арада көп жылдар өткен соң Кей-Хұсрау мен Рүстем батыр бірігіп, Тұран еліне қайта шабуыл жасайды. Алып Ер Тұңға Рүстем батырмен талай рет жекпе-жекке шығып, екеуі үнемі тең түсіп отырады. Жаудың келе жатқанын жырда батырдың түс көруі арқылы жеткізеді:



Бағалы дерек

Махмұд Қашқари (1029–1101) – түркі ғалымы, әйгілі «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбектің авторы. Толық аты-жөні – Махмұд ибн әл-Хұсейн ибн Мұхаммед. Ыстықкөл маңындағы Барсхан қаласында әскерилер отбасында дүниеге келген. Қарахан әулетінен. Қашқарда, Бағдатта білім алған. Византия, Түркия, Қытай және басқа елдерді аралаған. Түркі тілімен қатар, араб және парсы тілдерінде де еңбектер жазған. «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасы – энциклопедиялық туынды, 1072–1078 жылдары Бағдатта жазылған.

Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті»

Қалшылдап, айғай сап, оянып кетті,
Құлындаған дауысы қиырға жетті.
Долы дауыл жұрт зәресін ұшырды,
Байрағымды жұлып, жерге түсірді.
Иран қолы қарақұрым қаптаған,
Жерімізді аямай-ақ таптаған.
Әр найзаға бір-бір басты іліпті,
Бір-бір басты қолтықтап та жүріпті.
Жарқ еткізіп алмас қылыш жасқады,
Қақ ортамнан екі бөліп тастады...

Алып Ер Тұңға қайтыс болғанда, артында қалған елі жоқтау шығарған. Сол жоқтау ауыздан-ауызға тарап, одан түркі ғалымы Махмұд Қашқаридің «Түркі сөздерінің жинағы» арқылы біздің дәуірімізге ешбір өзгеріссіз жеткен.

Батырға арналған жоқтау жыры Алып Ер Тұңғаның түріктерді жау табына салдырмаған ержүрек батыры, халқының аяулы перзенті болғанын көрсетеді.



Жоқтау жырындағы Алып Ер Тұңға бейнесі қандай?

Алып Ер Тұңғаны жоқтау



Алып Ер Тұңға өлді ме?
Жаман дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар.

Замана сәтін түзетті,
Ұрысы құрды тұзақты.
Бектер бегін аздырды,
Қалай қашып құтылар?

Заман күні тебіренгер,
Пенденің күшін кемігер.
Әлемдегі ерді сиретер,
Қашса, тағы қуалар.

Әдеті нақ осындай,
Бұдан басқа бар себеп.
Дүниеге қарап оқ атса,
Таулардың басы кертілер.

Шеңгелін ажал салды ма?
Алып Ер Тұңғаны алды ма?
Сұм дүние артта қалды ма?
Қайғылы жүрек жыртылды-ау.

Сұм ажал бүгін жылатты,
Құрығын салып құлатты.
Бектердің бегін сұлатты,
Қыршын да ғұмыр қырқылды-ау.

Өмірдің күні зарлайды,
Адамның күшін ұрлайды,
Ғұмыр да мәңгі тұрмайды,
Құтылмас ешкім ажалдан.

Зергер сөз

Тұран жөнінде сөз қозғау – Қазақстан туралы айтумен бірдей. Бұған дәлелді шумер жазбаларынан, археологиялық қазбалардан, тіпті Фирдоусидің «Шахнамасынан» табуға болады.

«Нағыз тұрандықтар – сіздер – қазақтар екендіктеріңізді ұмытпағандарыңыз жөн. Соны мақтан тұту қажет. Мен қазақ топырағын алғаш аттағанда, Афрасиаб қандай керемет елді басқарған деген сезімде болдым», – дейді.

Иран ғалымы Ф.Джунайди

Төңірім торын құрғанда,
Тұтылмай адам тұрған ба?
Кертілер алып шыңдар да,
Тағдырдың оғы қадалған.

Ажалмен төңірім сынаған,
Тұра алар қарсы кім оған?
Құздар да одан құлаған,
Құтылып ешкім кетпедің.

Аш арландай аларып,
Қадалғаннан қан алып,
Нұрлы жүздер қабарып,
Тұр қайғыға қамалып
Жауға шабар бектерім.

Ерлікті қаза сынады,
Бектерім жасын бұлады,
Бөрідей ұлып жылады,
Жоқтады жыртып жағасын.

Көңілімді қайғы жандырды,
Жазылмас жара қалдырды,
Кешегі күнге зар қылды,
Кеткенді қайдан табасың?

Жалғанның туып заманы,
Жауыздар қаптап барады,
Ашылды сұмның араны,
Сиреді қайран бектерім.

Біліктілер қалмады,
Заман оны жалмады,
Сүрінді бектің тарланы,
Салды жанға жараны.

Ажал жұтып ағаны,
Жауыз жайлап барады,
Жақсының өшіп жанары,
Дүние азып барады.



Сөзмаржан

кертілер – бұл жерде бұзылар, жойылар, кесілер деген мағынада
қабарып – өңі өзгеру, қызару
бек – рубасы, ел билеушісі
шеңгел салды – мұнда ажал қармағына түсірді деген мағынада
араны ашылды – ашкөзденді

Артық болмас білгенің

Жоқтау – қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптық салты, тұрмыс-салт жырларының бір түрі. Жоқтау жырлары ежелгі түркі халықтарына ортақ басқа әдеби мұраларда да кездесіп отырады. Соның бірі – оғыз-қыпшақ дәуірінің (VIII–IX ғасырлар) ескерткіші «Қорқыт ата кітабындағы» Дерсеханның жалғыз ұлы Бұқашты анасының жоқтау жыры. Осындай жоқтаулар ауыз әдебиетіндегі «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты қаһармандық эпостарда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты ғашықтық жырларда да ұшырасады.

Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша, жоқтауды марқұм болған адамның артында қалған әйелі, қызы, қарындасы, келіні, басқа да туыстарының әйелдері айтады. Ел ішіне кең тараған жоқтау жырларының

айтар ой сарыны, ұйқасы, образды сөз кестесі жағынан бір-біріне ұқсас болып келеді. Қазақ халқының әдет-ғұрпында адам қайтыс болған күннен бастап, оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айтылады. Жаз күндері қаралы ауыл көшіп-қонғанда, үй жығып жатқанда дауыс салып жоқтау айтылады. Таң сәріден тұрып, жүк артып болып, көш жолға шығар алдында да жоқтау айтылған. Мұның бәрі – қайтыс болған адамның соңғы күндері өткен, соңғы рет жүріп-тұрған жерін, қоныстанған жұртын қимай, сол атамекені мен қайтқан адамның арасындағы үзілген байланыстың қайғысын жария етуді білдіреді. Баратын жеріне жеткенше қаралы көш жоқтау айтуды жалғастырып, сол мұңды, зарлы қалыптарымен келесі қонысқа жеткенше ешқайда бұрылмай жүре беретін. Жолда кездескен ауыл қаралы көштің қонақасын көтеріп алатын болған.

Жоқтау жырларын зерттеу ХІХ ғасырдан басталады. Ш.Уәлиханов оған алғаш ғылыми баға беріп, бірнеше үлгісін жазып алған. Ахмет Байтұрсынұлы жоқтауды ауыз әдебиетінің бағалы үлгісі ретінде жинап, 1926 жылы «23 жоқтау» деп аталатын кітап шығарған. Жоқтауды А.Байтұрсынұлынан кейін жүйелі түрде жинап, зерттеген тілші-ғалым Т.Арынов болды. Ол қазақтың жоқтау жырларын мұқият жинастырып, «Боздағым» деген атпен кітап етіп, бастырып шығарды.

«Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары» кітабынан

1

Білу

1. «Алып Ер Тұңға» дастаны туралы не білдіңдер?
2. «Алып Ер Тұңға» дастаны қандай жырға жатады?
3. Дастанның басты кейіпкері кім?
4. Жырда қай кезеңдегі оқиғалар сөз болады?
5. Жоқтау жырлары туралы не білесіңдер?

2

Түсіну

1. Неліктен Алып Ер Тұңғаның қазасы халықтың қабырғасына қатты батты?
2. Батырдың елі үшін туған ер екенін қай жолдардан көруге болады?
3. Жырда халық заманы туралы не айтылған?
4. Жоқтау жырының басты идеясы не?

3

Талдау

1. Тақырып бойынша берілген кестені пайдалана отырып, талдау жасаңдар.

Болжам	Жаңа ақпарат
Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым?

- Туған жерді қорғау идеясы берілген жолдарды анықтаңдар. Өз сөздеріңмен түсіндіріп көріңдер.

4

Жинақтау

Алып Ер Тұңға образына байланысты түсінікті топтастырыңдар.



5

Қолдану

- «Алып Ер Тұңға» дастаны туралы мәтінді мұқият оқып шығыңдар. Орталарыңнан жүргізуші сайлаңдар. Әрқайсысың мәтінге сұрақ құрастырып, жүргізушіге беріңдер. Барлығың сұрақ құрастырып болған соң, жүргізушіден кез келген сұрақты алып, жауабын ойластырыңдар. Өз жауаптарыңды талдап, берілген мәтін тәртібі бойынша құрастырыңдар. Өздерің құрастырған мәтінді әңгімелеп беріңдер, оқу мәтінімен салыстырыңдар.
- Синквейн әдісін қолданып, «Жоқтау», «Алып Ер Тұңға» сөздеріне қатысты бестармақ құрастырыңдар:
 - Бірінші жол – тақырыптың атауы (зат есім).
 - Екінші жол – тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).
 - Үшінші жол – тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).
 - Төртінші жол – тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.
 - Бесінші жол – тақырыптың мәнін ашатын бір синоним сөз.
- Жырдан ауыспалы мағыналы сөздер мен тұрақты тіркестерді, көркем ауыстыруларды теріп жазыңдар.
- Жыр мазмұнын ашатын мақал-мәтелдер табыңдар, мағынасын түсіндіріңдер.

5. Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып, Алып Ер Тұңға бейнесін сипаттап жазыңдар.

6

Баға беру

1. Адам өмірінің өлшеулілігі, мәнді де мағыналы өмір сүру туралы ойларың қандай?
2. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген нақылдың жырға қаншалықты қатысы бар? Пікірлеріңді ортаға салыңдар.



Диалог құру

Алып Ер Тұңға образы туралы сұхбат құрыңдар.



Кітапсүйерлер үшін

Н.Келімбетовтің «Қазақ әдебиетінің бастаулары» кітабынан, А.Аманжоловтың «Түркі халықтарының тарихы» еңбегінен Алып Ер Тұңға туралы оқи аласыңдар.



Әдебиет теориясы

Антитеза

Антитеза (шендестіру) – бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау, аңғару, елестету. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл әдіске ең алғаш А.Байтұрсынұлы назар аударған. «Жайдағы қайғыдан қуаныш үстінде көрген қайғы жанға көбірек батады. Жарлылық қиындығы жасынан жарлы болғаннан гөрі, байдан жарлы болғанға көбірек сезіледі. Көріксіз бетіндегі дақтан, көріктің бетіндегі дақ көзге көбірек түседі. Тәттінің артынан ащылық, дәмдінің артынан дәмсіздік артығырақ білінеді. Сөз шығарушылар көп қолданады», – дейді ол. Шендестіру антоним сөздерді бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы жасалады.

З.Қабдолов. «Сөз өнері»



Тапсырма

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен антитезаға мысалдар тауып келіңдер.



Ежелгі дәуір әдебиеті – түркі тектес халықтардың барлығына ортақ мұра. «Ежелгі әдебиет» (VII–XIV ғғ.) деп аталатын жеті ғасырды қамтыған әдебиетіміздің алғашқылары – түркі ру-тайпаларына ортақ Орхон ескерткіштері (VII ғ.), «Қорқыт ата кітабы» (VIII ғ.) және «Оғыз-нама» (IX ғ.). Ежелгі дәуір әдебиетін М.Хорезми, әл-Фараби, әл-Бируни, М.Қашқари, Қ.Ясауи, С.Бақырғани, Ж.Баласағұни тәрізді түркі халықтарына ортақ ойшылдар, ғалымдар, ақындар жалғастырады (X–XII ғғ.). Аталған ғұламалар түркі халықтарынан шыққанымен, кезінде араб әдебиетін, араб ғылымын, сонымен бірге дүниежүзі ғылымын дамытуға үлкен үлес қосқан.

Ислам дәуірі кезіндегі әдеби мұралармен танысайық!

ИСЛАМ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ (X–XII ғғ.)

X–XII ғасырдағы әдебиет – Ислам дәуіріндегі немесе қараханидтер дәуірі әдебиеті. Бұл ғасыр Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ана тілі мен әдебиетінің өсіп-өркендеуіндегі жаңа басқыш болды. Бұл кезеңде араб халифатының билігі жойылып, ел басқару ісін жергілікті феодалдар мен ақсүйектер өз қолдарына алған еді. Енді араб тілі бұрынғыдай міндетті мемлекеттік тіл болудан қалды. X–XII ғасырларда түркі әдеби тілі жан-жақты дамып, жетіле түсті. Қарахандықтар тұсындағы әдебиет үлгілеріне Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» («Құт әкелетін білім») еңбегі, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») кітабындағы аңыздар мен әпсаналар, әдеби-поэтикалық үзінділер жатады. Бұл шығармалардың барлығын түркі халықтарының ортақ рухани байлығы деп бағалаймыз.

IX–XIII ғасырларда Ренессанс дәуірі қарқынды дамып, Тұран жерінде ерекше



Сөзмаржан

феодал – феодализм дәуірінде басыбайлы шаруалардың еңбегін қанаушы ірі жер иесі

ақсүйек – текті, бекзат, бек, асыл кісілер

халифат – халифа әулеттері билеген, солардың қол астында болған ел, патшалық

құбылысқа айналды. *Ренессанс дегеніміз – мәдениеттің жаңарып, жаңғырып отыруы.* Ондай дәуірлер ренессанстық тұлғаларды дүниеге әкеледі. Солардың қатарында әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби, медицинаның негізін қалаушы ибн Сина, ең алғаш түркі тілінде шығарма жазған Жүсіп Баласағұни, Орталық Азиядағы тұңғыш түркі сөздігінің авторы Махмұд Қашқари және т.б. бар.

Ренессанс дәуірінде қалалар жедел қарқынмен өсіп, экономикалық және мәдени алға басушылық болды. Әдебиет пен мәдениет ерекше дәрежеде өркендеді. Түркі тілінде көркемдік деңгейі жоғары шығармалар жарық көре бастады.

Өзіз кітап – бұл ұлылық негізі,
Біліктіге болғай білім теңізі!
Құт-білікпен безенген бұл жамағат,
Шүкір қылып алда тіле қанағат.
Күллі дана сөзі түгел сүзілген,
Інжу-маржан тізбегіндей түзілген!
...Тыңдағанға – ұғынықты, қадірлі,
Жазбасы – ауыр, надандарға кәдімгі.
Кітап сөзі қолдан демеп, көзді ашар,
Екі дүние ісін бірдей оңдасар.
...Шығыс елі, күллі түркі ішінде,
Дүниеде – кітап жоқ бұл пішінде.

Жүсіп Баласағұни



Әбу Насыр әл-Фараби – Аристотельден кейінгі дүниежүзілік мәдениет пен білімнің екінші ұстазы атанған данышпан, философ, энциклопедист-ғалым, әдебиетші, өз дәуірінің көрнекті ақыны, ислам дәуірі әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан ғұлама.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ



ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ
(870–950)

Естеріңізге түсіріңдер:

Ислам дәуіріндегі әдебиет туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Әл-Фарабидің ғылымға қосқан үлесі қандай?

Өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы қандай?

Әл-Фараби Арыс өзенінің Сырдарияға құятын сағасындағы ежелгі Отырар қаласында туған. Отырар бір жағы көшпелі малшаруашылығын кәсіп еткен, екінші жағы отырықшы-егіншілікпен айналысатын түрлі түркі ру-тайпаларын өзара байланыстырып тұрған буын іспеттес қала болған. Бұл шаһарды арабтар «Фараб» деп атаған, сол бойынша ұлы ұстаз әл-Фараби атанған. Әл-Фарабидің толық аты-жөні – Мұхаммед ибн Уздағ ибн Тархан әл-Фараби.

Жастайынан асқан зерек, ғылым-өнерге мейлінше құштар болып өскен әл-Фараби алғашқы білімді туған жері Отырарда қыпшақ тілінде алады. Кейіннен өз заманының аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары – Бағдад, Қорасан, Шам (Дамаск), Каир шаһарларында оқып, еңбек етті. Шығыстың бұл қалаларында өз дәуірінің ең көрнекті



Сөзмаржан

трактат – шағын ғылыми еңбек

Бағалы дерек

Әл-Фараби Аристотельдің «Физикасын» қырық рет, «Риторикасын» екі жүз рет, «Жан туралы» кітабын жүз рет оқыған екен. Неткен таңғаларлық еңбек!

Г.Гегель

Зергер сөз

«Екінші Ұстаз атанған әл-Фараби ұшқыр ойлы болған... Ол – үлкен мұсылман ойшылы және музыка өнеріндегі ең көрнекті теоретик. Әл-Фараби бала кезінен-ақ музыкалық аспапта ойнап, өлең айта білген деседі».

*Әбу Насыр әл-Фараби.
«Музыканың ұлы кітабы»
(кіріспеден)*

Бағалы дерек

Санскрит тілі – үнді-еуропалық тілдер сөздігін қамтитын тіл. «Санскрит» сөзі «өңделген, жетілдірілген» деген мағынаны білдіреді. Көне үнді диалектілерінің негізінде қалыптасып, б.з.б. бір мыңыншы жылдардан бері қарай Солтүстік Үнді жерінде тараған. Қазір бұл тілде сөйлейтін адамдар саны аз. Үнді тарихын зерттеуші ғалымдар оны үйреніп, санскрит тіліндегі мәтіндерді аударып, түсіну үшін кемінде 12 жыл керек екендігін айтады.

Әлемдегі ең қиын тілдер

ғалымдарымен, көркемсөз зергерлерімен танысады, олардан тәлім-тәрбие алады.

Әл-Фараби түркі тілімен қатар араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік білген. Ғылыми шығармаларын, өлең-жырларын өз дәуірінің рухани-ғылыми тілі саналған араб тілінде жазды. Ғұлама-ғалым ретінде әл-Фараби атсалыспаған, зерттеу жүргізбеген ғылым саласы жоқ деуге болады. Ол философия, логика, математика, астрономия, медицина, музыка, тіл білімі, әдебиет теориясы және тағы басқа ғылым салалары бойынша көп ғылыми еңбек жазды. Алайда оның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып кете берген. Сондықтан да ғалымның еңбектерінің саны жөнінде нақты дерек жоқ.

Әбу Насыр әл-Фараби «Шығыстың Аристотелі» атанған атақты философ болды. Ол көне заманның Платон, Аристотель, Гален сияқты ақыл-ой алыптарының шығармалары туралы трактаттар мен түсіндірмелер жазды. Фарабидің «*Ақылдың мәні туралы трактат*», «*Ғылымдардың шығуы*», «*Аристотель еңбектеріне түсіндірме*» сияқты зерттеулері оның есімін әлемге танытты.

Әбу Насыр әл-Фараби – әдебиет теориясымен де жан-жақты шұғылданған ғалым. Оның «*Өлең және ұйқас туралы сөз*», «*Ырғақ пен өлең туралы сөз*», «*Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат*», «*Өлең кітабы*» деп аталатын еңбектері – соның дәлелі. Фарабидің барлық өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау, адамгершілікке шақыру. Өкінішке орай, Фарабидің поэзиялық

мұрасы біздің дәуірімізге дейін толық сақталмады. Соның өзінде бізге жеткен мұрасынан оның зор шабытты, нәзік сезімді, кең тынысты, терең ойлы ақын болғандығын аңғаруға болады.

Әбу Насыр әл-Фараби – орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың бірі, ғылымның әртүрлі салаларын зерттеген энциклопедист ғалым. Астроном және астролог ретінде Фараби физикалық және жаратылыс құбылыстарын зерттеуде тәжірибелер жасау қажеттілігін атап көрсетеді. Дәрігер ретінде Фараби алхимиямен, өсімдіктанумен, минерологиямен айналысады. Сондай-ақ, Фараби географияға көп көңіл бөлді. Саяхатшы ретінде ол Орталық Азия, Таяу Шығыс елдерінде болып, жаратылыс зерттеушісі, географ және астроном ретінде аймақты оқып үйренді. Бұл туралы: «Философияны оқып үйренуден бұрын табиғат туралы ғылымды игеру керек, өйткені бұл ғылым – адамға барынша жақын, мәндері анық және түсінікті ғылым саласы», – деп жазады. Философия саласында да Фараби өз заманындағы теңдесі жоқ тұлға саналды.

Әбу Насыр әл-Фараби Шам шаһарында дүниеден озады.

Бағалы дерек

«Отырар – бір кездері атақты астана, толып жатқан керуен жолының торабы, әйгілі мәдениет, сауда орталығы болған. X–XV ғасырларда Сырдария жағасында мұнан үлкен қала болмаған», – дейді Әлкей Марғұлан.

«Ислам діні тарамай тұрған кезде Отырар өлкесінде, жалпы алғанда, Тұранның, сарматтың көне мәдениеті едәуір жоғары дәрежеде болған. Ертедегі мәліметтерде «Отырар – жоғары мәдениетті қала, оның кітапханасы дүниежүзіндегі кітапқа бай орын болып табылады, осы жағынан ол Александриядан кейінгі екінші орынды алады» деп жазған Александрия ғалымы Птоломей. Отырар сол Птоломей картасында бар», – дейді Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде. Ақжан Жақсыбекұлы Машани – әл-Фараби мұраларын зерттеуге жарты ғасырлық ғұмырын арнап, оның Отаны бүгінгі қазақ жері екенін ғылыми тұрғыдан нақты дәлелдеген патриот ғалым.

Сыр бойында сақтардан кейін өз бірлестігін құрған Қаңлы мемлекеті туралы деректер б.з.б. II ғ. Қытай деректерінде айтылады. Қаңлы ханының ордасы Отырар (ол кезде Кангу Тарбан) қаласында орналасқан.

Отырар қаласында барлық керуен жолдары түйісіп, Еуразия елдерінің саудагерлері, зиялы адамдары бас қосып, кеңес құрып отырған. Қалада керуен сарайлар, базарлар, мәдениет орындары, қоры өте бай кітапхана болған.

Б.Бейсенбай. «Ана тілі» газетінен



Отырар қаласы

Әбу Насыр әл-Фараби туралы ой-пікірлерін сол кездегі көптеген ұлы адамдар жазып қалдырған. Белгілі шығыстанушы-ғалым А.Ирисов солардың бірқатарын араб тілінен аударған екен.

Әбу Әли ибн Сина (980–1037): «Мен мантик (логика), жаратылыстану және риезиет (математика, геометрия) ғылымдарын жақсылап меңгердім. Сосын теологияны оқып-үйренуге кіріскенімде, Аристотельдің «Метафизика» кітабын оқыдым. Бірақ онда не жазылғанын оқып-түсіне алмадым. Бұл кітапты жазған кісінің мақсаты маған құпия болып қала берді. Тіпті оны қырық рет қайталап оқып шықтым. Бұл кітапты тіпті жаттап та алдым. Бірақ соның өзінде, мен оны түсіне алмадым. Ақыры одан үмітімді үзіп, бұл түсінуге болмайтын кітап екен деген қорытындыға келген едім. Бір күні бесін намазы кезінде кітап сатушыларға бардым. Онда бір делдал мұқабалы бір кітапты қолына ұстап алып, мақтап тұр екен. Ол мені қасына шақырып, маған кітапты көрсетті. Сонда мен бұл ғылымды білудің пайдасы жоқ деген оймен әлгіні жақтырмай, алмайтынымды айттым. Делдал маған: «Бұл кітапты ал, бағасы арзан – үш дирхем, кітаптың иесі ақшаға мұқтаж», – деді. Осылайша кітапты мен сатып алдым. Қарасам, ол Әбу Насыр әл-Фарабидің «Метафизика» кітабының мақсаты жайында жазылған шығармасы екен. Үйге келген бойда оны оқуға кірістім. «Метафизика» ойымда жатталып қалғаны себепті сол сәтте-ақ кітаптың мазмұнын түсініп алдым. Бұған қатты қуанып кеттім. Мұндай кітаптың табылғанына шүкіршілік етіп, ертеңіне-ақ кедейлерге біраз нәрсе садақа бердім».

Ибн Халликон (1203–1270): «Адамдардың айтуынша, Аристотельдің «Жан туралы» кітабының Әбу Насыр оқып шыққан нұсқасы табылған. Міне, сол кітапқа Фараби өз қолымен «мен осы кітапты жүз рет оқыдым» деп жазып қойыпты. Бұл ғалым жайында пікір айтқандардың сөзіне қарағанда, Әбу Насыр, сол философ Аристотельдің «Физика» деген шығармасын қырық рет оқыдым, бірақ оны тағы қайталап оқуым керек деген екен. Бір жолы Әбу Насырдан:

– Философия саласында кім мықты, Сіз бе, әлде Аристотель ме? – деп сұрапты. Сонда әл-Фараби:

– Егер мен сол кісінің өзінен білім алу бақытына ие болғанымда, онда мен оның ең мықты шәкірттерінің бірі болар едім, – деп жауап беріпті».

Білімге құштар жандар Әбу Насырға тыным бермей, бірі келіп, бірі кетіп жатады. Ол жазған шығармалар бөлек-салақ күйінде шашылып жатады екен. Еңбектерін ол үлкен дәптерге емес, жеке парақ

қағаздарға жазып тастай берген. Сол үшін көпшілік шығармаларының жеке тараулары мен бөлімдері ғана сақталып қалған.

Әл-Фараби туралы М.Шахановтың «Отырар сазы», Д.Досжановтың «Отырардың күйреуі», Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты шығармалары бар. Әл-Фарабидің Каир, Бейрут, Анкара, Берлин, Лондон қалаларында араб тілінде басылып шыққан қолжазба еңбектері Братислава мұражайында сақтаулы. Фараби еңбектерінің 7 томы қазақшаға аударылып, жарыққа шықты.

Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті»


Даналық ойдан дән ізде

Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби – «Екінші Ұстаз». Ал музыка саласын алатын болсақ, әл-Фараби бір өзі ғана бас король болып табылады. Басқаша айтқанда, музыка саласында әл-Фарабиге үлгі боларлық, бірінші ұстаз боларлық адам болмаған.

Г.Фармер

Бағалы дерек

Әнуар Әлімжанов данышпан философ әл-Фараби жайын баяндайтын «Ұстаздың оралуы» атты романын жазды. Онда ғалымның өмірі әртүрлі қырынан беріледі. Осы романға іргелі талдау жасаған көрнекті ғалым Р.Бердібаев әл-Фараби бейнесін: «Ол өзі жасаған музыкалық аспап – «қыпшағиға» қосылып ән де айтатын, күй де тартатын, қаламды ғана емес, қаруды да ұстай білетін, досқа мейірімді, шапағатшыл, әділдік үшін басын қатерге тіге алатын тұтас тұлға ретінде елестеттім», – деп жазады.



«Музыканың ұлы кітабы» шығармасындағы «Shahrud» деп аталатын музыкалық құралдың кескіні



Энциклопедиялық ілім иесі болған әл-Фараби өлеңдерінің идеясы қандай?

Ақынның туған жерге деген сағынышы жырланған өлең мазмұнына мән берейік!

Қашықтасың туған жер



Сөзмаржан

шаңыт – мұнарту, күңгірт тарту

сарылу – ұзақ күту, сарғаю, зарығу

зиялы – 1. Ізетті, әдепті, білімдар. 2. Оқыған, сауатты

тұтам – 1. Бүгілген саусақтар мен алақан арасындағы қуыс кеңістік, уыс. 2. Қолдың уысымен тұтамдап санаған өлшем

Қашықтасың туған жер, қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен,
Қанатым талды менің,
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі.

1

Білу

1. Ислам дәуіріндегі әдебиет қай ғасырларды қамтиды? Бұл дәуірдің көрнекті өкілдері кімдер?
2. Ренессанс дегеніміз не?
Ренессанс дәуірінің өкілдерін атаңдар.
3. Әл-Фараби қай жерде туған?
4. Отырар қаласы туралы не білесіңдер?
5. Болашақ ғалым жастайынан қандай болып өскен?
6. Шығармаларын қай тілде, қандай ғылым салалары бойынша жазған? Әл-Фарабидің қандай еңбектері бар?
7. Әл-Фараби меңгерген білім салаларын атаңдар.
8. Кімдердің шығармалары туралы трактаттар жазған?
9. Өлеңдерінің негізгі тақырыбы қандай?

11. «Қашықтасың туған жер» өлеңінде әл-Фарабидің туған жерге деген сүйіспеншілігі қай жолдарда берілген?

2

Түсіну

1. Неліктен әл-Фараби атанған?
2. Әл-Фарабидің қолжазбалары не себепті сақталмаған?
3. Қандай себеппен әл-Фараби шығармаларын араб тілінде жазған?
4. «Шығыстың Аристотелі» атану себебін түсіндіріңдер.
5. «Қашықтасың туған жер» өлеңінде неліктен ақын жаны түршігіп, түңіледі?

3

Талдау

«Қашықтасың туған жер» өлеңінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. Өлеңдегі негізгі ойды үш сөйлем арқылы тұжырымдаңдар.

4

Жинақтау

1. Әл-Фараби туралы мазмұндаудың тірек сызбасын жасаңдар.
2. «Туған жер» тіркесімен ассоциацияларыңды жазыңдар.

5

Қолдану

1. Ислам дәуіріндегі әдеби мұралар туралы қосымша мәлімет тауып келіңдер.
2. Өлеңдегі кейіпкер бейнесін сипаттаңдар. Ақын үнінен нені байқадыңдар?
3. Хрестоматияны, басқа да қосымша дереккөздерін пайдаланып, әл-Фараби өлеңдерінен нақыл сөздерге айналған жолдарды табыңдар.
4. Туған жер туралы мақал-мәтелдерді жатқа айтыңдар.
5. Туған жер, Отан туралы эссе жазыңдар.

6

Баға беру

1. Қалай ойлайсыңдар, әл-Фарабидің ғұлама ғалым, ақын болуына қандай жағдайлар әсер еткен?
2. Әл-Фараби еңбектерінің қазіргі кездегі маңызы туралы пікірлесіңдер.
3. Туған жерге деген өз сағыныштарыңды қалай жеткізер едіңдер? Ой бөлісіңдер.

Даналық ойдан дән ізде

Әбу Насыр әл-Фараби айтқан екен: «Кімде-кім хикмет (философия, даналық) білімін оқып-үйренуге кіріспек болса, ол ең алдымен, жас болуы, ниеті дұрыс, әдепті, қайырымды адам болуы керек. Ондай кісі адамдарға мейірімді, таза, адал болуы, азғын қылықтардан таза болуы тиіс. Хикмет білімін оқып-үйренуге кіріспек болған адам білімді де, ғалымдарды да құрмет тұтатын кісі болуы шарт. Білімді кәсіп, өнер етіп алмауы керек әрі оны мал-дүние табу құралы етіп жібермеуі қажет. Кімде-кім мұны керісінше істейтін болса, онда ол көзбояушы саналады. Жалған сөз ешқашан мәнді сөз болмайды. Егер мінез-құлқы біз айтқандай емес, теріс мінезді кісі болса, ол ешқашан да ғалымдар қатарына қосылмайды. Ағаштың өсіп-жетілгенін бұтақтағы жемісіне қарай бағалайды ғой. Сондай-ақ, адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты».

Захируддин әл-Байхакий

Бағалы дерек

XX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай Қазақстан ғалымдары ұлы ұстаздың бай мұрасын жинап, зерттеп тануға өз үлестерін қоса бастады. Қазақстан Ғылым академиясының кітапханасында әл-Фарабидің елу шақты еңбегі бар. Олардың ішінде басқа тілге аударылмаған, ғалымдар арасында осы күнге дейін белгісіз болып келген: «Алмагеске түсініктеме», «Геометриялық сызықтар жасаудың әдістері», «Астрология», «Китаб әл мусики әл кабир» секілді әрқайсысы бір-бір ғылымның шыңын көрсететін аса ірі туындылары бар. Қазақстанның Иранда алғашқы Төтенше және Өкілетті елшісі болған ғалым Мырзатай Жолдасбеков Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кітапханасына тапсырған әл-Фарабидің қолжазбалары өз алдына бір қазына. Олардың көшірмесі (он үш қолжазба) бүгінде Еуразия ұлттық университетінің Отырар кітапханасында сақтаулы. Фарабидің қолжазбалары дүниежүзінің көп кітапханаларына тарап кеткен және сол жерлерде сақтаулы тұр.

martebe.kz/al-farabi

Артық болмас білгенің

Әл-Фараби географиялық құбылыстарды математикалық жолмен түсіндіріп, «Күн сағатын» жасаған, Күн мен Айдың тұтылу ұзақтығын есептеп шығарған. Ерте кезден қазақ елі Жетіқарақшыны, Темірқазық, Үркер атты жұлдыздар тобын «түн сағаты» ретінде пайдаланса, күндізгі уақытты «күн сағаты» арқылы айыратын болған. Әл-Фараби «Күн сағатында» күн сәулесін сызық, ал жер шарын сфера ретінде алып, сол арқылы шеңберлік градусты өлшеп, сағат мезгілін дәл есептеп шығарған.

«Қазақстан жері туралы орта ғасырлардағы географиялық деректер»



Әл-Фараби өлеңінде адамның қандай болуы керектігі туралы айтылған?

Тіршілікте құрыштай бол төзімді

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді,
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса өзөзіл азғырған.

Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.

Аударған А.Нысаналы



Сөзмаржан

құрыш – болат темір. Белгілі мөлшерде көміртегі араласқан қатты темір зат. Құрыштай – қайратты, қажырлы деген мағынаны білдіреді. Кеңес өкіметі тұсында Н.А.Островскийдің «Құрыш қалай шынықты?» деген әйгілі романы болған.
өзөзіл – көне түсінік бойынша жамандыққа азғырушы рух
жазғыру – кінәлау, айыптау. *Бұл жерде бекерден-бекер жазғырма деген мағынада.*



Бағалы дерек

Әл-Фараби өзінің ең атақты шығармаларының бірі – «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактатын жазған. Фарабидің бұл еңбегінің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Бұл трактат «Ғылымдар классификациясы», т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеде-ақ мәлім болған. Еуропа ғалымдары да бұл еңбекпен өте ертеден таныс. Фарабидің «Энциклопедиясы» XII ғасырдың өзінде-ақ арабшадан латын тіліне екі рет аударылған. Одан кейінгі ғасырларда бұл еңбек толық немесе үзінді түрінде ескі иврит, неміс, ағылшын, француз, испан, түрік және басқа тілдерге аударылып, ғылыми қауымға кеңінен мәлім болды. Роджер Бэкон, атақты Әбу Әли ибн Сина (980–1037) және басқалар Фараби «Энциклопедиясының» тікелей әсерімен өздерінің танымал энциклопедиялық еңбектерін жазған.

<http://bigox.kz>

1

Білу

1. Әл-Фараби өз өлеңінде ғұмырдың мәңгі еместігін, өмір сүрудің мәнін қалай суреттейді?

2. Туған жерге деген сүйіспеншілігі қай жолдарда берілген?

2


Түсіну

1. Ақын неліктен «тағдырыңды еш уақытта жазғырма» дейді?
2. Тағдыр дегенді қалай түсінесіңдер?

3

Талдау

«Балық қаңқасы» тәсілімен ақын өлеңіне талдау жасаңдар:



4

Жинақтау

Ақын өлеңінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқыңдар. Әр шумақта айтылған ойды саралаңдар.
2. Өлеңнің тілі мен көркемдік ерекшелігіне талдау жасаңдар.
3. Өлеңді жаттап алыңдар.
4. Өлеңде көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасаңдар.

6

Баға беру

1. «Жүргендер көп достық атын малданып» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Бүгінгі күні ғұлама-ақын өлеңі несімен өзекті деп ойлайсыңдар?
3. Өлеңде ақынның ішкі жан дүниесі, сезімі қалай бейнеленген? Ойларыңмен бөлісіңдер.

4. Әл-Фараби өлеңінің мазмұны бойынша пікірлеріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына факті, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Әл-Фарабидің нақыл сөздері

Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат.

Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, ол мақсат тек кездейсоқтық рақат үшін емес, шынайы игілік үшін бағытталуында, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, ізгілікке бағыттап отыруында.

Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым.

Ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты.

Шыншылдық – адалдықпен ағалас.

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына көмектесетін күш.

Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу.

Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы.

Мінсіз дос іздеген доссыз қалады.

Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.



Диалог құру

Бала Фарабидің ғұлама әл-Фарабиге дейін өсуі туралы парталастарыңмен сұхбаттасыңдар.



Кітапсүйерлер үшін

«Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалығынан», <http://kitaphana.kz> сайтынан әл-Фараби туралы оқи аласыңдар.



Әдебиет теориясы

Лирика

Лирика – әдебиет тегінің бір түрі. «Лири» – грекше музыкалық аспаптың атауы. Лириға қосып айтатын өлеңді «лирика» деп атаған.

Лирика – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арманын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр ғып шертетін өлең.

Лирикалық шығарма өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көзқарасы оның сезімін, нақты ойын, көңіл күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі.

Лирика – терең психологиялық шығармалардың бір түрі. Ол табиғат лирикасы, махаббат, саяси, азаматтық, философиялық лирика деген түрлерге бөлінеді.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығынан



Тапсырма

«Әл-Фарабидің саусақпен санарлықтай аз ғана жыр жолдарының өзінен оның зор шабытты, кең тынысты, терең ойлы, нәзік сезімді, дарынды лирик ақын болғанын аңғару қиын емес» деген пікірді әдебиет теориясына сүйене отырып, дәлелдеп көріңдер.



Көне түркі дәуірінен басталып, Шығыстың классикалық дәстүрінен нәр алған қазақ халқының төл әдеби мұрасы XV–XVI ғасырларда қалыптаса бастаған. Қазақ әдебиетінің тарихында бұл кезең **хандық дәуір әдебиеті** деп аталады. Бұл дәуірде қазақтың Асанқайғы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири сияқты ойшылдары, тарихшылары; Сыпыра жырау, Шалгез, Қазтуған, Доспамбет, Марғасқа, Ақтамберді, Жиёмбет, Тәтіқара, Шал, Бұқар сияқты ақындары мен жыраулары болған.

ХАНДЫҚ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ (XV–XVI ғғ.)



XV–XVIII ғасырлардағы әдебиет **жыраулар поэзиясымен** белгілі. Қазақ жыраулары тарихи, қоғамдық және рухани тұрғыдан алғанда сонау Түркі қағанаты дәуірінен басталады. Әйгілі Йоллығ-тегіннің жазбалары оның Күлтегін, Білге қаған мен Тоныкөк уақытында елдің бірлігін, бек пен қағанның атақ-абыройын ардақтаған жырау екенін дәлелдейді. Сол сияқты оғыздар дәуіріндегі Қорқыт ата, одан бергі Шыңғыс хан тұсындағы Кетбұға, Алтын Орда кезіндегі Сыпыра, бұлардың бәрі XV–XVI ғасырларда тарих сахнасына шыққан қазақ жырауларының арғы түп-тамыры, бастауы еді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақтың суырыпсалма өнерге негізделген, авторлығы бар **толғау поэзиясы** дамыды. Жыраулар поэзиясы толғау, арнау, мадақ-өлеңдер түрінде болды. Қазақ жыраулары ежелгі ұстаздарының дәстүрін толық сақтап, дамыта әрі өз дәуірлерінің талап-талғамына,

болмысына сәйкес өз заманындағы сөз өнерін тақырып пен мазмұн, идея мен түр жағынан байыта түсті. Жыраулар өз шығармаларына көбіне жоңғар шапқыншылығына байланысты оқиғаларды арқау еткен.

Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарды. Хандар мен басқа да ел билеушілері жыраулар пікірімен санасып отырған. Жыраулар жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, ел қорғау, азаматтық тақырыптарға арналған өлең-жырлар туғызған.

Жырау ханның жасап отырған жетістіктерін мадақтап, кемшіліктерін сынға алып, дер кезінде түзетіп, қарапайым бұқара халықты билеген хандардың арасын жалғастырушы қызметін атқарған. Олардың өлеңдері қараны да, ханды да аямады. Жырау ел тағдырына қатты алаңдап, аса маңызды оқиғалар тұсында жалынды жырларымен толғап отырған. Аумалы-төкпелі уақыт аясында да қазақ сөз өнері өзіндік құнын жоғалтпаған.

Қазақтың бай фольклоры мен ежелгі түркі жазба ескерткіштері негізінде қалыптасып дамыған XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасы – қазақ халқының ықылым замандар бойы жасаған сөз өнерінің, тума әдеби қазынасының үлкен бір саласы, құнды мұрасы. Бұл мұраның ең басты қасиеті – XV ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырлар аяғында қазақ хандығының құрылып, қазақ халқының қалыптасуы сияқты күрделі тарихи кезеңдерінің көптеген тұстары көркемдік дәрежеде бейнеленуінде. Осы дәуірде Қазтуған, Асанқайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар және тағы басқа ақын-жыраулардың мұрасы ұлттық тарихымыздың алтын қорына қосылды.



Жырларында Отан қорғау, елге, жерге деген сүйіспеншілікті басты нысана еткен, қазақ жұртының іргесі бүтін, ешкімге бас имейтін ел болуын аңсаған, толғауларында елі мен жері үшін өлген ердің арманы жоқ деп, отаншылдық рухты бәрінен биік қойған жырау шығармашылығы қандай?

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ



ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ
(1490–1523)

Бағалы дерек

Өзіндік өткір тілге, ерлік күреске негізделген жырау мұрасы «садақ толы сайгез оқты бората атқан батырдың» бейнесін сомдауымен, «алты құлаш ақ найзамен жауын шаншыған қаһарманды» суреттеуімен, «Еділдің бойын ен жайлап», бейбіт тұрмыс кешкен заманды толғауымен құнды. Доспамбеттің терең ойлы толғаулары кең дүниетаным мен өмір тәжірибесіне құрылған.

«Тарихи тұлғалар»

Естеріңізге түсіріңдер:

Хандық дәуір әдебиеті туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Доспамбет жырау шығармаларының тақырыбы, негізгі идеясы қандай?

Доспамбет – қазақ хандығының қалыптасу кезеңінде өмір сүрген, Кіші Ноғай ордасында әскери қолбасшы болған жырау. Ол Дешті Қыпшақты көп аралап, Бақшасарайда, Стамбулда болған, Қырым ханының жағында көптеген әскери жорықтарға қатысқан. Доспамбет жырау 1523 жылы тайпааралық ұрыстардың бірінде Астрахань маңында қаза тапқан.

Доспамбет жырау жырларынан оның мақсат-мұраты, дүниеге деген көзқарасы анық аңғарылады. «Айнала бұлақ, басы Тең», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Азау, Азау дегенің», «Арғымаққа оқ тиді», «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық», т.б. шығармаларында өзі аңсаған заманды қайтып келмес бақытты күндеріне санайды. Отан қорғау, елге, жерге деген сүйіспеншілікті бейнелеп, қырым, ноғай, қазақ жұртының ешкімге бас имейтін ел болып отырған

Бағалы дерек

Жыраудың бүгінге жеткен мұрасы – 160 жолдың көлемінде. Осы жыр үзінділерінің өзінен оның шығармаларының тікелей жорық үстінде туғаны байқалады.

«Қазақ хандығы»
кітабынан

заманды аңсау сарыны байқалады. Жырау өткен өмірді жырлағанда туған ел мен өскен жерге деген ыстық махаббатын келер ұрпақ болашағымен байланыстыра суреттейді.

Ақын өлеңдерінің негізгі идеясы – ерлікті дәріптеу. Бұған жыраудың халық эпосы үлгісіндегі толғаулары куә. Жырау ел қорғау, жорық тақырыбына арналған жырларында елі мен жері үшін өлген

ердің арманы жоқ деп, отаншылдық рухты бәрінен биік қояды, ата-бабадан келе жатқан асыл дәстүрлерді дәріптейді. Болашақ ұрпақтың да ертең еліне қорған, тірек болуын қалайды.

Жыраудың бүгінгі күнге жеткен жыр үзінділері оның шығармаларының тікелей жорық үстінде, ұрыс майданында туғанын көрсетеді.

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен,
Аймедетке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынынан.
Зырлап аққан қара қан
Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.
Сақ етер тиді саныма,
Сақсырым толды қаныма, –

деген жыр жолдарынан нағыз батыр жыраудың бейнесін аңғаруға болады.

Жырау толғауларында батырдың жорық пен майдандағы сенімді серігі – жылқы малына ерекше мән беріп, ер қанаты – жылқыны жауынгер-жырау мінсе – көлік, шапса – тұлпар, ішсе – сусын ретінде қараған, ел тағдырымен етене жақын құбылыс ретінде таныған.

Өз толғауларында ақын өзін «Ер Доспамбет» деп таныстырып отырады. Ол – «астына қарт күреңді мініп», «болат қылыш асынып» жаумен талай шайқасқан, «күңіреніп күн түбіне жортқан», «садақ толған сайгез оқ өткеріп», «арғымақтың талдай мойнын талдырып» көп жорықтарды бастаған батыр. Сол жорық шайқастарда батыр басына талай қауіп-қатер төнген, оқ тиіп, өлім аузынан қалған.

Жорық жыршысы болған жырау толғауларынан оның өр тұлғасы, асқақ рухы, өмірлік мұраты танылады.

Доспамбет жыраудың жырлары 1893 жылы М.Османовтың «Ноғай уа құмық шығырлары» атты жинағына енген. Кейін 1896 жылы В.Радловтың «Халық әдебиетінің үлгілері» деген жинағына басылды. Оның жырлары «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды», т.б. хрестоматия, жинақтарда жарияланып келеді.

Артық болмас білгенің

Доспамбет жырларының негізіне арқау болған және атауы бірнеше мәрте қайталанатын елді мекеннің бірі – Азау шаһары. Азау – Азия мен Еуразияның түйіскен тұсында, Донның Қара теңізге құяр атырауында орналасқан саяси-стратегиялық маңызы жоғары қала. Азау қаласының тарихы біздің дәуірге дейінгі III ғасырдан басталады.

1067 жылы далалық көшпенділер қаланы басып алып, оны өз тілдерінде «Азак», «Азау» деп атады. Моңғол шапқыншылығы тұсында қала Алтын Ордаға бағынды. 1395 жылы Ақсақ Темір әскері Азау қаласын басып алып, тонап, қиратты. Әсем қаланы жермен-жексен етті.

Қара теңіз жағалауындағы қалаларды өзіне бағындыруға күш салған Осман түріктері 1471 жылы Азауды басып алды. Түріктер қаланың сыртын айналдыра тас қамалмен қоршап, күмбезді, мұнаралы мешіт, медресе, ғимараттар салды.

Стамбул Мәрмәр теңізінің жағалауына орналасса, Азаудың да жан-жағы айдынға ұласқан сулы, тіршілікке жайлы, нулы еді. Бір шеті Азау теңізі, төңірегі мыңдаған бұлақ, өзен. Ең үлкені, бастысы – Тең (қазіргі Дон) өзені. Доспамбет Азау қаласының өткенінен, елдің арғы-бергі шежіресінен мол хабары болған.

Бізге жеткен шығармаларында жауынгер-ақын өз есімін толық «Азаулының Аймедет Ер Доспамбет ағасы» деп көрсетеді. Ол Азау (Азов) қаласына белгілі дәулетті отбасында дүниеге келген. Өз есіміне туған жерін, қаласын, руын анықтауыш ныспы ретінде қосу тарихтан белгілі. Доспамбет те өзін «Азаулы» деп көрсетуі сондықтан. Ал Аймедет туралы кейбір ғалымдар жауынгер-ақынның руы немесе әкесінің есімі болуы мүмкін деген жорамал жасайды.

А.Әлібекұлы



Ақын өлеңінің құндылығы неде?



CD 02

Өлеңнің идеялық мазмұны қандай?



Сөзмаржан

қом – 1) түйе өркешінің астыңғы жағына тұтаса біткен жота майы; 2) түйеге жүк арту үшін оның өркеші мен жотасын (қомын) орай салынған қабат-қабат киіз

қоға – биіктігі 3–4 м, сабағы ұзын және жуан, батпақты-сулы жерлерде өсетін өсімдік

бұздай – диалект сөз, мұздай

көбе – батырлардың кебенек сыртынан киген сауыты

алшайту – екі аяқтың арасын талтайтып қашық ұстау

Қоғалы көлдер, қом сулар
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес.
Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес.
Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес.
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес.
Құрама шапшақ көп қымыз
Құйып ішкен өкінбес.
Қоғалы көлдер, қом сулар
Кімдерге қоныс болмаған?
Саздауға біткен құба тал,
Кімдерге сайғақ болмаған?
Басына жібек байлаған,
Арулар кімнен қалмаған?
Таңдап мінген тұлпарлар,
Иесін қайда жауға салмаған?
Екі арыстан жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!

1

Білу

1. Жырау деген кім? Оған қандай қасиеттер тән болған?
2. Доспамбет жырау туралы не білдіңдер?

2

Түсіну

Неліктен жырау толғауларының негізгі сарыны ерлікті дәріптеу, өткен өмірді аңсау болып келеді?

3

Талдау

1. «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Доспамбет жырау толғауындағы өмір туралы тебіренісін «Алып Ер Тұңға» жырындағы заман көрінісімен салыстырыңдар.

4

Жинақтау

Доспамбет жырау туралы түсінікті тірек сызба арқылы көрсетіндер. Тірек сызбаға сүйеніп, мазмұндап беріңдер.

5

Қолдану

1. Доспамбет жырларын тақырыптарға топтастырыңдар.
2. Жырау толғауларының көркемдік-идеялық сипаты туралы айтып беріңдер.
3. Толғау мазмұнына сүйене отырып, «Үш түрлі күнделік» кестесін толтырып көріңдер. Жұмыс нәтижесін жұпта, топта талқылаңдар.

Толғаудан ерекше әсер еткен немесе ой салған дәйексөзді жазу	Жеке түсінік беру: осы дәйексөзді жазуға не мәжбүр етті? Қандай ой тудырды? Осыған байланысты қандай сұрақ туды?	«Мұғалімге хат» – сұрақтар

4. Толғаудағы көркем ауыстыруларды анықтаңдар.

6

Баға беру

1. «Қоғалы көлдер, қом сулар *Кімдерге қоныс болмаған?*», – деген жолдар қандай ойларға жетелейді? Ой бөлісіңдер.
2. Толғау ақынның қандай көңіл күйін білдіреді деп ойлайсыңдар?
3. Шығармадағы құндылықтарды анықтап, пікірлеріңді білдіріңдер.
4. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.



Ақын үміті мен арманы қандай?

Айналайын, Ақ Жайық



Сөзмаржан

бұлан – аша тұяқты, күйіс қайыратын бұғы тектес аң

күдері – жұмсақ етіп иленген қайыс. Күдері белбеу, күдері қамшы, күдері шылбыр деген сөздермен бірге қолданылады

кіреуке – қымбат, сәнді шапан

сайгез оқ – жебе түрі



Бағалы дерек

Жайық – Ресей Федерациясы (Башқұртстан, Челябин, Орынбор облыстары) мен Қазақстан Республикасы (Атырау, Батыс Қазақстан облыстары) жеріндегі өзен.

Өзен Орал тауларымен бірге Еуропа мен Азияны бөлуді шегара болып есептеледі. Жалпы ұзындығы – 2428 км, су жиналатын алабының ауданы – 237 мың км², Қазақстан жеріндегі ұзындығы – 1084 км.

Айналайын, Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?!
Еңсесі биік боз орда
Еңкеймей кірер күн қайда?!
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда?!
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда?!
Күмбір, күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда?!
Толғамалы ақ балта
Толғап ұстар күн қайда?!
Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шаншар күн қайда?!
Садақ толған сайгез оқ
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп,
Созып тартар күн қайда?!
Кетбұғадай билерден
Кеңес сұрар күн қайда?!
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда?!

Артық болмас білгенің

Кетбұға (шамамен 1150–1225) – жырау, күйші, аңыз кейіпкер, қазақтың ұлы жыршысы, сазгер-күйшісі және халықтың тарихи аңыздарының кейіпкері. XIV ғасырда жазылған «Шаджарат әл-атрак» атты кітаптағы деректер мен ел аузындағы аңыздар бойынша иісі Дешті-Қыпшақты аузына қаратқан Жошы хан аңда жүріп, мерт болғанда, осынау қаралы хабарды Шыңғыс ханға естіртуге ешкімнің батылы бармаса керек. Сонда Кетбұға жырау: «Хан ием, қайнар көзі

лайланған теңізді кім тазартар?», «Түп-тамырымен қопарылған ағашты орнына кім қондырар?» – деген сауалдар қою арқылы әміршіні қаралы хабарға іштей дайындап алып, оның ұлы Жошының өлімін «Ақсақ құлан – Жошы хан» күйін орындау арқылы жеткізген дейді аңыз.

«Тарихи тұлғалар» кітабынан

1

Білу

1. Толғау қандай мәнерде жазылған?
2. Жыр құрылысынан қандай ерекшелікті байқадыңдар?
3. Ақын арманы қандай?

2

Түсіну

Толғауда жыраудың қандай көңіл күйі берілген? Неліктен?

3

Талдау

1. Толғаудың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Жырау толғауындағы Ақ Жайық пен қазіргі Жайық өзенін салыстырыңдар.

4

Жинақтау

Толғау мазмұнын тірек сызба арқылы көрсетіңдер.

5

Қолдану

1. «Айналайын, Ақ Жайық» толғауының идеялық мазмұнын өлең жолдарына сүйене отырып ашыңдар.
2. Әдеби-көркемдегіш құралдарды пайдаланып, толғаудағы табиғат көрінісін, оқиға орнын сипаттап жазыңдар.
3. Қалауларың бойынша толғаудан үзінді жаттап алыңдар.
4. Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасаңдар.

6

Баға беру

Доспамбет жыраудың «Айналайын, Ақ Жайық» толғауының маңызы қандай деп ойлайсыңдар? Ақын толғауында көтерілген мәселелер туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

Диалог құру

Доспамбет жырауды толғандырған мәселелер туралы диалог құрыңдар.



Б.Тоғысбаев, А.Сужикованың «Тарихи тұлғалар», Т.Жұмаханов, Б.Жұматаевтың «Қазақ хандығы» кітаптарынан, М.Мағауиннің «Алдаспан» жинағынан Доспамбет жырау туралы оқып, толғауларының мазмұнымен танысыңдар.



Әдебиет теориясы

Арнау және оның түрлері

Арнау – адамның, яки ақынның не өзгеге, кейде жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі. Арнауды А.Байтұрсынұлы үш түрге бөлген: *жарлай арнау*, *сұрай арнау*, *зарлай арнау*.

Жарлай арнау – ақынның жеке адамға емес, жалпы жұртқа қайырыла сөйлеп, жалпы жұртпен жария кеңесуі.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың...

Абай

Сұрай арнауда қойылған сұрақтарға автор жауап күтпейді, олар жауапсыз-ақ түсінікті, арнаудың өн бойында өзінен-өзі анықталады.

Ақ қағазды қаралап,
Қалам неге ойнайды?
Ақын неге қайғырып,
Терең ойға бойлайды?

Ө.Есмәмбетов

Зарлай арнауда халық басына түскен қиын кезең немесе жеке адамның басына түскен қиындық, тағдыр төлкегінің азабы ерекше ашылып көрсетіледі.

Өуелі бас қосқаным Жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Өлгені Төлегеннің рас болса,
Құдайым қыз Жібекті неге алмайды?

З.Қабдолов. «Сөз сыры»



Тапсырма

Арнау түрлеріне мысалдар тауып жазыңдар.

II ТАРАУ

АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!



Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,
Бір білімді данышпан жан табалық...

Ш.Құдайбердіұлы

Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ.

А.Байтұрсынұлы



«Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», – деп Мұхтар Әуезов айтқандай, Абай мұрасы – таусылмас қазына, сарқылмас мұхит, түпсіз тұңғыық.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ



АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ
(1845–1904)

Естеріңізге түсіріңдер:
Абай Құнанбайұлы туралы не білесіңдер?

Меңгерілетін білім:
Ақынның өлең жазудағы мақсаты не?
Білім, ғылым туралы ақын ойы қандай?
Абайдың прозалық үлгіде жазылған шығармалары қалай аталады?
Абай қарасөздерінің тәрбиелік мәні мен мазмұны қандай?

Зергер сөз
Абай әлемге ашылған терезе еді, оның жаны жаңарып жатқан дүниенің алыстағы сарынын сезе білді... Гете мен Толстой сынды көптеген заңғар гуманист тұлғалардың далалық бауырласы екенін танытты.
Ш.Айтматов

Бала күнінен Шортанбай, Дулат, Бұқар жырау, Марабай, Шөже ақындарды тыңдап өскен бала Абай ұғымталдығымен, зеректігімен, ынталылығымен ерекшеленген. Анасы Ұлжан сөз қадірін білетін шешен кісі болса, әкесі Құнанбай өз заманының беделді адамдарының бірі саналған. Құнанбай қажы «Ескітам» деген қоныстан медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай сегіз жасында сол «Ескітам» медресесінде ауыл молдасы Ғабитханнан дәріс алған. Әкесі оның зеректігін байқағаннан кейін, 10 жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға береді. Медресенің үшінші жылында осы қаладағы «Приходская школаға» түсіп, онда



Абайдың Жидебайдағы жұмыс бөлмесі

Бағалы дерек

Түркия топырағындағы Абай атындағы мектеп бүкіл түрік балаларына қазақтың ұлы ақынын танытып отыр. 2002 жылы Стамбул қаласының Зейтінбұрын ауданында жаңа салынып жатқан мектепке Абай атының берілуі туралы ұсыныс жасаған Түркиядағы Мимар Синан университетінің профессоры – Абдулвахап Қаран. 2003 жылы сәуір айында сол мектептің тұсаукесері болды. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев келіп тұсауын кесті. Бұл Зейтінбұрын аудан қазақтары, Стамбул қазақтары, тіпті бүкіл Түркия қазақтары үшін үлкен абырой болды.

<http://turkiya.kz/>

қосымша үш ай орысша оқиды. Абайдың ерекше дарындылығын байқаған Құнанбай оны әрі қарай оқытпай, қайтарып алып, ел ісіне араласуға баулиды. Сөйтіп, 13 жастағы Абай әке ықпалымен ел билеу ісіне араласа бастайды.

Абай өлең шығарумен бала кезінен айналысқанмен, жас кезіндегі өлеңдері толық сақталмаған. Абай өмірдің барлық саласын қамтитын тақырыптарда өлеңдер мен дастандар, сондай-ақ философиялық шығармалар жазды. Ақынның 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған прозалық үлгідегі шығармалары *«Қарасөз»* деп аталады. Бұл – жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан және *«Біреп сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы»* деген тарихи мақаладан тұратын еңбек. Абай поэзиясының арқауы – ғылым, білім, еңбек – осы қарасөздерде жалғасын тапқан. Ұлы ақын адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын, адамды аздыратынын айтады.

Ақынның *«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»* өлеңі 1889 жылы жазылған. Әрқайсысы алты тармақты бес шумақтан тұрады, көлемі – отыз жол. Абайдың поэзия, оның мәні жөніндегі ой-пікірлерінің тың түйіні – бұған дейінгі жазылған *«Базарға қарап тұрсам, әркім барар», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»* сияқты шығармаларындағы эстетикалық көзқарасының кемелді көрінісі. Бұл шығармаларында Абай ақындықтың ауыр міндетін, ақын атанудың алғышарттарын аңғартқан еді, яғни, ақын ақыл сөзін өзге ақындарға арнаған-ды. *«Сөзді ұғар осы күнде кісі бар*

Даналық ойдан дән ізде

Біліміден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.

Түбінде баянды еңбек
егін салған,
Жасынан оқу оқып,
білім алған.
Би болған, болыс бол-
ған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге
бәрі жалған.

Абай

ма?» деп, парасатты оқырманы жоқтығына налыған болатын. Ал бұл өлеңінде Абай әрі оқырман-тыңдаушыларына, әрі ақындарға қарап сөйлейді. М.Әуезовтің айтуынша, бұл өлең Абайдың «тек бір өз басының ақындық жолындағы ізденуі ғана емес. Мұны ақындық жайында өзгеше мәні бар өлең деп ұғынуымыз керек». Оны ақын өз айналасындағы «өлеңі бар, өнерлі інілерінің» кейбір шығармаларын оқығаннан кейін, соларға жөн-жоба көрсетіп, сын, ескертпелер жасау ниетімен тудырған.

Абай қоғамға адамгершілікті, әділдікті насихаттап, елді адал еңбек етуге шақырып, білім, ғылым, өнерді халықтың қажетіне жаратуға мән берген. «*Ғылым таппай мақтанба*» өлеңі 1886 жылы жазылған. Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың еңбек етіп, ғылым мен білімге талпынуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, осындай асыл қасиеттерді уағыздау – Абайдың бүкіл шығармашылық жолының негізгі идеялық-тақырыптық желісінің бірі. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік көрсететіне үлкен сенім білдіреді. Абайдың өлеңінен ғылымды үйренетін жастардың өзінің алдына қандай мақсат қоюға тиісті екені туралы мәселе оны аса қатты толғандырғанын аңғарамыз. Бұл өлеңінде адам баласын қор қылатын бес дұшпанды атап берсе, «Отыз сегізінші» қарасөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан

Бағалы дерек

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербуркте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды.

қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық. Надандық – ғылым-білімнің жоқтығы; надандық, білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осы еріншектіктен шығады. Ал залымдық – адам баласының жауы» деп, солардан құтылудың жолдарын атап береді. «Бұлардың емі – халқына деген махаббат, күллі ғаламға деген шафқат, әділетті іс және ғылым-білім», – деп тұжырымдайды.

Абайдың идеясы тек өлеңдерінде ғана емес, қарасөздерінде де терең философиялық толғаныспен көрініс тапқан. Абай қарасөздері терең ой мен күрделі пікірге құралған. «Жетінші», «Отыз бірінші сөзінде» Абай оқу, өнер-білім мәселесі туралы келелі ой қозғайды.

Зергер сөз

Абайдың мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы. Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға деген көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс.

Н.Ә.Назарбаев

Орыстар үшін – Пушкин, ағылшындар үшін – Шекспир, грузиндер үшін Руставели қандай ұлы құбылыс болса, Абай да қазақтар үшін сондай теңдессіз құбылыс.

Қ.Кулиев

Артық болмас білгенің

Алғыр Абай әке мінезін танып, сезімтал жанымен аңғарып өсті. Оның бойына әкесінің батылдығы мен қызуқандылығы, жігерлілігі мен алғырлығы дарыды. Алайда болашақ ақынның балалық шағы, негізінен, қос ананың – әже мен шешенің бауырында, тәрбиесінде өтті. Қайныларының атын атамайтын қазақ салты бойынша бұл ауылдың жас әйелдерінің оны Телғара деп кетулері де сол екі енені «тел (қатар) еміп өскен» дегенді білдіретін. Тіпті сүйікті немересінің азан айтып қойған Ибраһим деген атына тілі келмей, оны «ойлы болсын, аңдағыш, абайлағыш болсын» деген тілекпен Абай атандырған да сол аяулы кәрі әже-тұғын.

Абай өңі қара торы, екі көзі тостағандай әрі өткір, кең маңдайлы, дембелше бойлы бала болыпты. Мінез жағынан ширақ, өткір, аңқаулығы мен тентектігі де аралас болса керек. Әсіресе, ол аса ұғымтал,

бір көргені мен естігенін ұмытпайтын зерделілігімен айрықша көзге түсетін. Кейін кемеңгер Абай адамның ең жақсы қасиетіне санаған «білмекке құмарлық» өзінің туа біткен мінезі десе де болғандай. Оның бала кезін білетіндерден қалған сөзге қарағанда, Абай ертегі-аңыздар, ел ішінің өткен өмірінен қалған алуан түрлі әңгімелер, өлең-жырлар десе, ішкен асын жерге қояды екен. Мұндайда көп мазалайтыны сондай әңгіме-хикаяларды, әсіресе ертегілерді көп білетін әрі нақышына келтіріп жалықпай айтатын өзінің әжесі еді. Шешесі Ұлжан да ара-тұра хикая құмар ұлына ел ішінің күлкілі оқиғаларын мысқыл, сықақ қоса отырып, қызықты етіп әңгімелеп беретін.

Абай өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Сабақта арабша кітапты молданың бір рет оқып, аударып бергенінен сөздерін кітапқа қарамай, жатқа айтып шыға алатындай зерек болады. Дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып-білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденеді. Өзінің әбден сүйіп, таңдап оқыған ірі ақындары болады. Сол бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған.

М.Әуезов

1

Білу

1. Абай қашан, қандай отбасында дүниеге келген?
2. Абайдың балалық шағы туралы не білесіңдер?
3. Бала Абай кімдердің өлең-жырларын тыңдап өскен?
4. Абай қандай білім алған?
5. Болашақ ақын қай кезден бастап өлең шығара бастаған?

2

Түсіну

Неліктен Құнанбай Абайды оқудан шығарып алады?

3

Талдау

Абай туралы мәтіннің басты ойы қандай?

4

Жинақтау

Абай туралы берілген мәтінді пайдаланып, мазмұндаудың жоспарын құрыңдар, тірек сызбасын жасаңдар. Құрылған жоспар бойынша ақын туралы әңгімелеп беріңдер.

1. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы әңгімелеуде ұсынылған кестені толтырып, сұрақтарға жауап беріңдер:

Абай туралы не білемін?	Нені білгім келеді?	Қосымша ақпаратты қайдан табамын?	Абай Құнанбайұлымен бөлісер ой, идеяларым

2. Абайдың балалық шағы туралы деректерді пайдаланып, «Бала Абайдың әлемі» атты тақырыпта әңгімелесудің үлгісін ұсыныңдар.
3. Абай туралы айтылған даналық ойлар қатарын жалғастырыңдар.
4. Абай дүниеге келген Шыңғыстау табиғатын сипаттаңдар:



5. «Абай әлем тілдерінде сөйлейді» атты тұсаукесер (презентация) дайындаңдар.
6. *«Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?»* – деген Абай сөзі туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

1. «...Менің балаларыма, ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс», – деген Нұрсұлтан Әбішұлының сөздерін қалай түсінесіңдер? Келешек ұрпаққа Елбасы қандай өсиет айтқысы келеді? Бұл сөздері сендерге қандай ой салады?
2. «Артық болмас білгенің» айдарындағы М.О.Әуезовтің естелігі туралы пікірлеріңді білдіріңдер. Абай қандай болған екен?

Бағалы дерек

Ахмет Риза медресесі – XIX ғасырда Семей қаласында ашылған діни оқу орны. Медресені діни философия мен ескі шығыс әдебиетіне жетік ғұлама Ахмет Риза ұйымдастырған. Онда діни сабақтар оқытылды. Абай үш жыл осы медреседе білім алған. Оның Семейдегі кітапханамен, мұражаймен, алдыңғы қатарлы адамдармен танысуына, өз бетімен орысша үйренуіне медресенің ықпалы мол болды. Ахмет Риза медресесі шәкірттеріне шығыс әдебиеті мен мәдениетін насихаттап, өз кезіндегі басқа діни оқу орындарынан аз да болса артықшылығын көрсетті. Көп ұзамай жабылып қалды. Қалпына келтірілген медресе ғимараты Семейдегі Абай мұражайының кешеніне енгізілген.



Ахмет Риза медресесі

Қазақ энциклопедиясынан

Даналық ойдан дән ізде

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.

М.Жұмабаев



Абай жастарға үлкен үміт артып, оларды еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуға шақырған.

Ғылым таппай мақтанба

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз.
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз.
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз...
Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл.
Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл –
Ғұламаһи Дауани.
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл..



CD 03

Абай тағылымы қандай?



Бағалы дерек

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі 1886 жылы жазылған. Алғаш 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең ағылшын, араб, әзірбайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түркімен, ұйғыр, т.б. тілдерге аударылған.

«Абай» энциклопедиясынан

1

Білу

1. Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде қандай өсиет айтады?
2. Ақын қандай нәрседен қашық, қандай нәрсеге асық болуға шақырады?
3. Неден жиреніп, неден ғибрат алу керек?
4. Ғалым болу үшін не істеу керек? Ғылымның құндылығы неде?
5. Өлең қандай тақырыпқа жазылған? Абай жастарды қандай болуға шақырады? Өлеңде қандай адамдарға мінездеме берілген?

2

Түсіну

1. Неліктен Абайға осындай өсиет айту қажеттілігі туды?
2. Неге ғылымсыз адамның күні жоқ?
3. Абай айтқан бес жаман мінез неліктен дұшпандарың болып саналады?
4. Адам баласына керек қасиеттерді неге «асыл іс» деп атаған?
5. Неліктен «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген?
6. Неге мал мен дүние ғылымға көңіл бөлгенде ғана келеді?
7. Абай неге:

*Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл, – дейді?*

3

Талдау

Венн диаграммасы арқылы адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттерді салыстырыңдар.

4

Жинақтау

Өлеңнің басты идеясын топтастырыңдар. Өсіп келе жатқан жас жеткіншекке қандай қасиеттер қажет? Ғылымның адам баласына пайдасы қандай?

5

Қолдану

1. *Қанағат, рақым, құмарлану, ғибратлі* сөздерінің синонимдерін табыңдар.

2. CD дискіден өлеңнің толық нұсқасын тыңдап, антоним сөздерді табыңдар.
3. Өлеңнің құрылысына талдау жасаңдар.
4. Өлең мазмұны бойынша «Үш қадам» кестесін толтырыңдар.

1-қадам Өлеңде көтерілген мәселелерді анықтаңдар	2-қадам Ақынның бес асыл іс пен бес дұшпан туралы сөз қозғау себебі...	3-қадам Қазіргі өмірде бұл мәселелер өзекті ме? Неліктен?

5. Өлеңнен үзінді жаттап алыңдар.
6. Абай өлеңдерінен нақыл сөздерге айналған жолдарды теріп жазыңдар.

6

Баға беру

1. «Бес дұшпаннан» арылып, «асыл істерді» молайту үшін не істеу керек? Өз ойларыңды ортаға салып, пікірталас ұйымдастырыңдар.
2. Абай аталарыңның ойын сендер қалай жалғастырар едіңдер? Сендер үшін «Бес асыл іс пен бес дұшпанға» нелер жатады деп ойлайсыңдар?

Менің ойым	
Бес асыл іс	Бес дұшпан
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	

3. Абай өлеңінен өз бойларыңа қандай жақсы қасиеттерді сіңірдіңдер?
4. «Ұлы Абайды оқығанда...», «Абайды оқы, таңырқа» деп басталатын ойтолғау жазыңдар.



Ақын Абайдың өлең жазудағы мақсаты қандай?

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін



Сөзмаржан

Әзірет әлі – Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы. Оның от шашқан жарқылдаған бейнесі, Мұхаммед пайғамбардан мұраға қалған ұшы айыр алмас қылышы, аты аңызға айналып, жекпе-жекке шыққан батырлардың қолдаушы, қорғаушы киелі пірі саналған. Әзірет Әлі қазақтың халық ауыз әдебиетінде Алланың Шері, Арыстан, Шер Әлі, Әлі Шер деген бірнеше лақап аттарымен де аталады.

даңғой – шу көтеруші, алаңғасар, әулекі

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Сөз айттым «Әзірет Әлі», «айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз».
Көрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Батырдан барымташы туар даңғой,
Қызшыл да, қызықшыл да өуре жан ғой.
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
Елірмелі маскүнем байқалған ғой.
Бес-алты мисыз бөңгі күлсе мәз боп,
Қинамай қызыл тілді кел, тілді ал, қой!

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.

Зергер сөз

Өлең – сөздің патшасы,
сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер
данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке
жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін
айналасы.

Абай

1

Білу

1. Абай үшін өлең жазу нені білдіреді? Қандай мақсатпен өлең жазады?
2. Ақын сөзін қандай адам ұғады?
3. Ақын өлеңі кімге арналған?

2

Түсіну

Абайдың:
Өлеңі бар өнерлі, інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер тұзге, – деуінің себебі неде?

3

Талдау

1. Абай өлеңіндегі жағымды, жағымсыз қасиеттерді салыстырыңдар.
2. Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін хрестоматияда берілген «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңімен салыстырыңдар. Қандай ортақ ойларды таптыңдар?

4

Жинақтау

Өлеңдегі негізгі түсінікті тірек сызба түрінде көрсетіңдер.

5

Қолдану

1. Өлеңнен сын есімдерді теріп жазып, олардың синонимдік, антонимдік қатарларын құрыңдар.
2. «Ақын өлеңі маған қандай ой салды?» тақырыбына постер құрыңдар.
3. Өлеңді жаттап алыңдар.
4. «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігін пайдаланып, *сәнқой*, *даңғой* сөздеріне түсінік беріңдер.

6

Баға беру

1. Ақын өлеңі туралы ойларыңмен бөлісіңдер.
2. Абай өлеңдерінен өз бойларыңа қандай жақсы қасиеттерді сіңірдіңдер?
3. Өз заманында Абай өлеңдерінің маңызы болды ма? Қазіргі заманда Абай өлеңдерінің өзектілігі туралы не айта аласыңдар?

4. «Өлең – сөздің патшасы» деп Абай зор баға берген «өлең» дегеніміз не? Өлең Абай бағасындай, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тию» үшін қалай құрастырылуы керек екен? Пікірлеріңді білдіріңдер. Жауаптарыңда әдебиет теориясында берілген түсінікті пайдаланыңдар.



Әдебиет теориясы

Өлең

Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін поэзиялық жанр түрі.

Өлеңнің өзінің құрылымдық жүйесі болады. Өлең тармақтардан, яғни, өлең жолдарынан, тармақ бунақтардан тұрады. Бунақ – өлең тармағының (жолының) ырғақтық құрылысы жағынан жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы, сөз өлшемі, ырғақтық кідіріс. Тармақтардың соңғы бунақтары үндесіп келіп, өлең ұйқасына әсер етеді. Бұлардың барлығы жеке жүйе құрап, өлеңнің шумағы деп аталады.

Мысалы, Абайдың:

Құлақтан кіріп, // бойды алар,
Жақсы ән мен // тәтті күй.
Көңілге түрлі // ой салар,
Әнді сүйсең, // менше сүй.
Дүние ойдан // шығады,
Өзімді өзім // ұмытып.
Көңілім әнді // ұғады,
Жүрегім бойды // жылытып, –

деген өлеңін алатын болсақ, бұл үзінді сегіз өлең жолынан, яғни, тармақтан құралған. Әр тармақ екі бунақтан тұрғандығын көреміз. Өлеңнің бірінші, үшінші, екінші, төртінші тармақтарының соңғы бунақтары бір-бірімен үндесіп, ұйқас құрап тұр. Барлығы өлеңнің шумағын құрайды. Ал бесінші, жетінші және алтыншы сегізінші тармақтарының да бунақтары ұйқасып, өлеңнің келесі шумағын құрап тұр.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығынан



Тапсырма

Өз таңдауларың бойынша өлең шумағын талдап үйреніңдер. Өздерің де өлең шумағын құрастырып көріңдер.



Абайдың қарасөздері – философиялық шығармалар. Ақынның қарасөздері жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. «Қарасөздер» жазудағы мақсатын Абай: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры, осыған байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», – деп түсіндірген екен.

Өздеріңе ұсынылып отырған «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөздерінде» ақын қандай ой толғаған?

Бірінші сөз

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді Құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып

Естеріңе түсіріңдер:

Абайдың қандай шығармаларын білесіңдер?

Меңгерілетін білім:

Абай қарасөздерінің мазмұны қандай?

CD 04

Абайды қандай сұрақтар мазалаған? Қарасөз жазудағы мақсаты қандай?

Зергер сөз

Бұл шығармада (қарасөздерінде) Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді.

М.Әуезов



Сөзмаржан

тілемсек – сұраншақ, тіленшек, емінгіш
кездеме – мата, бұл
харекет – іс-әрекет
софылық – сопы болушылық
сопы – дін жолына түскен адам, тақуа

отырғанның не пайдасы бар? Мұндасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күніңде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішпен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

1

Білу

1. Абай өлеңдерден басқа тағы қандай шығармалар жазған?
2. Ақынның қарасөздерінің саны қанша?
3. Абайдың қарасөздері қандай тақырыптарды қамтиды?
4. Абай қандай әдеттерден аулақ болуға шақырады?
5. Абай қандай қасиеттерді насихаттайды?
6. Ақынның қарасөздері қандай туынды?
7. «Бірінші сөзге» қандай атау беруге болады?

2

Түсіну

Абай неліктен қарасөз жазуға ден қойған? Абайдың қарасөз жазудағы мақсаты қандай?

3

Талдау

Қарасөздің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

4

Жинақтау

Абайдың «Бірінші сөзінің» мазмұнын тірек сызба арқылы көрсетіңдер.

Қарасөз мазмұнын өз сөздеріңмен айтып беріңдер.

Абай қарасөзінің мазмұны туралы қандай ойларыңмен бөлісе аласыңдар? Ақын ойымен келісесіңдер ме?



Сөзмаржан

һәм – әрі, және
тән – адам денесі, тұла бойы
хайуан – 1. Төрт аяқты мақұлық, жануар.
 2. *Ауыспалы.* Ардан безген, азғындаған қаскүнем, жауыз

Жетінші сөз

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп, бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем, көрсем, танысам екен деп, не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, ержеткен соң, ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тұра жүгіріп: «ол немене? бұл немене?» деп, «неге ұйтті?» деп, «ол неге бүйтті» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұны бәрі – жанның құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген сырын түгендеп, білмесе де, орны болмайды. Білмеген соң, ол жан адамы жаны болмай, хайуан жаны болады. Қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол не?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ, есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, кісісін тауып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек

Бағалы дерек

Абайдың қарасөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 жылы Семейде «Абай» журналында жарық көрді. Толық нұсқасы 1933 жылы М.Әуезов құрастырған екі томдық академиялық жинақта жарияланған. Қарасөздер орыс, қытай, француз, тағы да басқа көптеген әлем тілдеріне аударылды.
«Абай» журналынан

Сөздің көркі – мақал

Жақсы адам – елдің
ырысы,

Жақсы жер – жанның
тынысы.

Ақ жүрген адам азбас.

Адам болатын бала
алысқа қарайды.

Адам жүрген жермен
адам жүреді,

Біреу білмегенді, біреу
біледі.

керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізден билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жаңды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болатынын көңілге алмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Кеткенін айтса да, ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп те таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

1

Білу

1. Абай «Жетінші сөзінде» адам анадан қандай мінезбен туады дейді?
2. Абай жанның құмарына нелерді жатқызады?
3. Ақын тән құмарлығына нелерді жатқызады?
4. Қарасөзде айтылған басты мәселе қандай?

2

Түсіну

1. Абай неліктен: «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?» – дейді?
2. Не себепті «Жетінші сөзінде» Абай «бала күнімізде жақсы екенбіз» дейді?
3. Қарасөзде қандай құндылықтар туралы айтылған? Олар не себепті құндылықтар болып табылады?

3

Талдау

1. Абайдың «Жетінші сөзінің» басты идеясын анықтаңдар.
2. Абай қарасөздерінің көркем әңгімеден айырмашылығы бар ма? Ой-пікірлерінді білдіріңдер.

4

Жинақтау

Абайдың «Жетінші сөзінің» мазмұны бойынша тірек сызба құрастырыңдар.

5

Қолдану

1. Абайдың қарасөзіне атау беріңдер.
2. Оқулық, хрестоматияда берілген Абайдың қарасөздерінің мазмұнымен танысып, қарасөздегі ойлар мен тұжырымдарды топтастырыңдар:

Қарасөздегі ой-тұжырым атауы	Берілген түсінік
Тәnniң құмары	Ішу, жеу, ұйықтау

3. «Абай қарасөздерін оқығаннан кейінгі менің ойларым» тақырыбына эссе жазыңдар.

6

Баға беру

Абай қарасөзінен қандай тұжырым жасауға болады? Пікірлеріңмен бөлісіңдер.

Отыз бірінші сөз

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде гибрәтлану (үлгі) керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.



Сөзмаржан

кесел – ауру, сырқат, дерт; *ауысп.* ұнамсыз дағды, жаман әдет

салғырттық – селсоқтық, енжарлық

Зергер сөз

Абай – терең теңіз, алып мұхит. Абайды таныған сайын, оның түбіне маржандарын алу үшін сұңги беруің керек, сұңги беруің керек. Ал мен оның бетін ғана қалқыдым.

М.Әуезов

1

Білу

1. Абай «Отыз бірінші сөзінде» қандай мәселеге көңіл аударған?
2. Абай қарасөзіне қандай атау беруге болады?

2

Түсіну

1. «Отыз бірінші сөзінде» Абай неліктен «Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер» дейді?
2. Неліктен Абайдың «қарасөздері өмір тәжірибесінен туған ой толғамының қорытындысы» болып табылады?
3. Неліктен ой кеселдері күллі ақыл мен ғылымды тоздырады?

3

Талдау

Абайдың «Отыз бірінші сөзінің» басты идеясын анықтаңдар.

4

Жинақтау

1. Абайдың «Отыз бірінші сөзінің» мазмұны бойынша тірек сызба құрастырыңдар.
2. Қарасөзден қандай тағылым, үлгі алдыңдар? Топтастыру арқылы көрсетіндер.

5

Қолдану

1. Хрестоматияда берілген ақын қарасөздерінің мазмұнымен де танысып, қарасөздегі ойлар мен тұжырымдарға түсінік беріңдер:

Қарасөздегі ой-тұжырым атауы	Берілген түсінік
?	?

2. «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, қарасөз мазмұны бойынша келесі тапсырмаларды орындаңдар:
 - өзіндік ой-пікірді бір сөйлеммен білдіріңдер;

- екі сөйлемнен тұратын дәлел келтіріңдер;
- өз пікірлеріңді айғақтайтын мысалды екі сөйлеммен көрсетіңдер;
- өз пікірлеріңе қарсы бір сөйлемнен тұратын дәлел келтіріңдер;
- бір сөйлеммен қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал келтіріңдер;
- екі сөйлемнен тұратын қорытынды шығарыңдар.

6

Баға беру

1. Абай қарасөзі туралы пікірлерің қандай? Сендер тағы қандай мысалдармен толықтырар едіңдер? Ақын қарасөзінде қандай мәселені көтерген? Сендер қандай пікір қосар едіңдер?
2. Абайдың қарасөздері бүгінгі күні өзекті ме? Маңызы қандай? Неліктен?

Артық болмас білгенің

«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы 1909 жылы Петербор қаласында басылып шыққан. Жалпы, Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармалары туралы мәліметтер ұлы ақын дүниеден өткеннен соң барып қолға алынған көрінеді.

Абайдың қазасынан кейін туыстары мен балалары ақынның мұрасын жинастырып, баспаға әзірлеуге кіріскен. Кәкітай мен Тұрағұл 1905 жылы жазға салым Абайдың өлеңдерін, қарасөздерін жинап, түгендейді. Тапқандарын ескіше көркем жазудың хас шебері – Мүрсейіт Бікіұлының қолына беріп, әдемілеп көшіртеді. Ол бір айда жазып бітіреді.

Кәкітай мен Тұрағұлға ұлы ақынның қолжазбасын жинақтап, баспаға дайындауды тапсырған адам – Әлихан Бөкейхан. Жинақтың басқы бетінде: «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі. Бастырған: Кәкітай, Тұрағұл Құнанбайұлдары. 1909 ж.» деп жазылған.

«Абай» журналынан



Абайдың Қазан қаласында басылған өлеңдер жинағы, 1922 жыл



Қарасөз

«Қарасөз» деген атау өлең сөзден бөлек шығарма мағынасын білдіреді. Қарасөз «проза» деген мағынада айтылған. Қарасөз – еркін ой білдіру формасы. Абайдың қарасөздері – адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау. Қарасөздердің кейбірінде очерктік, шежірелік, зерттеушілік сипат болса, енді бірінде өсиет-өнеге, философиялық немесе көсемсөзділік ойтолғау сарыны бар, тағы бірі көпшілікпен, оқырманмен кеңесу, сұрақ-жауап түрінде әңгімелесу үлгісінде жазылған.

Қарасөздерінде Абай өз тұсындағы қазақ қоғамындағы түрлі өзекті әлеуметтік, моральдік т.б. мәселелерді: халықты өнер-білімге, ынтымақ-бірлікке үндеу, еңбек пен кәсіп, ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік жайы, ұлт бойындағы ұнамсыз, кеселді қылық, мінез, дағдыларды сынау мәселелерін көтереді.

«Абайдың қарасөздері»



Тапсырма

Абай қарасөздерінен өздеріңе ұнаған даналық ойды жаттап алыңдар.



Диалог құру

Бала Абаймен диалог құру үлгісін көрсетіңдер.



Кітапсүйерлер үшін

Абай Құнанбайұлы шығармаларының толық жинағынан ақын туындыларымен танысыңдар. Қалауларың бойынша жаттап алыңдар.

III ТАРАУ

МЕН – БАЛАҢ, ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӘУЛЕ ҚУҒАН



Мен – балаң, жарық күнде сәуле қуған,
Алуға күнді барып белін буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам, толған айдай балқып туған.

С.Торайғыров



«Қараңғы қазақ көгіне күн болып шығу» арманы болған, өмірі қысқа болса да, артына өшпес мұра қалдырған ақын шығармашылығымен танысамыз.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ



СҰЛТАНМАХМҰТ
ТОРАЙҒЫРОВ
(1893–1920)

Даналық ойдан дән ізде

Ана тілі – қайнаған қанның,
қиналған жанның,
толғантқан көңілдің,
лүпілдеген жүректің сығындысы,
онда дәм де, мән де болу керек.

С.Торайғыров

Біліп айтқан сөзге
құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге
шын жетпейді.
Өзің білмесең,
білгендерден үйрен,
Үйренгеннен
ештеңең кетпейді.

Төле би

Естеріңе түсіріңдер:

Абай және оның шығармашылығы туралы не білдіңдер?

XIX ғасыр әдебиетіне жататын қазақ халқының қандай ақындарын білесіңдер?

Меңгерілетін білім:

Сұлтанмахмұт Торайғыров кім?

Ақынның мақсаты қандай болған?

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында дүниеге келген. Болашақ ақын әкесінен ескіше хат танып, он үш жасынан бастап Әлі, Тортай, Мұқан, Әбдірахман деген молдалардан дәріс алады.

Торайғыров өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өнер-білім. Сондай шығармалар қатарына *«Оқып жүрген жастарға»*, *«Оқудағы мақсат не?»*, *«Шығамын тірі болсам, адам болып»*, *«Шәкірт ойы»* атты өлеңдері жатады. Ақын халықты қараңғылықтан құтқарудың жолы – оқу-білім деп түсінеді. Сондықтан да оқу-білімнің маңыздылығы мен қажеттілігі ақын өлеңдерінің ойқазығына айналады. *«Шығамын тірі болсам, адам болып»* өлеңінде:

Шығамын тірі болсам, адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп, надан болып, –
деп, өзінің ақындық тұжырымын жасаса, «Шәкірт ойы» өлеңінде:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам? –

деп серт етеді.

Ел-жұртын, халқын сүйген ақын адам болуды, азамат болуды бәрінен жоғары қойған. Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтеріп, қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар тудырған қаламгер.

С.Торайғыров білімге деген құштарлығының арқасында молдадан алған білімін қанағат тұтпай, 1912 жылы Троицк қаласындағы медреседе оқиды.

Қаражаты болмай, көп қиыншылықтарды басынан өткізген ақын ауруға шалдығады. Ауылда бала оқытып, шығармашылығын шыңдайды. «Оқып жүрген жастарға», «Оқудағы мақсат не?» атты өлеңдерінде өнер-білім тақырыбын тереңдете түседі. Өмірінің туы етіп білім алуды, оқуды көтерген ақын білім арқылы мұздаған елдің жүрегін жылытып, надандықтың тамырына балта шабуды армандайды.

Зергер сөз

Сұлтанмахмұт жас ақындардың ішіндегі ең бір күшті ақын еді. Өнер-білім сәулесін аңсап, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық зарын шегіп, жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жеңе алмай мерт болды. Тірі жүрсе, өзі айтқандай қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болғандай, от-жалындай зулаған болат қайрат, құрыш жігердің, кекті жүректің ақыны еді.

Ж.Аймауытұлы

Қай ақын-жазушының шығармаларында адам өмірінің, болмыстың дәл, жарасымды, көңілге қонымды сурет-картиналары көп болса, қай шығармада адамның өмірден, дүниеден алған әсері келісті көрсетілген болса, сол ақын-жазушы шығармаларының құны қымбат, өмірі ұзақ болады. Сұлтанмахмұттың шығармалары – осындай шығармалар.

Б.Кенжебаев

Сұлтанмахмұт – ХХ ғасырдың басындағы ұлттық ояну кезеңінің, ел еркіндігінің жалынды жаршысы, адамгершілік, әділдік идеяларын, өнер-білімді, ғылымды насихаттаған қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы.

З.Ахметов

Артық болмас білгенің

1920 жылдардан бастап, ақын шығармаларын жинастырған Жүсіпбек Аймауытұлы 1926 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сөздерін жинау науқанына атсалысыңыздар!» деген ашық хатында: «Ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жаннан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемесін», – деп жазды. Ал 1927 жылы 15 қарашада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына жазған хатында ол: «Сұлтанмахмұт сөздерін былтыр түгел жинап, үлкен кітап қылып, баспаға бергенмін. Одан «басылады» деген хабар алып отырмын», – дегенді. Бұл жинақ 1933 жылы Қызылорда қаласында Жүсіпбектің алғы сөзімен шыққан. «Жүсіпбек болмаса, Торайғыровтың толық жинағының шығуы, оның толық өмір тарихын білуіміз неғайбіл еді», – деп жазды белгілі ғалым Қайым Мұхамедханов. Бұдан кейін Сұлтанмахмұттану саласына Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев, Д.Әбілев, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Т.Әбдрахманов, Қ.Шәменов, А.Еспембетовтер мол үлес қосты.

Павлодар мемлекеттік университеті С.Торайғыров атымен аталады. Сол қаладағы Торайғыров көшесінде ақынға орнатылған ескерткіш бар.

«XX ғасырдың аса көрнекті ақын-жазушылары» кітабынан



Павлодар қаласындағы
С.Торайғыров ескерткіші



Ақын өмірдегі басты мақсат – өнер-білім үйрену, халыққа пайдалы болу деген өршіл ойын «Шәкірт ойы» деген өлеңінде тереңдете түседі. Ақын ойы қандай?

Шәкірт ойы

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кірермін!
Еңбек, бейнет тарауы
Рақатқа сарқылар.
Қыздырып күннің қарауы
Надандық теңізі тартылар.
Орны отайып көгерер,
Қызығын жайлап ел көрер.
Тұрмыс, тағдыр – бірі де,
Бұл мақсаттан бұра алмас;
Қаһарман Рүстем, Әли де,
Бұрам деп жолда тұра алмас.
Сыланған жардың күлісі,
Алдандырмас бірісі.



Сөзмаржан

бейнет – азап, мекнат, машақат

рақат – керемет, ғажап, ғанибет деген мағынада

сарқылу – ақтарылу, барын салу

1

Білу

1. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы туралы не білдіңдер? Сұлтанмахмұт Торайғыров кім?
2. Ақынның өнер-білім тақырыбына жазған қандай өлеңдері бар?
3. Ақын мақсаты «Шәкірт ойы» өлеңінің қай жолдарында берілген?

2

Түсіну

Өлеңнің неге «Шәкірт ойы» деп аталғандығы туралы ой бөлісіңдер. Ақын өмірімен байланысын көрсетіңдер.

3

Талдау

Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

Өлеңдегі шәкірт ойын топтау сызбасы арқылы көрсетіңдер.



1. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңдар.
2. Ақын атынан шәкірт ойын қара сөзбен жазыңдар.
3. Ақынның хрестоматияда берілген өлеңдерімен де танысып, өмірге деген көзқарасы туралы ой бөлісіңдер.

1. Өлеңнен келешекте қажет болатын қандай қорытынды шығаруға болады? Ой-пікірлеріңді «Ойлан, жұптас, пікірлес» тәсілі арқылы білдіріңдер. Ол үшін әрқайсысың өз ойларың мен пікірлеріңді ауызша немесе жазбаша дайындаңдар. Содан кейін жұптарыңмен талқылап, пікірлесіңдер. Ой-пікірлеріңді сынып алдында жариялаңдар.
2. Сендердің өмірдегі мақсаттарың қандай?
3. Сендерді қандай ойлар мазалайды?

Бағалы дерек

Сұлтанмахмұт бала кезінен алғырлығымен, зеректігімен көзге түседі. Ол нашар оқитын шәкірттерге көмектеседі. Азды-кемді жазған өлеңдері ауыл-үй арасында айтылып, шәкірттер аузында болады.

З.Ақышев



Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірдегі басты мақсат – өнер-білімге үйрену, халыққа пайдалы болу деген өршіл ойын «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңінде тереңдете түседі. Қане, оқып көрейік!

Шығамын тірі болсам, адам болып



CD 05

Ақын серті қандай?

Шығамын тірі болсам, адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда надан болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп, надан болып.

Мен – балаң, жарық күнде сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам, толған айдай балқып туған.



Сөзмаржан

жиһан – әлем, дүниежүзі
асылық – астамшылық, күпірлік
серт ету – уәде беру

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп, тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өзіме-өзім еткем егес!

1

Білу

1. «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңінде ақын қандай мақсат қояды?
2. «Надан» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

2

Түсіну

«Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңінде ақын неліктен надан болғысы келмейді?

3

Талдау

1. «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңінің басты идеясы неде?
2. Ақын өлеңі қандай сезімдерге толы?

4

Жинақтау

1. Ақынның алдына қойған мақсатын өлең мәтініне сүйеніп жазып шығыңдар: «Тірі болсам адам болып шығамын», ...
2. Өлең мазмұны бойынша қорытынды шығарыңдар.

1. Өлеңдегі автор бейнесін анықтаңдар.
2. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар, қалауларың бойынша жаттап алыңдар.
3. «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңінде көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасаңдар.

1. Адам болып шығу дегенді қалай түсінесіңдер? Сұлтанмахмұт өмірінің кезеңдері туралы не білдіңдер? Ақынның «адам болып шығу» туралы ойы жүзеге асты деп ойлайсыңдар ма?
2. Сұлтанмахмұт Торайғыров өз заманында «шығамын тірі болсам, адам болып» деген серт бергенін білеміз. Ақын берген сертін орындады ма? Қазіргі заманда сендер үшін өзекті тақырып туралы ой бөлісіңдер.
3. Ақынның ойы мен арманын қалай толықтырар едіңдер?

Артық болмас білгенің

С.Торайғыров 1914–1915 жылдары Семей қаласына келеді. Онда болыс Әбдікерім Ережеповпен танысып, мұғалім болып бала оқыту үшін, Шыңғыстайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне аттанады. Шыңғыстай мектебі жергілікті әкімшілікке аудармашылар мен кеңсе хатшыларын дайындайтын. Сұлтанмахмұт өз жұмысында заман талабына сай жаңа оқулықтарды пайдалана отырып, сабақ жүргізеді.

Жергілікті халық жас мұғалімді көп жыл бойы естеріне сақтап, өз ауылдарында мұғалімдік қызмет атқарған ақынды мақтан тұтады. Қазіргі ауыл мектебі С.Торайғыровтың атында.

«Танымал есімдер» жинағынан



Әдебиет теориясы

Градация

Дамыту (градация) – алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу.

Мысалы:

Қиқу салып құзға ұшқан,
Құздан суық мұзға ұшқан,
Мұздан биік бұлтқа ұшқан,
Бұлттан биік көкке ұшқан,
Қарулы қыран кім еді?

Т.Жароков

Шырағым, Бурыл шу! – деді.
Құбылып бурыл гуледі.
Табаны жерге тимеді,
Тау менен тасты өрледі.
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі.
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді,
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі...

«Қобыланды батыр» жырынан



Тапсырма

Әдеби шығармалардан градацияға мысалдар келтіріңдер.



Диалог құру

С.Торайғыров шығармашылығы туралы екеуара сұхбат құрыңдар.



Кітапсүйерлер үшін

С.Торайғыров шығармашылығымен «Толықшығармалар жинағы», «Таңдамалы шығармалар: өлеңдер», «Екі томдық таңдамалы шығармалары», «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» еңбектері арқылы танысуларыңа болады.

Ақынның өздеріңе ұнаған өлеңін жаттап алыңдар.



Белгілі жазушы Смағұл Елубай: «Прозасы – «алтын ғасыр» әдебиетінің саф таза, маржан мұрасы», – деп баға берген жазушы әлеміне бойлайық!

САЙЫН МҰРАТБЕКОВ



САЙЫН МҰРАТБЕКОВ
(1936–2007)

Естеріңе түсіріңдер:

Қандай қазақ жазушыларын білесіңдер?

Меңгерілетін білім:

Сайын Мұратбеков шығармашылығының ерекшелігі неде?

«Жусан иісі» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы қандай?

Сайын Мұратбеков 1936 жылы Алматы облысы Қапал ауданы Қоңыр ауылында туған. 1957–1963 жылдары ҚазМУ-де сырттай оқып, 1971 жылы Мәскеудегі Жоғары әдеби курсты бітірген.

«*Менің қарындасым*» деген атаумен тұңғыш әңгімелер жинағы 1961 жылы оқырман қолына тисе, одан бергі кезеңде: «*Ауыл оты*», «*Көкорай*», «*Оттау үй*», «*Жабайы алма*», «*Дос іздеп жүрмін*», «*Қалың қар*», «*Өліара*» атты прозалық кітаптары орыс тілінде де жарыққа шықты. «*Жусан иісі*» жинағы араб, өзбек, татар тілдерінде жеке кітап болып басылды.

Сайын Мұратбековтің «*Жусан иісі*» повесі – халықтың соғыстан кейінгі өмірі мен тұрмысы, қазақ ауылының, замандастарының тыныс-тіршілігін шынайы суреттеген туынды. Шығарма сюжеті анасы жоқ, жанындағы жалғыз жақыны

Зергер сөз

Сайын Мұратбеков өзіне ғана тән тақырыпты, жанрлық, стильдік даралығы, ерекше сөз нақышы, ашық үні, өзіндік бояуы бар шығармаларымен танылады.

М.Серғалиев

Сайын Мұратбековтің шығармаларының басты тақырыбы – адамгершілік, жан дүниесінің сұлулығы.

С.Әшімбаев

әжесі де қайтыс болып, соғыстан әкесін күткен Аян атты баланың өмірінің бір кезеңінде болған оқиғаларды құрайды.

С.Мұратбеков көркем аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ә.Әлімжановтың белгілі роман-повестерін, Г.Толмачевтің Д.Қонаев, Н.Назарбаев туралы деректі повестерін, Алекс ла Гуманың «Тас ғалам» романын қазақ тіліне аударды, «Тел өскен ұл», «Күзгі бұралаң жол», «Ұлтуған» фильмдерінің сценарийін жазды.

Сайын Мұратбеков – Мемлекеттік сыйлықтың, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

Артық болмас білгенің

Жалпы, әдебиетке ерте араластым. Тоғызыншыда оқып жүргенімізде, мектепте әдебиет газетін шығардық. Ол газетті «Достар» деп атадық. Сол газетке өлеңді басқа жігіттер жазсын деп мен прозаға ауыстым да, «Ауыл кеші» деп аталатын әңгіме жаздым. Ауылдағы әртүрлі оқиғалар бар, естігенім бар, көргенім бар, соның бәрін көз алдыма келтіріп жазған тұңғыш әңгімем еді. «Жабайы алманы» кейін жазуымның себебі де сол «Ауыл кешінен» басталды-ау деп ойлаймын. Кейінірек, облыстық газетке шығармаларым, мақала-очерктерім жиі жариялана бастады. Осылайша облыстық газетте үзбей жазып тұрдым. Ауылдағылардың бәрі менің мақалаларымды оқып, мені хан көтеріп жүрді. Арада тура екі жыл өткеннен кейін, 1957 жылы «Жұлдыздың» бірінші санына «Менің қарындасым» деген әңгімем шықты.

С.Мұратбеков

Даналық ойдан дән ізде

Көпұлтты әдебиетіміздің гүлдеп тұрған мәуелі бағында Сайын Мұратбековтің жас талдай желкілдеп бой көтерген тамаша прозасы бітік шығып, алыстан көзге түсіп, көз тартары сөзсіз.

Ғ. Мүсірепов

Шағын жанрдың шебері атанған жазушы Сайын Мұратбековтің мықтылығы да сол – оқырманын самарқау қалдырмайтын. Бірге жетелейді, күрсіндіреді, күйіндіреді, қуандырады. Сайын Мұратбеков – өткен ғасырдың 50-жылдарының соңы, 60-жылдардың басында әдебиет көшіне өзіндік қолтаңбасымен келген талантты қаламгер. Шоқтығы биік «Жабайы алма» романы үшін Мемлекеттік сыйлық алды.

Қ.Ысқақ

Сайын Мұратбеков роман жазған жоқ. Оның романы – әңгімелері. Ал әңгімелері мәңгілік даңқтың иелігіне шақыру алған. Қаламгер бақыты сондай-ақ болсын...

Б. Майтанов



Балғын балалық шақтары Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарына дәл келіп, ерте есейген шығарма кейіпкерлерінің тағдыры сендерге де ой салары анық.

Жусан иісі (повестен үзінді)



Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрете жүгіретін, шілбиген ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, есі қалмай, далбақтай жүгіріп келе жатқан Аянды көргендей болам. Сондайда ол алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен: «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деген жалынышты үнін естимін.

Әуелде біз, балалар, оның ертегі айтатынын білгеніміз жоқ. Ол әжесі екеуі біздің ауылға қырық екінші жылдың жазында көшіп келген. Мал дегеннен, тек бұзаулы қоңыр сиыры бар еді. Аянның әкесі майданға аттанып, туған анасы содан екі ай бұрын қайтыс болыпты. Біздің ауылда әжесінің жамағайын төркіндері бар екен, соларды сағалап келсе керек.

Біз, балалар, көшеде екіге жарылып ап, қағазға топырақ орап, бұрқылдата лақтырып, атысып ойнап жүргенбіз.

...Ойынның осындай бір қызу шағында біздің «атаман» Садық кілт тоқтай қап:

– Әй, анау кім, ей? – деген.

Бәріміз сол нұсқаған жаққа қарадық. Анадай жерде: шолақ жең, ақ жейде, тізеден жоғары қысқа қара шалбар киген, кекіл шашы бар, мұнтаздай бір бала тұр екен. Біз қараған кезде ол өзінше әлдеқандай боп кейкііп, екі қолын қалтасына сап, шіреніп қойды.



Сөзмаржан

шілбиген – ілмиген
төркін – 1. Тұрмысқа шыққан қыздың ағайыны, туған-туысқаны. 2. Түпкі негізі, шыққан жері, басты арқауы

мұнтаздай – тап-таза, кіршіксіз

кейкию – 1. Басты жоғары көтеріп кегжию. 2. Тәкаппарланып көзге ілмеу, менменсу. 3. Маңғаздану, өзін жоғары ұстау, бұлдану

Даналық ойдан дән ізде

«Жусан иісі» – соғыс кезінде жетім қалған ұрпаққа қойылған ескерткіш. Кіп-кішкентай Аянның әкесін сағынып, оның жусанның иісі сіңген тонын иіскейтіні, өзінде шана-сы жоқ бола тұра, қазіргі балалар сияқты «менде анау жоқ, менде мынау жоқ» деп біреуге жалынбай, балалардан өзінің тапқырлығымен алып, түнде шана тебетіні, ойын баласының өз қажеттілігін өзі қанағаттандыруы... бұл – көркем мәтіннің қазақ әдебиетінде сирек кездесетін асыл үлгісі.

А.Ісмақова

Ойынды тастай сала бәріміз бірдей топырай жүгіріп, әлгінің қасына келдік. Адам көрмегендей бір-бірімізді кимелеп, қоршалай тұра қалдық. Үстіміздегі киімнің кімдікі қара, кімдікі ақ екенін біліп болмайды, баттасқан шаң-топырақ. Шетімізден ит талағандай, алым-жұлым, алқа-салқамыз. «Бұл кім-ей? Қайдан келген-ей?» деп бір-бірімізді тұртпектей береміз. Өзіне бастан-аяқ шұқшия қарап шықтық. Ол да сынағандай әрқайсысымызды бір-бір шолып өтті. Біздің ұсқынсыз түрімізге көңілі толмаған сияқты, шолақ танауын тыржитып қойды. Қоңырқай жүзі тершіп, маңдайындағы бір-келкі етіп қиылған кекіл шашын үрлеп тұрды. Кекіліміз жоқ бізге оның сол қылығының өзі кереметтей сүйкімді көрініп, қызыға қарадық.

– Кекілін қара, ей, өзінің, жаман әліне қарамай, – деп қағытып өтті Есікбай. Біз күлкіміз келмесе де оның сөзіне қошмет білдіріп, сықылықтай күлдік. Жаңа келген бала қызараңдап, теріс айналып кетті.

– Ә... Мен білдім, – деді Садық мақтана дауыстап. Онан соң әлгі баланың алдын орай өтіп: – Ей, бала, сендер кеше көшіп келдіңдер ғой, ә? Қоңыр сиырларың бар ғой, ә? – деді.

– Иә, – деді томсырайып тұрған бала сөзіне күлімсіреп, – қоңыр сиырымыз бар.

– Атың кім?

– Аян.

Біз бәріміз тегіс ұмытып қалмайық дегендей, «Аян, Аян...» деп күбірлесе қайталап қойдық.

...Алғашқы күннен бастап, Аянмен етене жақын дос болуды әркім-ақ ойлай бастаған. Бірақ ол ешкімге ерекше

ықылас білдірген жоқ. Бірімізден-бірімізді бөліп жарған жоқ. Бәрімізбен де жақсы жолдас болды. Үш-төрт күн өткен соң, әбден үйренісіп алғаннан кейін ұрынарға қара таппай жүретін Есікбай басқа балаларға істейтін қылығын Аянға да істеді. Онымен төбелескісі келіп, өзінен-өзі жәнсіз тиісе бастады. Аян оған жасқаншақтай қарап:

– Қойсаңшы енді, – деп күңкілдеген сайын, Есікбай ыржақтап кеп, қайта-қайта оның басынан тоқай алып, аяғынан шалып, мазасын кетірді. Ыза болған Аян ақырында:

– Төбелесесің бе? – деген. Есікбай оны мазақтай түсіп:

– Сенімен бе, қойшы-ей! – деп кеп, сілекейін Аянның бетіне жаға салды. Мұнан әрі шыдау мүмкін емес еді.

– Мен бұл көшенің ортасында төбелеспеймін. Жүр, анау сайға. Ел көрмейтін жерге барып төбелесейік, – деді Аян.

– Қойшы-ей, мынау дәй ғой-ей, – деп Есікбай сілекейін тағы жақты. – Жүр, ал, Есікбай көкеңнің жұдырығын иіскегің кеп тұрса.

Ол енді Аянды итермелей түсіп, сайға қарай жүгірді. Екеуінің төбелесін көру үшін біз де ердік. Сайға түскен соң Аян жейдесін шешіп, шеткі бұтаның басына ілді де, бірден Есікбаймен алыса кетті. Есікбайдың бойы анағұрлым биік еді. Екеуі шартпа-шұрт белдескен кезде, ол Аянды белінен қапсыра қысып, қайқайтып бойымен басты. Бірақ қанша күшенгенімен, жығуға шамасы келмеді. Дереві бір қолымен Аянның кекілінен шап ете қап, шалқасынан гүрс еткізді. Жығып ап Аянның бет-аузын былшылдатып соға бастады. Аян тырс етіп үн шығармастан, астында жатып құр қол-аяғын ербеңдете береді. Тек бір кезде Есікбай:

– Ой-бай!.. – деп баж ете түсті де, бір жағына қарай бұраңдап жығыла берді. Аян оның қолын бұрап жіберген екен. Енді Аян күш алды. Ол аузы қан-қан болып атып тұрып, Есікбайды алқымынан бүре түсіп, жер сүздіріп тұқырта берді.

– Ойбай, болды, болды... – деп айқай салды Есікбай. Аян оның басынан аттап тұрып кетті.

...Күзде оқу басталып, жеті менен он жастың аралығындағы өңшең бірыңғай балалар бірінші сыныпқа бардық. Бізді Иманжанов деген шашы аппақ құдай, қол-басы тоңған адамша дірілдей қалшылдап, көзі қып-қызыл боп жасаурап отыратын қарт кісі оқытты. Бұл кісі денсаулығының нашарлауы себепті қаладан көшіп келген мұғалім екен. Бізге күн сайын үйінен әкелген қағазды бір-бір парақтап үлестіріп беріп, әріптерді үйрете бастады.

Аян екеуіміз бір партаға отырғанбыз. Бірінші күннен-ақ ол зеректігімен көзге түсті. Мұғалімнің тақтаға жазған әріптерін айна-қатесіз қағазға түсіріп, тез жаттап алып жүрді. Тіпті келе-келе күніне бір-екі әріптен ғана өткенімізге көңілі толмай:

– Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен? Шіркін, әкеме хат жазар едім, – деп күңкілдейтін.

Әрине, майдандағы әке-ағамызға хат жазу – бәріміздің де көкейіміздегі асыл арман еді. Сонымызды сезгендей Иманжанов та бізге тезірек хат танытуға бар күшін салып бақты. Сөйтіп бас-аяғы бірер айдың ішінде әріптерді тегіс жаттап, бірлі-жарым сөздерді құрап жаза алатындай халге жеттік. Ал Аян болса, кәдімгідей: «Аса жаннан артық көретін аға...» деп бастап, хат жазатын болды. ...Ол күнде екі-үш хаттан жазады. Кейде әжесінің де айтқанын жаза беретін. Біз, басқа балалар, әлі де сөйлем құрастырып жаза алмайтынбыз. Сондықтан Аянға кеп:

– Хат жазуды үйретші, – деп жата жабысатынбыз. Аян бөлденбейтін. Жымың-жымың етіп күлетін де:

– Мә, мына менің хатымды көшіріп жаз, тек менің ағамның орнына өз ағамның атын жаз, – деп қоятын.

Сөйте-сөйте хат жазуды бәріміз де үйрендік. Енді біздің ауылдан күніне майданға сөзі де, мазмұны да, кейде тіпті кісі аттары да бірдей жиырма-отыз хаттан кетіп жататын болды.



Дәл біздің хат тануымызды күтіп жүргендей-ақ екі айдан кейін Иманжанов та қатты ауырып, төсек тартып жатып қалды. Басқа мұғалім келмеді. Осылайша біздің оқуымыз да келер жылға дейін тоқтаған еді.

Бірде Аян өрістен бұзау айдап келе жатып үйретемін деп, өзінің қасқа бұзауына секіріп мінген. Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп, жығып кетті. Сол жолы Аянның тобығы тайып, бір айдай үйде ауырып жатты. Осыдан кейін-ақ Аянның тобығы тайғыш болып алды. Қит етіп алысса, я секірсе, тобығы тайып кететін де, Аян:

– Ойбай, ойбай, аяғым-ай, аяғым-ай.... – деп жанұшыра бақырып жата қалатын.

Бірте-бірте алысып-жұлысып ойнайтын ойындарға араласпай, шеттеп, бар қызыққа тек анадайдан сырттай қызыға қарап тұратын болды. Тобығы үшінші рет тайғанда, ол үйінде бір айдан ұзақ жатты.

Бұл кезде қыс түсіп, қар жауған. Біз болсақ, сырғанақтың қызығына кіріскенбіз.

Біздің ауыл Ешкіөлмес деген кішкене қоңыр таудың дәл етегінде еді. Ұзыннан-ұзақ бір көше боп жоғарыдан төмен қарай созылып жататын. Қыста осы жалғыз көшенің басынан-аяғына дейін балалар шуылдаса топырлай жүріп қарды таптап, сырғанақ жасайтынбыз.

Бүгін де сырғанақтағы ойынның сондай бір қызған шағы еді. ...Кенет бүкіл ауылды шулыға шыққан ащы бір дауыстар селт еткізді. Төбе құйқаны шымырлатып жоқтау айтқан дауыстар. Аянның үйінен шығып жатыр. Бәріміз бірдей дүрліге, дүркіресіп Аянның үйіне қарай лап қойдық. «Аянның әжесі өліп қалыпты» деген сыбырды алқына тұрып, сүйінші сұрағандай бірімізге-біріміз жеткіздік.

Жарғақ сары тон киген Аян күлімдеп тұратын қара көзі шарасынан жаутаңдап, өңі боп-боз, есігінің алдында тұр екен. Үйінде көрші-қолаң әйелдер бір-бірімен шуылдаса көрісіп, азан-қазан болып жатқанмен, ол көзіне жас алмапты. Біз өзара сөйлескеніміз болмаса, оған үн қатқанымыз жоқ. Аян да бізді үнсіз қарсы алды. Сүйреткен шанамызға, конькиімізге көз салады. Тоңғаннан ба, танауын жиі-жиі тартып, дір-дір етеді.

«Әжесі өлгеніне неге жыламайды-ей?», – деп қоямыз. Аян естісе де, естімеген адамша міз бақпайды. Тек әлдебір уақытта, бас жоқ, аяқ жоқ:

– Ертегі тыңдайсыңдар ма? – деді. Онан соң біздің жауабымызды күтпестен өзі бастап, үйдің бұрышын айналды. – Жүріңдер, үйдің сыртында отырайық...

– Ертеде бір жетім бала болыпты... – деп ертегісін бастады. Сол күні оның ертегісі түннің жарымында бір-ақ аяқталды. Әуелде тұнжыраған күймен жабырқау басталса да, келе-келе ертегісінің күлкілі оқиғасы көбейіп, Аян да бауырын жазып, бәріміз көңілді күлкіге батып, қарық боп қалдық. Тіпті Аяның әжесінің өлгенін де ұмытып кетіппіз. Сықылықтап күлісіп, мөз-мәйрам боп:

– Ей, тағы да айтшы.

– Тағы да айтшы, – деп, жан-жақтан шулап қоя бердік.

– Жоқ, ертең айтайын, бүгінге осымен бітті, – деді ол салмақты үнмен. Басын көтеріп аспанға қарады. – Е, жұлдыздың нуы жиі екен, ертең де күн ашық болады, – деп қойды үлкен кісіше.

Бәріміз жапа-тармағай аспанға қарадық. Шынында, жұлдыздар жайшылықтағыдан әлдеқайда көп еді.

Менің қасымда отырған Садық:

– Қалай біледі-ей! – деп таңырқауын жасыра алмады. Енді бірде менің құлағымға сыбырлап:

– «Нуы» деген не? – деп сұрады.

– Білмеймін, – дедім мен де.

Ертеңіне Аяның әжесі жерленді. Жұрт ат қойып зираттан қайтқанда, Аян әжесінің қабірінің басында елдің ең соңынан шошайып жалғыз қалды. Ол бұл күні де жылаған жоқ... Қарлы топырақ араласқан жас қабірге жаутаңдап біраз қарап тұрды да, бір уыс топырақты іліп ап: «Топырағың жеңіл болсын, әже!»,

– деп шашып жіберді. Онан соң қып-қызыл боп тоңған екі қолын аузымен кезек-кезек үрлеп қойып, ауылға қайтты. Сол күні Аян әжесінің тумаласы Бапай деген шалдың үйіне көшті.

Біз көшеде сырғанақ тебуге кіріскенбіз. Дәл осы кезде, азын-аулақ көрпе-жастық тиелген шананы Бапай айдап, Аян өзі қоңыр сиырын бұйдасынан жетелеп, көшенің басындағы шалдың үйіне көшіп бара жатты. Қоңыр сиыр үйренген қорасынан шыққысы келмей тартыншақтай бастаған, біз бір топ бала шуылдаса қаумалап артынан айдадық. Қоңыр сиыр көзі шарасынан шыға шатынап, танауын пысылдатып, басын шайқап-шайқап, Аянды сүзіп жіберердей боп, алға қарай

Сөздің көркі – мақал

Талабы жоқ жас –
қанаты жоқ құс.

Мейірімділік – жүректен,
Мейірімсіздік – білектен.

Әркімнің өзі шығар
биігі бар.

Жақсының соңынан
көп ереді,
Жаманның соңынан
шөп ереді.



Сөзмаржан

ну – арасынан ит тұмсығы өтпейтін қалың жыныс.

Бұл жерде: жиі деген мағынада

тумаласы – туысы

Артық болмас білгенің

Аяанның ертегі айта-тындығы Сайынның өзіне аздап келеді. Бірақ Аяанның прототипі бар. Ол – ауылда тобығы тайғандықтан, аяғын қисандатып, сәл ішіне басатын Ұзақбай деген бала. Сол баланың тағдыры шығармаға арқау болған. «Жабайы алмадағы» Қанат та өмірде бар адам. Қанаттың тағдыры – Сайынның ауылындағы Науқан деген баланікі. Оның да әкесі соғыста қайтыс болған. Шешесі соғыс уақытында колхоздың жұмысынан зорығып өлген. Қазір Науқан ауылда тұрады. Ақсақал болды. Он алты баласы бар. «Жабайы алмадағы» балалар – Сайынның ауылындағы «Қызыл жұлдыз» бригадасының балалары. Ал «Басында Үшқараның» деген әңгімедегі Әсет – Сайынның өзі.

*Мәриям апай
естеліктерінен*

оқтана жүрді. Бірақ сүзген жоқ, жүріп келе жатқан бойда Аяанның қаудырлаған сары тонының етегінен иіскеді де, түмсығын созып, ыңырана мөңіреді. Аян ақсаңдаған күйде бізге бұрыла қарап:

– Жануар, бәрін біледі... – деді. Аяның сиырын Бапай шалдың үйіне дейін айдасып барғаннан кейін біз сырғанаққа оралып, ойынға қайта кірістік. Сәлден соң Аян да сырғанақ басына келді. Өзінің шанасы жоқ, сондықтан елдің шана тепкенін қызықтап қарап тұрды. Бірде менің көк тақтайлы шанамды нұсқап:

– Менің де шанам дәл осындай еді, көшкенде ана жақта қалды, – деп қойды.

Мен оның жаудырап қарап тұрғанына шыдай алмай:

– Мә, Аян, сен бір жол теуіп кел, – деп шанамды бердім. Қуанғанынан ол езуін жия алмай ыржия күліп кеп шанаға отырды да:

– Ал кім менімен жарысады! – деп айқайлап, еңіске қарай зулата жөнелді.

Менен кейін оған шанасын Садық берді, онан кейін Есікбай берді, қысқасы Аян бәріміздің шанамызды бір-бір реттен теуіп шықты. Ол қып-қызыл боп қара терге түсе еңтігіп, алабұртып, елден ерекше даурыға сөйлеп, сақылдап күлумен болды. Ымырт сәулесі ыдырап, қараңғылық үйіріле бастаған кезде, басынан тымағын алып, желпіне тоқтаған Аян:

– Жүріңдер, бүгін мен кешегіден де қызық ертегі айтамын, – деді.

Біз опыр-топыр болып шуласып, Аяның бастауымен Бапай шалдың үйінің іргесіне келдік. Аянды ортаға алып, енді жайғасып отыра бергенімізде, есік ашылып, сыртқа Бапайдың кемпірі шықты да:

– Үйібай, бетім-ай, бұ дүбірлеген не десем, мыналар екен ғой. Аулақ жүріңдер әрі, өй өңшең топырлаған немелер! Онысы несі-ай, тап терезенің түбіне кеп үймелегендері! – деп қуып жіберді. Енді қайттік дегендей көшеде аңтарылып тұрғанымызда Садық:

– Мен таптым қай жерге отыруға болатынын, – деді. Бәріміз соған қарай қалдық.

– Анау ат қораның төбесіне шығайық та, шөпке белуардан кіріп ап отырайық...

Біз санымызды шапақтап уралап, ауылдың шетіндегі ат қораға қарай жүгірдік. Арт жағы аласа тас қораның үстіне тырмыс-тырмыса шығып алдық та, сол күні ғана Қараойдан әкелінген көк жауқазын шөпті үңгіп-үңгіп жіберіп, отыра-отыра кеттік. Құрғақ шөптің танауды жарған хош иісі мас қылғандай тұла бойды шымырлатады. Шетімізден пысқырынып, мұндай рахат дүние тапқанымызға мәз-мейрам боп, бірімізді-біріміз итеріп қап, шөпке аунатып, сықылықтай күлісіп, жұмсақ шөпке тығыла түсеміз. Бәріміз алқа-қотан жайғасқаннан кейін ортамыздағы Аян тісінің арасынан сызылта шырт дегізіп түкіріп қойып, көтеріле түсіп, астына шөп жұмарлап, басқамыздан орнын биіктеу ғып отырды. Онан соң қабағын шытып, ойға батқан күйде төмендегі үңірейге қарауытып жатқан терең құзға көз жіберді. Біз де еріксіз енді солай қарай жалтақтадық. Құз іші қорқынышты.

– Ертеде бір жетім бала бопты... – деп Аян екінші ертегісін бастады.

Сыбырлай шыққан даусында өз айтқанына қалайда қалтқысыз сендіретіндей керемет бір күш бар. Біз тым-тырыс боп тына қалдық. Бір сәтке дәл астымыздан – қораның ішінен жылқылардың күтір-күтір шөп жеп тұрғаны, пысқырғаны, тарпығандары, қасынғандары естілді. Бірақ біртіндеп Аянның ертегісі қызған сайын, әлгі дыбыстардың бәрі құлақтан шет қалып, төңіректі – бүкіл Ешкіөлмес баурайын, төмендегі терең құзды ғажайып бір тыныштық басты. Бұл дүние – ертегі қиял дүниесіне, сиқырлы дүниеге айналып, біз өзіміздің бар-жоғымызды да ұмытқандай болдық. Сол күннен бастап, күнде кешкісін ат қораның төбесіне жиналуды әдетке айналдырдық... Ғажап ертегілер еді... Дүниедегі жақсылық атаулының бәр-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға тән не бір асыл қасиеттің барлығы да сол Аянның ертегілерінде болушы еді. Аян батырлық туралы ертегі айтқанда, біз – алым-жұлым киінген қара борбай балалар, бір сәтке жадау қалпымызды ұмытып, шетімізден: көк семсерді

Артық болмас білгенің

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазақстан өзінің барлық мүмкіндіктерін – адамдар, өндірістік қуаттар, табиғат байлығы мен рухани қорын майдан талабына бағындырды. Майданға Қазақстанның әрбір төртінші азаматы аттанды. Бұл соғыста Қазақстан 602 939 адамынан айырылды. Әрбір екінші қазақстандық майдан даласынан қайтып оралмады.

Көпұлтты Қазақстаннан аттанған жауынгерлер соғыста жанқиярлықпен ерлік көрсетсе, тылдағы еңбеккерлер жанкештілікпен еңбек етті. Соғыстың 4 жылы ішінде Қазақстан мемлекетке 482,8 мың тонна астық, 217,6 мың тонна картоп, 143,2 мың тонна көгөніс, 1193,2 мың тонна қант қызылшасын, 155,3 мың тонна мақта тапсырды. Қазақстан еңбекшілері майданға 25 миллион дана жылы киім, Отан қорғау қорына 4 миллиард сомнан астам қаражат берді.

*«Қазақстан тарихы»
оқулығынан*

жарқ-жұрқ еткізіп, ат ойнақтатып, жауға қарсы арыстанша шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді. Өмірімізде қос ауыз мылтықтан өзге ештеңені көрмесек те, жарқ-жұрқ еткен көк семсер тұрғанда зеңбірек, пулемет дегендер айтар сөзге, көңілге олқы түсіп, ойыншық сияқты боп қалатын. Өйткені Аянның ертегілеріндегі батырлар сілтеген көк семсерге қызығып иланатынымыз сонша, оны қару біткеннің құдайы көретінбіз.

– Ух, шіркін, сондай семсерім боп мен де соғысқа барсам, фашистерді тура бауша қияр едім, – деп тістенетін Есікбай.

– Ал мен бар ғой, тек бастарынан ғана шабар едім, – дейтін Садық арман еткендей даусын соза сөйлеп, құшырланып.

– Көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп келе жатқанымда, алдымнан көкем шыға келсе... Ой, керемет болар еді-ау, ә?

Мұнан әрі соғысқа баруды, фашистерді қыруды, сөйтіп әке-ағаларымызды тауып алуды әрқайсымыз өзімізше сөз етіп, тәтті арманға шоматынбыз... Өзі жетім болған соң ба, кім білсін, Аянның ертегілері көбіне жетім бала туралы болушы еді. Жетім баланың тағдырына байланысты үрейлі ертегіні бастаған кезде, ауылдың шетіндегі сай-саланы, жыра-құзды тегіс: жалмауыз кемпірлер, жезтырнақтар, жалғыз көзді дәулер, дию-перілер жайлап кеткендей болушы еді. Төңірек тегіс үрейге толатын. Құз жақтан соққан суық желдің ызыңы неше түрлі боп құбылып естілетін. Бірде сыңсып, бірде ұлығандай үн келетін құлаққа... Біз әр дыбысты қалт жібермес-тен үрпиісіп, біреу «а!» десе, «ойбай»,

«аттанға» бірдей салып тым-тырағай зытуға дайын отыратынбыз. Ғажап ертегілер!.. Ертегі біткен кезде ғана «уһ» деп еркін тыныстап, құрыстап қалған бойымызды жазып, керіліп-созылып, жетім баланың бақытқа кенелгеніне шын жүректен қуанатынбыз...

...Кей күні Аян сирек тістерін көрсете отырып, жымың-жымың күліп қойып, көңілді, күлдіргі ертегілерді бастайтын... Ол күні біз дүниеде соғыс дегеннің бар екенін, әрқайсысымыздың әке-ағаларымыз алыста, сонау батыста жауған оқтың астында жүргенін де естен шығаратынбыз.

– Аян, тағы да осындай бір ертегі айтшы, – деп, тұс-тұстан жалынатынбыз оған. Бірақ Аян бір түнде бір ертегіден артық қалай жалынсаң да айтпайтын. Орнынан тұрып, үстін қағып:

– Түн ортасы болып қалды ғой, жетер енді, – дейтін салмақтап сөйлеп, – сендер қызықсындар, бір күннің ішінде екі ертегіні ойлап шығару оңай дейсіңдер ме? – деп қоятын онан соң... Оның асыға күтетін шағы – күннің ұясына қонуы. Күн ұясына қонды дегенше-ақ жүзі жадырап сала береді.

– Ал, жүріңдер, мен кешегіден де қызық ертегі айтамын, – деп еліктіре жөнеледі. Кейде ертегі тыңдауға ол күндіз де шақыратын.

– Сырғанақ деген немене, тек киім тоздырып, шаршау, – деп менсінбегендей ернін шүйіріп қоятын.

– Мыналар шана ма?! – дейтін мұрнын тыжырайтып. Шіркін, өзінің рулі бар, алдында шамы бар, ылдиға да, өрге де бірдей сырғанайтын шана болса.

– Ой, қойшы, ондай шана болушы ма еді?

– Болғанда қандай. Қобыланды батырдың Тайбурылындай ұшатын аттар бар ма? Бар. Ендеше ылди-өрге бірдей сырғанайтын рульді шана да бар...

Бір күні күн бұлттанып, оңынан баяу ғана ызғырық жел соғып тұрды. Қараңғылық ерте түскен. Біз де дағды бойынша, ауыл үйлері шам жаға бастаған кезде ат қораның төбесіне жинала қалдық. Аян бұл күні өте-мөте көңілді еді.

– Әй, мен сендерге бір қызық айтайын ба, – деді ол сүйінші сұрағандай қуанышты үнмен. – Мен бүгін таң алдында түсімде ағамды көрдім. Рас айтам. Түнде жатарда ағамның пальтосын басыма жастап, көпке дейін иісін иіскеп жатқам. Ағамның иісі сіңіп қапты. Біртүрлі жусанның иісі сияқты жақсы иіс. Мен бүйтіп жағасына мұрнымды тығып алдым да, ұзақ-ұзақ иіскедім. Әжем ылғи: «ағанды анау Жусантөбенің үстінде, мал қайырам деп жүргенде, айдалада тапқанмын» дейтін... Менің ағамда жусанның иісі содан қалған... Сөйтіп жатып ұйықтап едім, түсіме кірді...

Бағалы дерек

Жусан – астралылар тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде бір не екіжылдық шөптесін өсімдіктер тегі, көбіне шала бұта.



Қазақстанның барлық жерінде – шөл-шөлейтті далада, таулы жерлерде өсетін 81 түрі бар. Жусанның биіктігі 10–60 см, кейде 1,5–2 метрдей болады. Сабағы тік немесе жерге жайылып өседі. Жапырағы кезектесіп орналасқан, қауырсын тәрізді, шеті тілімденген, кейде бүтін жиекті. Ұсақ гүлі қос жынысты, сары түсті, себеттері көп, әбден піскен кезде шашыраңқы иіліп келген сыпыртқы гүлшоғырын құрайды. Шілдеден қыркүйекке дейін гүлдейді. Жемісі – тұқымша. Жусанның 17 түрі сирек кездесетін эндемик түрге жатады, ал Қазақстанда ғана өсетін бір түрі – дәрмененің дәрілік шөп ретінде ерекше мәні бар. Шырғалжын жусанның жапырағы мен сабағын жеуге болады, құм жусаны құм тоқтату үшін пайдаланылады. Арасында улы түрі (таврий жусаны) де кездеседі, оны мал жемейді. Жусан – құнарлы мал азығы, дәрілік, бояуыш, тағамдық, витаминді, эфир майлы өсімдік. Жусанды қолдан (мысалы, тамыржусан) да өсіреді.

Балалар энциклопедиясынан

– Мен де ылғи көкемнің пальтосын жамылып жатамын. Менің көкемнің пальтосынан да жусанның иісі шығып тұрады, – деді бір бала. Сөйткенше болған жоқ, тұс-тұстан жамырай дуылдап, соғыста жүрген әкелеріміздің, ағаларымыздың үйде қалған киімдерін еске алып, олардан шығатын иісті сөз етіп кеттік. Және бір қызығы – көпшілігіміз ол иісті жусанның, дәл өзіміздің ауылдың іргесіндегі жусанның иісіндей дестік. Онан бір кезде Аян:

– Менен де жусанның иісі шығып тұрады, ағама тартқанмын. Міне, иіскеп көріңдерші, – деп өз омырауына тұмсығын тықты. Біз дереу кезектесіп, оның омырауын иіскеуге кірістік. Өзі айтқаннан ба, әлде шынымен солай ма, әйтеуір, Аяның омырауынан бұрқырап жусанның иісі шығып тұрғандай көрінді бізге.

– Рас-ей, жусанның иісі шығады.

– Қандай сүйкімді-ей, жусанның иісі, – дестік бір ауыздан. Онан соң әрқайсымыз өз омырауымызға тұмсығымызды тығып, өзіміздің иісімізді өзіміз иіскеп, жаңалық ашқандай:

– Әй, менен де жусанның иісі шығады-ей.

– Менен де... Міне, иіскеп көрші... тура жаздығүні Жусандытөбенің иісіндей... – десіп жан-жақтан шулап кеттік.

Қу соғыстың бесіктен беліміз шықпай жатқанда-ақ біздің жүрегімізге салған жарасы қаншама еді. Сол жараның тыртығы өмір бойы удай сыздап, жанға батып өтер-ау.

Еш уақыт ұмытылмас. Асыр салар балғын шағымызда тағдыр біздің қабырғамызға да бар зілін салды ғой. Сонда да болса басқамыздан гөрі Аянға қатты батып еді. Тағдыр оған дегенде ештеңесін аямады.

...Жаз ортасы. Аңызға жел ұйтқи соққан ыстық күннің бірінде ауылға тағы бір қаралы қағаз келді. Бұл жолғы қарақағаз ешкімнің үйінен зарлы жоқтау айтатын дауыс шығарған жоқ. Бұл жолғы қаралы қағаз Аянға келген еді. Ол үнсіз қабылдады. Қаралы қағазды ұзақ отырып, екі-үш рет ежіктеп оқыды да, төрт бүктеп ышқыр қалтасына тықты. Онан соң ойнап жүрген балалардың жанына кеп, әдетінше алыс-жұлысты сырттай қарап, қызықтап тұрды. Тек балалар үйді-үйіне тараған кезде, ол ауылдың шетіндегі ат қораға барып кірді. Соңынан мен де бардым.

Аян қараңғы бұрышта бір уыс боп бүрісіп, екі алақанымен бетін басып, солқылдап жылап отыр екен. Ұзақ жылады. Онан соң көзін сұртті де, қорадан шықты. Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қыпқызыл боп кетіпті. Маған қарады да, өзінен-өзі жымышып күлді.

– Күн ыстық, ә! – деді.

Осыдан кейін бір жеті өткен соң, ертеңгісін он шақты қозылақты тауға қарай өргізіп жіберіп, қайтар жолда Бапайдың есігінің алдында тұрған арбаға көзім түсті. Бірсыпыра балалар осында екен. Аян жолға жүретін адамдай бар-жоғын киініп апты. Мен таяп келгенде, шеттеу тұрған Есікбай сыбырлап қана:

– Аян балалар үйіне кеткелі жатыр, – деді.

Осы кезде үйлерінен арба айдаушы жігіт және Бапай мен кемпірі шықты. Бапай арба айдаушыға Аянды станцияға дейін аманат қып тапсырғанын қайта-қайта айта береді. Ал кемпір кеп, Аянның бетінен сүйді, көзіне жас алды.

– Қарағым, жолың болсын, – деді жыламсырап. – Жақсыдан қалған тұяқ ең, қайда жүрсең де аман бол. Адам болсаң, тауып келерсің әлі...

Бапай кеп, Аянның бетінен сүйді.

– Аман-есен барып орналасқан соң хат жаз, – деп қойды. Аян балалардың бәрімен қол алысып қоштасты.

– Мен әлі бәріңе де хат жазып тұрамын, – деді күлімсіреп. Есікбай арбаның артына жабысып ап, оны талай жерге дейін шығарып салды. Арбадан түсіп қап, қара жолдың үстінде сексіп ұзақ тұрды. Қайта келгенде өте көңілсіз еді. Садық ойнайық деп еді, ол:

– Менің басым ауырып тұр, – деп үйіне кетті.

Сол сәтте бәріміздің де ойынға еш зауқымыз жоқ, көңілсіз едік. Көз ұшында бұлдырап арба кетіп барады. Қара жолдың шаңын бұрқылдатып барады. Аян бас киімін алып, бізге бұлғап қояды...



Сөзмаржан

жусан – ащы дәмді, көкшіл бозғылт түсті аласа шөп

аңызак жел – ылғалы өте аз, температурасы жоғары жаз айларында болатын құрғақ жел

Біз, балалар, Аянды көп уақытқа дейін еске алып, сөз қылушы едік. Кейде кешкілік бір жерге жиналып ап, ала қыстай Аян айтқан ертегілердің есте қалғандарын қайталай айтып та жүрдік. Аяның ертегілерінің көңілімізге ұялағаны сонша, кейін ержеткен кездерімізде өзімізден кіші балаларды тамсандыра отыра айтатынбыз. Жазға салым Жусандытөбе

жақтан қоңыр салқын самал еседі. Ашқылтым иіс аңқиды. Жусанның иісі. Сонда есіме тағы да Аян түседі.

Шынында да, бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс! Ондай бала алдына нендей мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса, Жусандытөбеге бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой!

1

Білу

1. Жазушы Сайын Мұратбеков туралы қандай мәлімет алдыңдар?
2. «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян ауылға кіммен, қашан көшіп келеді?
3. Аянды ауыл балалары қалай қарсы алды?
4. Балалардың арманы қандай еді?
5. Балалар Аянды қалай естеріне алушы еді?
6. Әңгімені айтып отырған балаға жусанның иісі кімді есіне түсіреді?
7. Қаралы қағаз деген не? Аянға келген қара қағаздың басқалардан айырмашылығы неде?
8. Аян қара қағазды қалай қабылдады? Қалай әсер етті деп ойлайсыңдар?
9. Аян жасырынған ат қораның іші қандай? Аян кімнен, неге жасырынып жылады?
10. Аяның қандай бала екенін байқадыңдар?
11. Соғыс жылдарындағы балалар өмірі қалай бейнеленгендігі туралы айтып беріңдер.
12. «Жусан иісі» әңгімесінде ауыл тіршілігі қалай суреттелген?

2

Түсіну

1. Қандай себеппен Аян әжесімен басқа ауылға көшіп келеді?

2. Неліктен балалардың оқуы тоқтап қалады?
3. Аянның тобығы неліктен тайғыш болып кетеді?
4. Аян ертегіні қандай мақсатпен айтады деп ойлайсыңдар? Оның ертегісі қалай басталады? Онда қандай мән бар?
5. «Жүрекке салған жара» дегенді қалай түсінесіңдер?

3

Талдау

Аян мен басқа ауыл балаларын салыстырыңдар.

4

Жинақтау

1. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Аянға тән қасиеттерді топтау сызбасы арқылы көрсетіңдер.



5

Қолдану

1. Жазушы шығармашылығы туралы өздерің де қосымша мәліметтер тауып, бір-біріңмен диалог құрыңдар.
2. Әңгіме оқиғасы орын алған ауыл тіршілігі, соғыс зардаптары туралы әңгімелеп беріңдер.
3. Оқулық, хрестоматия материалдарын пайдаланып, әңгіме кейіпкерлеріне көркем ауыстыруларды қолданып, мінездеме беріңдер.

Әңгіме кейіпкері	Адамгершілік қасиеттері	Қандай әсер қалдырады?

4. Шығарманы түсініп оқып шығып, тапсырмаларды орындаңдар:
 - мәтін мазмұнына сәйкес тақырыпты анықтаңдар;
 - мәтінді бірнеше мағыналық бөлікке бөліңдер;
 - әр бөлікке атау беріңдер;
 - әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді табыңдар;

- мәтіндегі барлық кейіпкерлерді кезегімен атап шығыңдар;
 - кейіпкерлерді сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді анықтаңдар;
 - кейіпкерлердің ой толғамын білдіретін сөйлемді көрсетіңдер;
 - шығармадағы оқиға орын алған жерлерді атаңдар;
 - шығарманы аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.
5. Аян ертегіні көп айтады, бірақ мазмұны толық берілмейді. Өздерің Аян ертегісін толық құрастырып көріңдер.
 6. «Аяның болашағы» тақырыбында әңгімені жалғастырыңдар.
 7. Аянға қандай мазмұнда хат жазар едіңдер?
 8. Біздің елімізде жетім балаларға жасалатын қамқорлық туралы не білесіңдер? Жетім балалар мәселесін шешетін қандай жобалар ұсынар едіңдер? Жоба жұмысын орындап көріңдер. Жоба жұмысын орындау алгоритмін құрыңдар.
 9. Жусан қандай өсімдік? Тың мәліметтер тауып келіңдер.
 10. Әдеби-көркемдегіш құралдарды пайдаланып, табиғат көрінісін, оқиғалар орнын сипаттап жазыңдар.

6

Баға беру

1. Шығарманың «Жусан иісі» деп аталу себебін түсіндіріңдер. Аян үшін жусан иісі нені білдіреді? Жусан иісі арқылы автор қандай ой тастайды?
2. Аян тағдыры қалай болды деп ойлайсыңдар?
3. Әңгіменің аяқталуы туралы ойларыңмен бөлісіңдер.
4. «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы ой-пікірлеріңмен бөлісіңдер:
Пікір. «Жусан иісі» әңгімесінің мазмұны бойынша пікірлеріңді бір сөйлеммен білдіріңдер.
Дәлел. Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.
Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.
Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.


 Диалог құру

Аянмен немесе басқа ауыл балаларымен диалог құру үлгісін көрсетіңдер.



С.Мұратбековтің «Жабайы алма», «Өліара», «Қылау» атты шығармаларын оқыңдар. Жазушы кейіпкерлері галереясын құрыңдар.



Әдебиет теориясы

Жанр, сюжет, фабула, эпизод

Жанр – өнердің барлық түрлерінде тарихи қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі, әдеби шығарманың белгілі бір түрі. Жанр әрі әдебиеттің тегін (эпос, лирика, драма), әрі әдеби шығарма түрлерін (әңгіме, новелла, баллада, повесть және т.б.) белгілейтін термин ретінде қолданылады.

Сюжет – көркем шығармадағы оқиғалардың рет-ретімен баяндалып, бір-бірімен байланысып, біртұтас желі құруы. Кез келген шығарманы алатын болсақ, онда суреттелетін оқиғаның басталуы, дамуы, аяқталуы бар. Оқиғаға қатысты адамдар да үйлесімді әрекеттерге түседі. Сюжеттің басталуы *экспозиция* деп аталады. Сюжеттік байланыс – адамдар арасындағы әрекеттің басы, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның туындау себебі. Сюжеттік дамудың ең жоғарғы сатысы – шығарманың шарықтау шегі. Мұнда адамдар арасындағы қимыл-әрекет күшейіп, барлық оқиғалар мен құбылыстар шоғырланады. Шығарма сюжетінің шешуші кезеңі – шешім. Бұл – суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған «үкімі», түрлі тарыстан туған нақты нәтиже.

Фабула – шығармада айтылатын оқиғалардың жиынтығы. Фабула – кейіпкерлердің басынан өткен оқиғалардың қиялдағы тізбегі болса, сюжет – фабуланың мәтіндегі іріктелген көрінісі. Мәтінде сюжет тікелей беріледі, ал фабуланы оқырман сюжетте аталған элементтер бойынша қалпына келтіре алады.

Эпизод – әдеби шығарма сюжетіндегі өз мәні бар жеке оқиға немесе шығарманың бас-аяғы тиянақты бір бөлшегі.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығынан



Тапсырма

С.Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесінің сюжетіне, эпизодтарына талдау жасаңдар.



«Алтайдай асқақ, оның оқ жетпес шыңдарындай биік еді. Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді», – деп Қасым Қайсенов айтып кеткен қаламгер әлемі қандай?

ОРАЛХАН БӨКЕЙ



ОРАЛХАН БӨКЕЙ
(1943–1993)

Естеріңе түсіріңдер:

Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесінің кейіпкерлері туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Оралхан Бөкей кім?

«Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы қандай?

Оралхан Бөкей 1943 жылы Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында туған. Болашақ жазушы сұрапыл соғыстың отты жылдарында дүниеге келді.

Әкесі Бөкей «Қалқаман-Мамыр», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қиссаларын жатқа білсе, анасы Күлия той-жиында суырып салып, өлең айтып, құрбыларын айтысқа шақырып, отырған жерін думанға айналдыратын жан болған. Сондықтан Оралхан әдебиет пен өнерге бейім болып өседі. Оралханның ата-анасы алыста малда жүргендіктен, өпкелерімен бірге көбінесе әжесінің тәрбиесінде болған. Кейіннен осы әже тәрбиесі жайлы «*Апамның астауы*» әңгімесінде ерекше тебіреніспен баяндаған.

Қаламгердің кез келген шығармасынан оның туған жеріне, жалпы адамзат баласына деген сағынышын көруге

Зергер сөз

Оралхан Бөкей жиырмамыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүйелі суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымдылыққа ие болды... Оралхан азғантай ғұмырында сондай асқаралы биікке өзінде, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді.

Ә.Кекілбаев

Даналық ойдан дән ізде

Адамды ардақтау, оның ұлылығын жырлау, жалпы алғанда, Оралхан повестерінің негізгі тақырыбы десе де болады.

С.Қирабаев

Оралханның прозасы өзінің терең өміршеңдігімен құнды. Ол – өз оқырманын ешқашан жоғалтып алмайтын шын бақытты жазушы.

А.Кемелбаева

Оралхан прозасымен де, драматургиясымен де, тіпті асқақ мінезімен де тұнып тұрған сөз өнерінің шебері болатын.

Қ.Сұлтанов

болады. Алғашқы шығармасы – *«Сарыарқаның жаңбыры»* әңгімесі. Жазушы есімін танытқан – *«Мұзтау»* атты повесі. Оралхан Бөкейдің туған жер табиғатын, соғыстан кейінгі ауыл өмірін, адамдар тағдырын ерекше суреттеген шығармасының бірі – *«Тортай мінер ақбозат»* әңгімесі. Жазушы жетім бала Тортай образы арқылы төзімділік, қайырымдылық, бауырмалдық сияқты қасиеттерді дәріптейді. Тортай – білімге өте құштар бала, ертеден қара кешке дейін кітап оқиды, жазушы, үлкен адам болғысы келеді. «Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап... Әкем де, шешем де сол – кітап... Шынымды айттайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді», – дейтін. Бірақ Тортай арманы орындалмайды, қиялындағы ақбоз атты досына сыйлайды.

Шығармашылық өмірі өнермен, соның інжу-маржанымен көмкерілген Оралхан Бөкей шығармалары – *«Қар қызы»*, *«Атау-кере»*, *«Жылымық»*, *«Жасын»*, *«Сайтан көпір»*, *«Мұзтау»*, *«Ұйқым келмейді»*, *«Жетім бота»*, *«Мынау аппақ дүние»*, *«Бәрі де майдан»*.

«Біздің жақта қыс ұзақ» атты кітабы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Жазушы қазақ драматургиясының дамуына да өзінің үлесін қосқан. Оның *«Құлыным менің»*, *«Текетірес»*, *«Қар қызы»*, *«Бармысың, махаббат?»* пьесалары өмір шындығын, заман тынысын кеңінен суреттейді.

Жазушының көптеген шығармалары ТМД және шетел тілдеріне аударылып, оқырмандарын тапты. *«Кісікіік»*, *«Бес тиын»* шығармалары бойынша көркем фильмдер түсірілді, туған ауылында ақынның мұражай үйі ашылды.

Артық болмас білгенің

1976 жылы Оралхан Бөкей «Құлыным менің» пьесасы үшін Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты, 1978 жылы «Найзағай ізі» повестері мен әңгімелері үшін Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты, 1986 жылы «Біздің жақта қыс ұзақ» повестері мен әңгімелері үшін Абай атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Оралхан Бөкей – есімі дүниежүзіне танымал жазушы, шығармалары орыс, ағылшын, француз, неміс, жапон, араб, қытай және басқа да халықтардың тілдеріне аударылған.

Оралхан Бөкейдің шығармаларынан «Кісікиік» (1985, режиссері М.Смағұлов), «Сайтан көпір» (1986, режиссері Д.Манабаев) көркем фильмдері және «Кербұғы» (1986, балетмейстер Б.Аюханов) балеті қойылды.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан

Бағалы дерек

Оралханның әдебиетке бейімділігі оқушы кезінде-ақ көріне бастаған. Ол әдеби кітаптарды өте көп оқып, бейнелеп, шешен сөйлеуге бейім, жүріс-тұрысы тиянақты, өзгелерге сын көзбен қарайтын, көпшіл бала болған. Оралхан оқушылар арасында көркем әдебиеттер конференциясын өткізіп, онда өзі оқыған кітаптарындағы кейіпкерлер туралы үнемі сипаттама жасап тұрған. Ауылдағы шағын клубта әдеби кештерді жиі өткізген. Жазушылардың шығармаларын жатқа айтқан, қазақ жазушыларының ішінде Сұлтанмахмұт пен Бейімбетті қатты пір тұтқан. Өзінің алғашқы «Сарыарқаның жаңбыры» атты әңгімесін Сұлтанмахмұтқа арнаса, «Шұғаның белгісін» талай алқалы топта тебіреніп тұрып, жатқа айтқанын көрген куәгерлер әлі күнге жыр қып айтады.

«Танымал есімдер» кітабынан



Ауыл өмірі, жетім бала тағдыры, арман-қиялы, адамдар арасындағы қарым-қатынас жазушы шығармасында жан-жақты көрініс береді.

Тортай мінер ақбоз ат

Біздің ауыл Салықсалғанның иығында отырған. Шілденің дәл ортасы болса да, бұл жерде қоңыр салқын, бұлтсыз күндері тамыл-жыған тамаша мезгіл басталушы еді. Не ыстық емес, не суық емес жайлаудың жайма-шуақ сәтінде, төбеңнен көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспанға қарағайдың бүршігін лақтырып ойнайсың. Қанша құласаң – ауырсынбайтын, қанша аунасаң – жапырылмайтын күлтеленген күреңсе балапан табанымызға кілемдей жұмсақ тиюші еді-ау. Теңіз бетінен қаншама биік болғанымен, осы Салықсалғанның кез келген жерінен жерошақ қазсаң, көлкілдеген су шыға келетін. Әсіресе, жаңбырлы күндері қырдан құлаған бұлақ лайсаңға айналып, шошайтып-шошайтып қарағай бөренеден қиып салған үйлердің мазасын кетіретін. Ол кезде – колхоз. Колхоздың сиыры күніне үш рет сауылады. Ал әр сауынның арасында шөп шауып, оны маялайтын. Кешке, тіпті түні бойы сепараторға сүт тартып, май шайқайтын. Шаршау дегенді білмейтін қыз-келіншектер соғыс жылынан кейінгі бейбіт күннің шуағына жылынып, сызылта ән салатын. Тау арасында жылтылдап от жағып, ән шырқағанда, лаулаған жалын бақсыдай тілін жалаңдатып, күй шертіп, тау-тасты күңдірентіп тұрғандай әдемі сезілуші еді-ау!



Сөзмаржан

күлтеленген – шоқталып түйілген буда жіп
күреңсе – саздау жерге шығатын шабындық шөп
ымырт – күн батып, оның қызылы тарағанға дейінгі уақыт
сепаратор – сүттен қаймақ айыратын сүтмөшине
мүкіс – тіл, құлақ сияқты дене мүшелерінің кемістігі, ақаулығы

Біздер, балалар, күні бойы өгіз үйретіп, бұзау жаямыз, үш уақ сиыр сауғызамыз. Ымырт үйіріле, алтыбақан құрған азаматтардың маңайында арпалысып, тиіп-қашып ұлардай шулап ойнап жүргеніміз. Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Әке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін.

Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын Тортай ортамыздағы білгішіміз, аузымызды ашып тыңдар абызымыз сықылды.

Тортай, әсіресе, мені жақсы көрді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Әкем – ферма меңгерушісі, үйде ішім-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан – бір, жолынан – екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта: «Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме», – деп ұрсатын-ды. Өз бейілімен, көңіл хошы болмаса ләм деп аузын ашпайтын, әрі құлағы қақас еститін болған соң, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.

Бір күні мен Тортайды көп іздеп, әрең таптым. Тұрған үйі аузына келгенін айтып, қуып жіберіпті. Салықсалғанның ұшар басындағы қалың тасқорымның үңгіріне кіріп, от жағып отыр екен. Мені көрген соң, қуанып қалды. Орнынан атып тұрып:

– Мені қалай таптың, ей? – деді.

– Сенің үйің – осы таскүрке емес пе?

Тортай таскүркені ұядай қылып жинап, тазалап қойыпты. Бұдан бұрын да осы жерге келіп, мекеніне айналдырған секілді. Қайран қалдым. Ағаштан қиып нар жасап, үстіне шөп төсеген. Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, жемтір-жемтір болып, бір бұрышта жинаулы тұр. Төр алдында ешкінің терісі төселген. Қарағайдың жуан кеспелтек шөркесінен стол жасап, майшам қойыпты. Тастан қаланған жерошақта маздап жанған от. Сіркіреп жаңбыр жауды. Үңгірге су тимейді екен. Күн бұлтты болған соң ба, ымырт ерте үйіріліп, көз байлана бастады. Үйден ұрлап алып шыққан нан мен ірімшікті столдың үстіне қойдым. Нардың шетінде жалаң аяғын салбыратып үнсіз отырған Тортай: «Рақмет», – деді. Үні біртүрлі көңілсіз, қарлығыңқырап шықты. Ешкім жоқта жылаған секілді, оттың сәулесі тиген көзі қызарып, домбығып тұр еді.

– Әке-шешені іздеп жүрер, үйіңе қайт, қорықсаң, мен шығарып салайын, – деді Тортай. «Әке-шешені» деген сөзді қырсығып айтқандай болды. Ал әке-шешемнің тірі жер басып жүргеніне мен кінәлі емес едім.

– Сенің жаныңа жата кетсем қайтеді? – дедім оттың шаласын ысырып.

– Қайтасың! – деді ол міз бақпай. Мен бүгін оны мүлдем танымай отырмын.

– Қайтасың, әке-шешені менің басымды жарады.



Сөзмаржан

ит басына іркіт төгілу – аста-төк, ағыл-тегіл молшылық
зауқы болмау – көңілі соқпау

Сөздің көркі – мақал

Өзін ғана ойлаған –
Жамандықтың белгісі.
Өзгені де ойлаған –
Адамдықтың белгісі.

Жақсы арман оздырар,
Жаман – құлқын тоздырар.

Бір күн тұзын татқанға,
қырық күн сәлем.

Адам деген – ардақты ат.

Ағаш тамырымен,
Адам досымен мықты.

Дос тұтқанды қадірле.

– Жармайды. Сен мені қума, дос емес пе едік.

– «Ораза-намаз – тоқтықта ғана» деген. «Тоқ бала аш баламен ойнамайды» деген.

Мен жауап бере алмадым, үндемеген қалпы, мылқиып отыра бердім. Тортай мең-зең. Лаулаған отқа тесілген күйі күрсінді. Содан кейін нардан қарғып түсті де, тас үңгірдің тесігінен сыртқа қарады.

Жауын ұзақ жауатын түрі бар. Төңірек тұтасып алыпты.

– Қонғың келсе, қона ғой, – деді маған. Өзі тізесіне салып, қу бұтақты сындырды да, отқа тастады. Мен әкелген ірімшіктен бір асап, нарға қайта мінді. Содан соң «Аласталған Алитет» деген кітапты қолына алып, әрі-бері аударыстырды да, ірге жаққа лақтырып жіберді. Жаңбыр толастар емес, құлаққа тасқа тиіп тайғанап жатқан сыбдыр-сыбдыр үн естіледі. Күркіреп, сарқырамай ұрлана жауған нөсер қайдағы-жайдағыны еске түсіріп, қиял дүниесіне жетелейді немесе маужыратып ұйқыны келтіреді екен.

– Босағада отырғаның не? – деді Тортай. Бағанағыдай емес, көңілденейін депті. – Кел жаным, мен сені тым жақсы көремін. Бастықтың баласымын деп мұрныңды көкке көтермейсің, қарапайымсың.

Тасошақтағы оттың сәулесі тас қабырғаларға түсіп қоңырқай тартады. Төбеде тесік бар-ау деймін, тырс-тырс тамшы тамады бір жерден. Біз ертектегі ескі дүниеде отырғандай едік. Менің кеңсірігім ашып, біртүрлі жылағым келді.

– Тортай, – дедім.

– Ау, – деді.

– Әңгіме, не ертек айтшы.

– Баяғыда бір жетім бала болыпты, – деп бастады...

Баяғыда бір жетім бала болыпты... ары қарай күңгір-күңгір, күбір-сыбыр ертекке айналады. Бүгінде менің есімде Тортай айтқан ертектің көбі қалмаған, тіпті сол арманшыл баланың өзін де ұмытқандай едім... Тек, «баяғыда бір жетім бала болыпты» деп басталушы еді, ал қалай аяқталатынын білмеймін, мүлдем есімде жоқ, қалай аяқталушы еді?..



CD 06

Бала Тортайдың
арманы қандай еді?

Менің жадымда тамаша сақталғаны, ол тас үңгірде шөп төселген нардың үстіне жатып, оқыған кітаптары мен өзінің арман-қиялы туралы түн ортасы ауғанша айтқан күбір-күбір әңгімесінің еміс-еміс

елесі ғана. Мені жып-жылы қойнына алып, ағалық ақылын айтатын тым зеректігі еді.

– Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап, – дейтін. – Әкем де, шешем де сол – кітап. Кей-бірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Әттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді.

Ақжауын сіркіреп тұр. Тасошақтағы от қоламталанып, үңгірдің ішіне қорқыныш ұялап, қараңғылана бастаған. Тортай әлі сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр... Арманы таусылар емес. Демі құлағымның түбіне жып-жылы болып сезіледі, ептеп қытықтайды. Мен үнсіз тыңдай беремін. Әлде тоңазығаннан, әлде қорқыныштан, Тортайдың бауырына тығыла түсемін.

Жайлаудың жадыраған ашық күндерінің бірінде Тортайға еріп, бұзау бағуға шықтым. Менікі еріккеннің ермегі сықылды еді. Тас шоқының ұшар басына дейін бұзауларды өргізіп бардық та, еркіне қоя бердік. Өйткені төрт аяқты мал бұл жерден ұзап ешқайда кете алмайтын. Биіктеген сайын қалың барағы орман таусылып, таудың таз төбесі басталатын. Заңғар таудың төбесінде үнемі суық жел соғып тұратындықтан, ағаш болмайды және шөп те бойлап қалың өспейтін тақыр. Жаздың күндері үнемі сезімді сергітер майда леп есіп тұрар еді. Ал шоқылар өркеш-өркеш болып, көк күмбезіне найзадай кіріп, ұшпалана қол бұлғайтын. Қыздың жиған жүгіндей тай-тай, тең-тең жақпар тастың ара-арасына тас сарымсақ өседі. Тортай екеуіміз тырмысып, қол-аяғымызды жаралай сол биікке шығып, сарымсақ жұлып жегенбіз. Бұл тұстан таудың балағы ой-етек алақандағыдай көрінеді. Сонау шатқалда Алтайдың шолпысындай мың бұралып, ағараң қағып, Бұқтырма өзені күмістене ағады. Ал біздің туған ауылымыз көкжалқақ мұнар пердесіне тұмшаланып, тек нобайы ғана сұлделенеді. Қына басқан тасқа құлап кетердей атша мініп отырған Тортай анау көк мұнар дүниеге бірдеңесін жоғалтып алғандай, көзін сығырайтып ұзақ қарады-ай. Сонсоң шығыс жақты нұсқап ереуілдеп сөйлей жөнелетін.

– Ей, – дейтін маған, танауы делдиіп, – егер осы тұрған жерімізден тұп-тура шығысқа жаяу тартып кетсек, қайда барар едік? Білемісің (мен иығымды көтеремін)? Ә, білмейсің. Моңғолиядан бір-ақ шығар едік. Сен болмасаң, мен жүре беруден әсте шаршамас та, қорықпас та едім. Рас айтамын, Моңғолияға барар едік. Бізді «О, қазақтар келді», – деп құшақ жая қарсы алар еді. Аппақ киіз үйге кіргізіп, тай сойып, қонақ қылар еді. Боз биенің сүтіне шомылдырып, алдымызға астау-астау жал-жая қояр еді. Ішеріміз – алдымызда, ішпесіміз – артымызда, қымызға қызыңқырап, шәниіп жатқанда ақ отаудың есігін ептеп ашып, ай мен күндей қос ару кірсе... өттең, дүние-ай, армансыз күліп-ойнасақ, содан соң... содан соң екеумізге екі ақбоз ат мінгізіп, әлгі екі сұлу қызды алдымызға өңгеріп, елге қайтсақ. Алдымыздан ферманың бүкіл сиыры, бұзауы, түйесі, барлық адамдары қақ жарылып қарсы алып, шулап соңымыздан ерсе... өттең, дүние-ай, мұндай рақаттан кейін өліп-ақ кетсең, не арман...

Тортай көзі жайнап, астындағы жақпар тасты тебініп-тебініп қалғанда, ар жағындағы шатқалдан құлап кетеді екен деп, зәре-құтым қалмайды.

– Ақбоз ат демекші, түнде түсімде көк өгізім арғымақ болып, жер тарпып кісінеп тұр. О несі екен? – деп, бұзауларымен бірге қаперсіз оттап жүрген өгізіне күн сап қарады.



– Тортай, сен түбі сол ақбоз атқа мінесің, – дедім мен шын көңіліммен.

– Қайдам, – деді ол тастан-тасқа секіріп, төменге түсіп бара жатып. – Қайдан білейін... Әкем марқұмның тақымы қотыр тайға тимей кетіп еді, қайдан білейін.

Күз жақындап, фермадағы барлық бала жайлаудан ауылға оқуға аттанғанда, тау басында бұзау бағып, жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Әрине, мен оны қимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді. Кетерімде, ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақбоз атқа сен мінерсің».

– Сенің өз ақбоз атың бар емес пе?

– Жоқ, менің маңдайыма көк өгіз жазылған.

– Онда мен өз ақбоз атымды саған сыйға тартамын.

Содан бері көп жылдар өтті. Мен Тортайды да, ақбоз атты да әлдеқашан ұмытқанмын. Бір рет ауылға барғанымда, азаматтар сөз қылып отыр екен. Тортай үйленбек болып ішкері жақтан жуастау бір қызға сөйлеседі. Сонда қыз: «Жеке басыңды қорламаймын, мен көндім, бірақ жаман-жақсы болса да әке-шешем бар, солардың ықыласынсыз кете алмаймын, өзің алдарынан өтіп қайт», – деген екен. Содан Тортай атына міне шауып, қыздың үйіне барады. Сәлем алысқан соң, қалыңдықтың әкесі: «Кімнің баласысың, шырақ?» – деп жөн сұрағанда, құлағының мүкісі бар Тортай ұқпай қалып: «Малдан келдім, ата», – деп қойып қалса керек. Ха-ха-ха... Шал: «Саңырауға қызымды бермеймін», – деп ит қосып қуып салыпты.

Елге енді бір рет барғанымда естідім. Тортай үйленген. Екі-үш баласы бар. Қой бағады екен. Былтыр жазда демалыс алып, ауылға тағы бардым. Әкемнің төрт бөлмелі, бау-бақшалы үйінде еркін сайрандап, тойып жеп, тасырандап жүрмін. Шешем бәйек болып: «Не ішесің, не жейсің, құлыным?», – дейді зыр жүгіріп.

Түске жақын жұп-жұмсақ диванның үстінде шалқамнан түсіп, серейіп газет оқып жатыр едім. Алдыңғы бөлменің есігі әндетіп ашылды да, әлдекім кіргендей болды. Көрші-қолаңның бірі шығар деп, аса мән бере қойғаным жоқ. Әйтеуір, шешеммен сөйлесіп отырды. Әңгіме күңгірлеп, еміс-еміс естіле берген соң, есіме баяғы бір қоңыр үн түсіп, еріксіз құлағымды түрдім. Келген – Тортай екен...

– Тәте, айып етпеңіз, әншейін Орашқа амандасайын деп, өзімсініп келіп едім...

– Ол ұйықтап жатыр, – деді шешем. – Оятпай-ақ қоялық. Төрге шық, отыр.

– Жо-жоқ, о не дегеніңіз тәте, рақмет, маған осы босаға да жетеді, әншейін Ораш келді деген соң амандасайын деп, баяғыда... бала кезде бірге өстік... талай рет бұзау жайып едік; енді, міне, елге танылған азамат болды... айып етпеңіз, мен қазір кетемін, тәте... Ораш келді деген соң... жалғыз ұлың ғой, Құдай қуат берсін... бізді қойшы... біз ондай үлкен кісілердің садағасымыз ғой... рақмет, тәте, рақмет, төрге шықпай-ақ қояйын... осы жерде отырып-ақ тамақ ауыз тиейін; осы құрғырды жақпаса да, баз-базында ішіп қоятыным бар... ал, тәте, Орашың аман жүрсін... атағы аспандай берсін... қол қойдырып алайын деп, мына кітабын қойныма тыға келіп едім, тағы да соғармын... малдан қол тие бермейді... қыстай жемдеген торы атты управляющий алып қойған, тәте, мың салса бір баспайтын тағы бір тырақысын берді, «саған осы да жетеді, торы атты озат шопан мінеді», – дейді... ал, кеттім, рақмет, тәте... келді, кетті деп сөге жамандамаңыз. Әншейін Ораш келді деген соң, үлкен кісі ғой... бірге өскен, сәлем берейін деп... мен келді деп, тіпті айтпаңызшы, тәте, ұят болар, ал сау болыңыз, рақмет... итіңдеп баяғы өзіңіз білетін Салықсалғанға жеткенше, түн ортасы болар... өзіңіз білесіз, Салықсалған алыс, өте алыс... Моңғолияның бер жағында...

Мен сұлап жатқан орнымнан белім кеткендей тұра алмадым. Шынымды айтсам, ұялдым... Тортайдан ұялдым. Батылым бармады. Бет-жүзім шыдамады. Сонда ғана менің есіме «баяғыда бір жетім бала болыпты...» деп басталатын ертектің қалай аяқталары оралды. Е-е, осылай аяқталады екен ғой, осылай...

Тортай мінер ақбоз ат... менің тақымымда кеткендей еді... иесіне қайтаруға кеш еді...

1

Білу

1. Оралхан Бөкей шығармашылығы туралы не білдіңдер?
2. «Тортай мінер ақбоз ат» шығармасында соғыс кезіндегі балалар өмірі, ауыл тіршілігі қалай суреттелген?
3. Соғыстан кейінгі жағдай қалай бейнеленген?
4. Автор мен Тортайдың достығы қалай сипатталған?
5. Тортайдың жеке басының арманы не? Үзіндіні әңгімеден тауып, оқып беріңдер.
6. Тортай кітап туралы қандай пікірде? Кітаптың адам үшін қандай маңызы бар?
7. Ол таскүркеде қандай кітап оқыды?
8. Әңгіменің соңында кейіпкер қандай шындық айтады?

2

Түсіну

1. Тортай неліктен арманына жете алмады?
2. Тортайдың автор үйіне келудегі мақсаты не?
3. Автор неге орнынан тұрып, Тортаймен амандаса алмады?
4. Тортайдың «Ақбоз атқа» міне алмауына кім кінәлі?
5. Әңгіме неліктен «Тортай мінер ақбоз ат» деп аталады?
6. Сендер әңгімеге қандай атау берер едіңдер?

3

Талдау

1. Венн диаграммасын қолданып, Тортай мен Аян образдарын салыстырыңдар.
2. Соғыс жылдарындағы, соғыстан кейінгі балалар мен қазіргі балалардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талдаңдар.
3. Әңгімедегі кейіпкерлердің іс-әрекетін теріп жазыңдар, оны автор мінездемесімен салыстырыңдар.

Кейіпкердің іс-әрекеті	Автор мінездемесі

4

Жинақтау

Тортайға тән қасиеттерді топтау сызбасы арқылы көрсетіндер.



5

Қолдану

1. Шығарманы сюжеттік-композициялық құрылысына талдап, жанрын, фабуласын, сюжетін анықтаңдар.
2. Әңгіме мазмұнына сүйеніп, Тортайға мінездеме беріңдер. Тортай тағдыры туралы әңгімелеңдер.
3. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы алты топқа бөлініп, өз көзқарастарыңды білдіріңдер. «Ақ қалпақ»

(проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді), «сары қалпақ» (үзіндінің жағымды тұстарын айтады), «қара қалпақ» (шығарманың жағымсыз тұстарын айтады), «көк қалпақ» (талдау жасайды, топтар «Не үшін?» «Неге?» «Неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді), «жасыл қалпақ» (шығармаға қатысты тың идеялар мен болжамдар айтады), «қызыл қалпақ» (оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды).

4. Әңгіме мазмұны бойынша оңай және қиын сұрақтар кестесін құрастырыңдар. Кестенің сол жағына өз түсініктерің бойынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіріңдер. Оңай сұрақтар дегеніміз – мәтінде жауабы бар сауалдар; ал қиын сұрақтар – жауабы мәтінде жоқ, өзіндік тұрғыдан жауап беруге бағытталған сауалдар.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар

5. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне талдау жасап, «Түйін» кестесін толтырыңдар.

Менің ойымша...	
Себебін былай түсіндіремін...	
Мына фактілермен дәлелдей аламын...	
Былай қорытамын...	

6. Әңгімеден эпитет, теңеу, мақал-мәтел, фразеологизмдерді табыңдар.
7. Туындыны аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.

6

Баға беру

- Тортай өмірінде кітаптың орны қандай болды? Ол туралы өзі не дейді? Сендер үшін кітаптың маңызы қандай? Ой бөлісіңдер.
- «Тортай мінер ақбоз ат... менің тақымымда кеткендей еді... иесіне қайтаруға кеш еді...» деген жолдарды қалай түсінесіңдер?
- Әңгіменің атауы мен Тортай арманының қандай байланысы бар деп ойлайсыңдар?
- Шығарманы оқып шыққаннан кейінгі сезімдеріңмен бөлісіңдер. Шығарма сендерге қалай әсер етті?



Диалог құру

Өңгіме кейіпкері Тортаймен сұхбат құрыңдар.



Кітапсүйерлер үшін

О.Бөкейдің «Апамның астауы», «Біздің жақта қыс ұзақ», «Қар қызы» шығармаларын оқыңдар. Алған әсерлеріңмен бөлісіңдер.



Әдебиет теориясы

Кейіпкер. Кейіпкерге мінездеме

Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін адам, әдеби образ. Адамның көркем образын жасағанда жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын сипаттарымен қатар, өзіне ғана тән ерекшеліктерді де анық суреттейді.

Жазушы өз шығармасындағы кейіпкерлердің мінез-құлқын айқындап, оқырманына даралап көрсету үшін әртүрлі шеберлік қырларын іздейді. Кейіпкер бейнесін сомдауда және өзіндік бағалауын жеткізуде ақын, жазушы қолданылатын өнімді тәсіл – кейіпкерге мінездеме беру.

Мінездеу – кейіпкердің мінез бітімі, көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. Кейіпкердің рухани әлемін, жан сырын, идеясын, күрес жолын, мақсатын, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы ашады. Әдебиетте тура және жанама мінездеу деген түсінік бар.

Тура мінездеу – бұл автор мінездемесі. Адамды бір сөзбен де мінездеуге болады. Мысалы, сараң болса – Қарабай, аңқау болса – Мырқымбай, жалқау, өтірікші болса – Судыр Ахмет дейміз.

Кейіпкерге қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы қаһарман бейнесін ашып көрсетуді *жанама мінездеу* дейді.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығынан



Тапсырма

Өз таңдауларың бойынша әдеби кейіпкерге мінездеме беріп үйреніңдер.



Қазақтың даңқты балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов туралы бұрын да естіген боларсыңдар. Оның өмір жолын баяндайтын хикаяттан үзіндіні оқып, «күш атасы» туралы кеңірек мәлімет жинақтайсыңдар. Балалар жазушысы Қалмақан Әбдіқадыров туралы естеліктен қаламгер туралы ой түйіндейсіңдер.

ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ



ҚАЛМАҚАН
ӘБДІҚАДЫРОВ
(1901–1964)

Бағалы дерек

Қалмақан Әбдіқадыров Қызылорда облысы, Шиелі ауданына қарасты «Қарғалы» кеңшарында зәулім мектепті өз қаржысына салдырған. Өзі балалық шағында жоқшылық тақсиретін көп тартқан Қалмақан кеңес заманында туған жас ұрпақ білім нәрімен еркін сусындасын деп мектеп салдырған екен.

Естеріңізге түсіріңдер:

Оралхан Бөкейдің шығармашылығы туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Қалмахан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесінің кейіпкерлер әлемі қандай?

«Қалмақан Әбдіқадыров 1901 жылы қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Балалық шағы кісі есігінде – байлар мен саудагерлердің малын бағып, жүгін көтерумен өтеді. Өсе келе, өз бетімен хат танып, жасынан әдебиетті көп оқып, құмарлана түседі. 1925 жылы Қызылордаға келіп, «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет істеп жүріп, барлық ынта-жігерін салып, білімін көтереді, әдебиетке ынтығады.

Қалмақан Бейімбет Майлинге жиі-жиі өлеңдер әкеліп оқытып жүрді. Биіраң ол өлеңдердің тәуірін іріктеп, жариялап отырды. Қалмақанның шығармашылық қадамы осылай басталып еді.

Қалмақан балаларды айрықша жақсы көретін балажан қаламгер болатын. Мектептегі кездесулерде әрбір баланың жанына жақын келіп, әңгімелесіп, оның жеке тағдырын білуге құштар еді. Өз

қаражатына ауылында мектеп салдыруы және өзінің жеке кітапханасын сыйлауы – жазушының балаларды жақсы көретіндігінің жарқын көрінісі, үлгісі болса керек.

Жазушының проза саласындағы шоқтығы биік туындысы – «Қажымұқан» повесі».

Қ.Ергөбек

Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесі бірнеше рет қайта басылды, орыс тіліне аударылды. «Алатаудың бауыры», «Амантай», «Тапқыш», «Тәтті қауын» атты кітаптары республикада балалар әдебиетін дамытуға айтарлықтай үлес қосты. «Серт» жинағына Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында майданда жүріп жазған өлеңдері топтастырылған.

Қ.Әбдіқадыров аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ол Шығыс әдебиетінің классиктері – Ә.Фердоуси, Ә.Науаи өлеңдерін, қырғыз ақыны А.Тоқомбаев, орыс жазушысы В.М.Кожевников шығармаларын аударған.

Артық болмас білгенің

1941 жылдың көктемінде Қажымұқан Қалмақанның Алматыдағы үйіне келіп, өзі туралы кейінгі ұрпаққа жазуын сұрап және жазғанда да «Мені әсірелеймін деп әуреленбе, тек тәңірімнің берген бейнесін ғана жаз», – деп өтініш білдіріпті. Қалмақан келісімін беріп, еншісіне тиген 23 күннің ішінде теңізден тамшы ғана алып қалып, «Қажымұқан» хикаятын жазған екен.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналынан

Зергер сөз

Қалмақан – ақындардың ішіндегі өзіндік ерекшелігі бар ақын. Ол өте аз жазады және қысқа жазады. Бірақ сол қысқа, аз жазғанында ол ұзақ поэманың сөзін айтып тастайды. 1927 жылы ол «Үлгі» деген өлеңінде басқа ақындардың бәрінен бұрын колхозды алдан болжап тастады. «Еңбек» деген кішкене өлеңінде адам мен табиғат қатынасына дұрыс баға береді. Қарсақбай барып, қайтып келе жазған «Бұрғы» деген он шақты жол өлеңінде барлық тау-кеннің бар қасиетін тамаша көркем тілмен айтты. Осындай пікір ұшқырлығы, соны көркем түрде бере білушілік Қалмақанда өте күшті.

С.Мұқанов



Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған алғашқы қазақ алыбы қалай теңдессіз күштің иесі болды?

Қажымұқан

(повестен үзінді)



Сөзмаржан

қыламық – жұқа жауған қар

Қызылжар – қазіргі Петропавл

кіре – жалдамалы күш көлігі

кіреші – жалдамалы жұмысшы

кіресін алу – ат-көлігін жалдама жұмысқа беру

пұт – 16 килограмға тең

кеспек – жуандау келген ағаш, сұйық зат құятын ыдыс, бөшке

Ақпан-қаңтардың сақылдаған аязы. Қыламықтап қырау ұшқындап, барлық заттың сыртына мұздан сауыт кигізіп тұрды. Қызылжар қаласының орталық көшесіндегі бір қорада, үлкен сарайдың темір қақпасы кең ашылып, ішінен «ауппалаған» дауыс естіліп жатты. Бұл саудагер Иван Ногичтің қоймасы еді. Күзде сойылған малдың еті мен майы енді ішкі Ресейге жөнелтіліп, оны таситын 60 пар ат-шана жұмсайтын кіреші бай Орлий Масликов кіресін алып еді. Отыз пұт май құйып қатырған кеспекті он адам жабылып, орнынан қозғалта алмай жатты. Сарай ішіндегі дауыс – солардың үні.

Қораны басқан қарды күреуге жалданған он алтыдағы жас бала сарайға

қайта-қайта қарай берді.

– Ей, сенің әкеңнің аты кім? – деді бүрме қара тонды қойманың басқарушысы.

– Оны қайтесің?

– Сұраймын.

– Құда түсейін деп пе едің?... Айтатыныңды айта бер, – деді кішкене көзін сығырайта қараған бала.

– Сен онда неге қарайсың? Қарыңды күре де, тиісті тиын-тебеніңді алып, құры. Бөгде нәрсеге бұрылып қараудың саған қанша керегі бар?

– Сен маған сонда не істеп жатқандарыңды түсіндірші?

– Тау көтеріп жатыр.

– Сонда, сарайға кірген тау көтерілмей жатыр ма?

– О-хо-хо! Мынаның сөзі отыз пұттан гөрі ауыр екен. Жібер, сарайға көтерілмей жатқанның не екенін көрсін, – деді қақпа аузында тұрған саудагер.

– Ей, бар енді? Әне, мырза көрсін деп тұр.

– Көрсен немене! – деп қар күреген бала есік алдында тұрғандарды қаға-маға сарайға кіріп келді. Басқаны бөрліктірген аяз оған шыбынсыз жаз сияқты. Үстінде мақталы жыртық шапан, биялайын беліне қыстырып, бас киімін қолына ұстап, қимылдап жүрген кісілерге аңырая қарады. Тұрған орнынан жарты кездей ғана жерге әрең жылжыған кеспектің қасына жақындап, иығымен қағып, астындағы қалың тақтайды сықыр еткізді.

– Көтерілмейтін тауларың осы ма?!

– Саған жеп-жеңіл көрініп тұр ма?

– Әй, тәңір-ай. Соны да сөз деп тұрсыңдар-ау! Тау дегенге таңырқасам, бұл шелектей-ақ ыдыс қой. Он кісі жабылып, қаланы «аушпалап» бастарыңа көтеріп жүргендерің осы ма? Өздерің шетке ысырылып, тиейтін шанаңды есік алдына әкеле беріңдер. Әй, әдемі тұлыптылар, қалбалақтап жүріп бір жерлеріңді қақтырып аларсыңдар, кейін қаш!

– Мынаның сөзі қандай дөрекі?! Қожайындарға қалай түйеден түскендей сөйлейді! – десті мұртына мұз қатқан жұмысшылар.

Бала еңкейе беріп, кеспекті иығымен нығырақ тіреп, қағып жіберді. Астына салған ломдар мен қада ағаштар шатыр-күтір етіп, біріне-бірі қағысып, бастары шошаңдасты да, отыз пұт тоң май құйған кеспек екі-үш қаққанда, желге ұшқан ебелектей домаланып, сарайдың есігіне барып тақалды. Енді бір сәтте шой табан екі зауыт атын жеккен жүк шанаға кеспектің қалай барып түсіп қалғанын тұрғандардың көзі шалмай да қалды.

– Ей, мынауың не істеп жіберді?

– Не істегенін көрмей тұрмысың? Оның орнынан қозғай алмаған кеспекті шанаға апарып салып қойды...

– Неде болса, оның көтере алмағанды бір өзі көтере салды, жарайды! Міне, саған елу тиын, – деді май салған кеспектің қожасы.

– Жиырма тиынды мен берейін, – деді Масликов, кең барқыт шалбарының қалтасына баржиған семіз қолын сұғып жатып.

– Майлыбай, қанша қорбаңдасаң да, қолына бір сомдық сарышұнақ ілінбеді-ау, – деді екі бай бірін-бірі әзілмен қағытып.

– Сен, енді байыдың. Қар күрегеніңе тиын алма, – деді қораны күретіп жатқан қамбашы.

– Уәделескен он бес тиынды әкел. Мен бай кісі емеспін, сол маған тамақ болады. Жетпіс тиынды ауылдағы отырған әжеме жіберем, – деді, жалпақ қайың күрекпен шөмелеген қарды биік қорадан асыра лақтырып жатқан беті бұрқыраған термен буланған бала.

Сөздің көркі – мақал

Күш білекте емес,
жүректе.

Кімнің ісі көп болса,
Соның күші көп.

Мақсатың біреу болса,
Төрт жерден тіреу
болсын.

Дені сау сомдай білегің,
Ақылға толы жүрегің.
Күш-қайрат пен жігерің,
Осылар болар тірегің!

Күшті кісі алып та
жығады,
Шалып та жығады.

Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда
шынығады.

– Орлий, сен мына қазақты қолыңа түсіріп ал. Кіресіңе мұндай адам керек қой. Ол реті келгенде жиырма кісінің жұмысын істейді. Жотасын қарашы, буыны қатпаған бала, шойыннан құйған алыптардың ескерткіші сияқты...

– Өзім де солай ойлап, жиырма тиын сыйлап тұрмын. Бірақ ол жиырма кісінің тамағын ішеді ғой. Өзің айтқандай, буыны қатпаған бала созыла беретін резеңке қанар сияқты болады.

– Немене, саған үсіген картоп пен Есілдің сасыған шабағы жетпей ме? Бере бер астырып...

– Иә, оның да есебін табармын. Қысы-жазы құмырсқадай шұбыртып жүргізіп отырған кіреге мұндай күш керек. Әсіресе, ұзақ сапарға таптырмайды.

Бала қарын күреп болып, тиынын алған соң, Масликов қойын дәптерін алып, балаға жымия қарап, әңгімеге кірісті:

– Бала, сен қайдан келдің, ө?.. Мен білем, сен Қызылжардікі емес. Қай облыс, қай ауылдікі?

– Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынан.

– Әкеңнің аты кім?

– Мұңайтпас Ернақов.

– Өз атың кім?

– Мұқан. Оны қайтесің?

– Сенімен тамыр болғым келіп тұр...

– Тамыр болып ат мінгізесің бе?

– Жарайды, мінгізейін. Сен маған жігіт боласың, дұрыс па?

– Болайын, айына не бересің?

– Мен саған бәрін берем. Тамақ менен болады. Сенің киімің жоқ, киім берем. Мына үлкен жігіттерге қандай айлық берсем, сондай айлық берем, айың – бір сом сексен тиын.

– Ей, тамыр, оның аз ғой. Рас, мен жұмыс іздеп келдім. Әжем, әке-шешем бар. Кедей кісіміз. Ең болмаса менің тапқаным солардың қант-шай, нанына жететін болсын, аздап қосыңқыра.

– Менен басқа кісі саған сексен тиыннан артық бермейді. Мен сені аяп, үлкен жігіттерге беретін айлық беріп тұрмын. Оның үстіне мына алпамсадай денеңе, оны киіммен жабдықтауға, ішетін тамағыңа екі-үш жігітке беретін қаржым артық шығатынын білесің бе?!

Бала ойланып тұрып-тұрып, келісім берді.

Келешектегі әлемдік балуан Қажымұқан Масликовқа осылай келіп, жалшылыққа тұрды...

Қар күреген бала

Мұқан Масликовтың үйіне келген күні жалшы, кіреші-жалшылар жататын жатақханаға орналасты. Сабан төселіп, пеш қойған сарайдың бір бұрышы тиді. Сонда түнеп шықты. Ертеңіне қожасы Мұқанды өз үйінің ауыз бөлмесіне шақырып, отыз пұт кеспекті доп қылып домалатқан дәуді өзінің қатын-балаларына, қонақтарына көрсетіп, оның көп жігітінің бірі болғанын айтты. Күшті баланы айнала қарасып, бойын аршындап, салмағын өлшеп, Масликовтың кереметтей етіп айтқанына сенбеді.

– Бұл қалай отыз пұт көтереді? Бойы жарым кез, салмағы екі жүз қадақ, рас, мойыны, қол-аяғы жуандау. Бірақ отыз пұт жүкті көтеру мүмкін емес, – деп, есепшісі өзінің өгіз өлшейтін есебін айтты. Өз сөзін қостамағанына Масликов та ренжіп:

– Жарайды, ендеше, Мұңайтпасовтың кереметін кейін көрерсіңдер, – деді.

– Ал, бала, қалай ұйықтадың? Жатақхана жылы ма екен? Жігіттердің арасы көңілді болар? Олар домбыра тартады, өлең айтады, карта ойнайды. Шынында да, біздің үйден сендердің жатақханаларың қызық...

Қажымұқан біртүрлі көңілсіздік кейпін көрсетіп:

– Қожайын, мен оншалығын білмеймін, түнімен ұйықтағаным жоқ.

– Неге? Ішінде ұрыс-жанжал көп пе екен? Жанжалдасса, төртеу-бесеуі жиылып отыз пұт болмайды, лақтырмайсың ба шетінен...

– Жоқ, айта көрмеңіз... Әжем ұрысқан... Жаман болады деген. Менің төбелес, жанжалға жаным қас.

– Енді неге ұйықтай алмадың?

– Ұйықтай алмағаным, төсеген сабанның арасында тышқан бар екен. Олардың шиқылдаған даусын естісем, зәрем кетеді.

Масликовтың үй-іші, өзі қосылып қарқылдап, көздерінен жас аққанша күлді. Оның қорқатыны жататын жердегі тышқан екенін ұққан қожайын ойлана қарап, сөздің соңында күлген жоқ.

– Міне, отыз пұт көтерген палуан... Тышқаннан басқа тағы неден қорқасың?

– Онан басқа еш нәрседен қорықпаймын.

– Қасқырдан ше?

– Ой, тәйірі, қасқыр, аю, қабан дегендер – ит емес пе, иттен кісі қорқа ма? Тек мына, адам жататын жерде тышқанның шиқылдағаны жаман...

Мұқанға ас үйінің ауыз бөлмесіне жататын етті де, өзіне екі ат, бір шана беріп, шөп, отын әкеліп тұру жұмысын тапсырды.

Жаяу сүйреген шана

Сағаттың тіліндей айналған күн өте берді. Мұқанның қарағайды қамыстай қаусатып, қолымен құлатқаны, талай ауыр жүкті жалғыз тиегені аңыз болып жүрді. Челябинск, Қазан, Уфа, Самараға бірнеше рет барып қайтты. Бойы өсіп, буыны қатая түсіп, он сегіздегі жігіт болды.

Қыс ортасы ауып, ақпанның ішінде үсті-үстіне төпеп қар жауып, Қызылжар айрықша суытты. Масликовтың үйіне отын да, шөп те шақ келмеді. Ауыр жұмыс қайда болса, Мұқанды сонда жұмсау әдетке айналды.

Айдың аяғына таман Ресейге кеткен көліктер келіп, қаладан жиырма шақырым жердегі шөпке, Мұқанның қасына төрт шана қосып, бес көлік жіберді.

Масликовтың үй-ішіне Мұқанның ауыр мінезі, тіл алғыш тәртіптілігі қатты ұнаған еді. Ол қандай жұмыс тапсырылса да, орындап келуіне әбден сенді. Сондықтан:

– Митька (Масликовтар Мұқан деуді қиын көріп, «Митька» деп атап кеткен), мүмкіндігің болғанша шөпті тез жеткізуге тырыс. Басқаларға қарамай, шөбінді алдымен тиеп ал да, келе бер. Жолдан келген аттар тілін тістеп аш тұр, – деді қожасы.

– Жарайды, – деді тілалғыш Мұқан.

Түн ортасы жүріп кеткен шөпшілер қар басқан соқпақпен жүру ауыр болып, аттарын болдыртып, әрең деп, түсте шөпке жетті. Мұқан жақсы деген екі атты таңдап жексе де, ауыр жол аттарын болдыртып тастады. Аяз сорып, әлсіреп келген жігіттер төбе

Сөздің көркі – мақал

Көз – қорқақ, қол – батыр.

Істеу қиын, сынау оңай.

Ынта болса адамда,
Қиын іс жоқ ғаламда.

болып қар көмген шөпті көріп, үрейлері ұшты. Оның қарын аршу үшін бір күн айналу керек сияқты. Жолдастары қарды қай жағынан ашып, шөпті қалай тиеу керек екенін кеңесіп, әртүрлі тәсілдерін айтып, көп тұруға айналды.

– Сұлдеміз сүйретіліп шөбіне әзер жетіп едік, енді мұны аршып алу азабы шөппен бірге сүйегімізді шанаға салар, – деді тоңып, жақ жүні үрпиген біреуі.

– Масликовтың бір сом сексен тиыны сол сүйегің үшін берілгенін шөптің басына келгенде білдің бе? – деді денелі сары жігіт.

– Мұның өзін мына жерден ашу оңай болар: үйінді қардың ойпаттау жері екен. Шөптің түбін ала шана сыйғандай етіп ойып алсақ, төбесін басқан қарды кейін көрерміз, – деп тағы біреуі үйілген шөпті айнала көріп жүрді.

Оған дәті шыдамаған Мұқан боран үріп, шөптің шеті көрініп тұрған бір бұрышына келді де, арасына бастырықты ырғап-ырғап сүңгітіп жіберді, иығымен көтеріп тастады. Шөп-мөбімен үйілген қар жел аударған түндіктей төңкеріліп түсті.

– Ой, мынау не істеді өзі? – десті қалай ашып алудың амалын таппай тұрған жолдастары. Мұқан жауап қайырмады. Бастырықты тағы бір сұғып, екінші көтеріп тастағанда, үйілген шөптің жартысы ашылып қалды. Бір айыр шөпті аттарының алдына апарып салды да, аттарын доғарып, шанасын сүйретіп әкеліп, шөптерін тией берді.

– Ей, сен не істеп жатырсың? Көмбе қарда атты қалай жекпексің, батып кетеді ғой, – десті жолдастары.

– Менің оны өлшеп, ой тауысуға уақытым жоқ. Қожайын айтты бітті, менің шөпті тез жеткізуім керек.



Сөзмаржан

сүлде – адамның шаршаған, жүдеген кейпі
көмбе қар – үйілген қар

Артық болмас білгенің

Қажымұқан Мұңайтпасұлы – қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген – Қажымұқан. Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 24 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды.

Қ.Рысбекұлы

– Мына күртік қар атты көтере алмайды деп тұрмыз ғой.

– Атты көтермесе, мені көтереді. Менің атқа шейін сүйреп баруға мұршам келеді ғой деп тұрмын.

* * *

Мұқан атын жегіп, жеті-сегіз шақырымдай шыққанда, қарсы алдынан боран соға бастады. Үйе тиелген шөпке қарсы соққан қарлы жел шөп арасын көтеріп, шананы өңменінен итергендей тіреп, аттың аяғын қия басқызбады. Аттардың жүргенінен тұрғаны көбейді. Күн батып, дүлей қараңғы түн басталды. Мұқан шананы сүйемелдеп, аттарға көмектесті. Айыр шаншып артынан да итеріп көрді. Шекеден аққан тері өңіріне тамып, түйіртүйір мұз болып, қатып жатты. Қалаға жеті шақырым қалғанда, бір ат аяғын басуға мұршасы келмей, төрт аяқтап тұрып қалды. Біза кернеген шөпші айырын шананың артынан шөпке көмейлете шаншып, үрінді қарға көміліп тұрған шананы итеріп кеп жібергенде, жүре алмай тұрған ортаға жеккен ат шананың жетегі сынып, бүктелген бойынша шананың астына шалқасынан түсті. Жанына жеккен ат қайырылып, сыртқа шығып кетті. Мұқан шананы кейін итеріп, астындағы атты босатқанша, ол өліп кеткен еді. Шөпші біраз демін алып отырды да, өлген аттың қолдауынан божыны екі қабаттап өткізіп алып, кеудесін көтеріп, шөптің бастырығына байлады да, салбырап тұрған бөксесін иығына салып тұрып, шананың үстіне лақтырып жіберді. Бел көтергіш қайысты шанаға байлап, енді өзі қалған атқа пар болып, шөпті сүйреп, қаланың шетіне шейін келді. Қалаға кірген соң, ол ат та аяғын басудан қалды. Оны шананың

артына байлай салып, өзі жүкті сүйрей берді. Ел тұрып, қорасының айналасын күрей бастағанда, адам сүйреткен дәу шана шөп, бір атты үстіне салып, бір атты артына байлап, Масликовтың қорасына кірді. Бұл алып күштің кім екенін білу үшін Масликовтың қорасына келгенше топ-тобымен қала адамы шананың артынан ерген еді.

Төбедей болып шөп үйілген шана қораға атсыз кіргенде, Масликовтың үй-іші, жалпы жігіттері үрейлене далаға шығысты.

– Ойбай, ат қайда?.. Иттің баласы! – деп жан даусы шықты байдың.

– Жоқ деген атың шананың үстінде, бір атың шөптің артында байлаулы, қожайын, далада қалған еш нәрсе жоқ, – деді бала. Қожайын өлген атты көріп:

– Шақырыңдар городовойды. Мына шошқаға акт жасасын, – деді. Екі городовой келіп:

– Сүйрет шананы, шөп, атымен. Полицмейстерге алып барамыз, – деді.

Үсті-басы термен буланып, аппақ қырау басқан Мұқан үстіндегі өлген атымен шананы сүйретіп, полицмейстерге кетті...



Сөзмаржан

городовой – қала бастығы

полицмейстер – полиция бастығы



Ұлы Петрдің қаласында

Татарша орама жағасы бар, мақталы ұзын шапан киген екеу келіп, тұманды аязда боз қырау басқан есіктің қоңырау тетігін басып тұр.

– Сізге кім керек еді? – деді іштегі жіңішке әйел дауысы.

– Дядя Иван Лебедев мырзаға кіретін едік, – деді сыртта тұрғандар.

– Сабыр етіңіз, рұқсатын алайын, – деп тағы бір есікті шырылдатып, әйелдің әрі кеткен аяқ дыбысы естілді.

Әлден уақытта есік ашылып:

– Кіріңіздер, – дегендей басын изеді орта жастағы әйел. Екі кісі әйелге еріп, қабырғасына айнала сурет салған кең бөлмеде жеке отырған кісіге келді. Қыстыгүні жалаңаш денесіне жадағай ала шапан киген кісі келген екеуді орнынан тұрып, есік алдынан қарсы алды. Оның ұсқыны да, мінезі де, сөйлеген сөзі де келушілерге бұрын кездескен адамдарынан өзгеше көрінді. Ол сырттан келгендердің қолдарын сыға ұстап, ақпен тысталған креслоларға отырғызды да:

– Қайдан келдіңіздер? – деді жуан саусақты қолымен қарнын қапсыра құшақтап тұрып.

– Қазан қаласынан келіп едік, мырза, – деп жауап қайтарды, асығыс сөйлейтін аласа бойлы қара кісі.

– Сауда қылып жүрсіңдер ме? – деді басын кекштите.

– Жоқ, мырза, біз ол кәсіптің адамы емеспіз.

– Енді неге келдіңдер?

– Сіздің оқуыңызға бала әкелдім.

– Охо... Қазандағылар мұндай оқуға кісі жіберуді қашаннан бері ойланып жүр? Қандай сүйкімді сөз естіп отырмын, – деп орнынан тұрып, отырған екі қонағының алдына қарай жайлап басты.

– Қазандағылардың ойлайтын ойы көп екенін өмірдің өзі көрсетіп келеді. Біздің Петр қаласынан оқитынымыз көп. Мейіріміңізден үлес алсақ, әзірге барын әкеліп отырмыз.

– Мені тағы қуантқаныңды қарашы! Татар ма, ұлты кім?

– Дядя Иван әфәндім, бұл – кім де болса, сіздің мектептің заңымен туған адам. Еділдегі Добрый-Рабый деген қарт балуанды білесіз бе? Бұл – соның жіберген кісісі.

– Ә... оны неге білмеймін. Иван Васильевичті айтасыз ба? Мен оны білем. Неше рет хат жазып келтіре алмаған кісім ғой. Ол неғып мұнда кісі жіберетін болды... Бұл орыс па?

– Бұл орыс та емес, татар да емес, қазақ.

– А, олай болса, Добриймен қандай байланысы бар мұның?

Артық болмас білгенің

Ресейдің балуандар тобында да Қажымұқаннан күші асқан ешкім болмаған. Дүниежүзінің чемпиондары – Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шетінен жығып, бәйге алу – сол заманда нағыз ерлік еді. Қажымұқан жерге жатқанда, оған денесінің үстіне тақтайлар орнатылып, сол тақтайлардың үстімен адамдар лық толтырылған жүк машинасы жүріп өтететін. Орнынан тұрған Қажымұқан ақсақал жүк машинасындағы адамдарды иығына отырғызып, жан-жағынан жармасып-жабысып мініп алған адамдармен оранып алып, құрметтеушілердің алдында әрлі-берлі жүретін.

Қ.Рысбекұлы

– Қандай байланысы барын сізге жазған хатында айтқан болар. Алдымен сіз мынаны оқыңыз, – деп аласа бойлы татар қойнынан сия қарындашты жалай отырып, ірі әріппен сойдита жазылған хатты қолына берді.

«Ұлы дәрежелі Дядя Иван Лебедев мырза! Қаншама хат арқылы шақырғаныңызға бара алмағаным үшін кешірім сұраймын. Сіз шын көңіліңізбен хат жазған едіңіз. Бара алмадым. Себебі, бұл жерде қаржысыз адам қанаты жоқ құс сияқты емес пе? Ол қайда бармақ?.. Сондықтан өзім сияқты жолымды ұстайтын бір бала тауып алу арманым болып еді. Ол тілеуімді тәңір берді, мына бір қазақтың баласын жіберіп отырмын. Мүмкін қадарынша, тілегімді қабыл етіп, мектебіңізге алуыңызды сұраймын.

...Баланың күші менен гөрі басым жатыр. Мұндай жасымда менің күшім бұл мөлшерде болған жоқ еді. Көп жылдар бойы ауыр жүк көтерумен, талай күштімін деген кісімен, азулы аңдармен күресе жүріп, кейде жығылып, кейде жығып жүріп, Добрый-Рабий қосымша атым шығып еді. Менің белімді ұстаған оның жап-жас қолы отыз төрт жыл ұстасқан қолдың бәрінен де салмақты тиді... Оны ұлы Ресейдің алып туған күші деп түсіндім. Сондықтан қорытылмаған құрышты сіздің мектепке жіберіп отырмын. Әлбетте, қартайғанда сіздің алдыңызға барған осы тілегім орындар деген үмітім күшті», – деп жазыпты. Мұқанның алғашқы күреске алған «батасы» да осы хат-ты.

Қарт балуанның хатын креслода шалқая отырып оқыған кісі жалпақ қағазды бетіне ұстап, біраз ойланып отырды да, орнынан балаша секіріп тұрды. Есікке

таяу креслоға отырған Мұқанға келіп, шабынған арыстандай шап беріп, ауыр денесінің салмағын сала екі иығымен басты. Оның не ойлағанын түсінбей, қаперсіз отырған жігіт: «Мұнысы не?» дегендей орнынан атып тұрды. Ауыр креслоның арқалығы Дядя Иванның қарны мен Мұқанның жауырынының арасында қыстырылып, арқалаған шөптей қопаң ете қалды. Дядя Иван темірдей білегінің тегеурінін сала қайта отырғызбақ болды. Иығын нығырақ қозғаған Мұқан асылған кісі аунап-ақ кеткен шығар деп еді, жүктен секірген мысықтай, адым жер алдына барып дік ете қалды.

– Ей, мұнша тулағаның не? Өзің үркек екенсің ғой...

– Е, өзіңдікі не?.. Жай отырған кісінің иығына мысықша секіріп...

– Мектепке түсетін кісіден емтихан алу керек.

– Ол не дегенің? Емтиханың не?

– Күшіңді байқау.

– Күш байқаған кісі тышқан аулаған мысықтай, үндемей келіп бас сала ма екен? Беліңе қайыс байла да, алдыма кел. Күшті сонан соң байқайсың.

Оның болбыратып қазақша араластырып, жуан дауыспен айтқан сөздерін қазандық татар жайлап түсіндірді. Дядя Иван балаша сақылдап күліп, өзінің қызмет үстеліне отырып, трубкасын толтыра салып, темекісін тартты.

– Мұның мектепке төлейтін ақшасын кім береді?

– Қанша төлеу керек еді, мырза?

– Жылына бір жүз елу сом.

– Мұның өзінен басқа, креслоға қосып сізді көтерген күшінен басқа еш нәрсесі жоқ. Келу қаражатын, біразға жететін тамағына деген ақшаны Қазандағы Каримов мырзаның типографиясының жұмысшылары жинап беріп еді. Мектепке деп те аздап ақша берген. Бірақ өзіңіз көріп отырсыз, бұған мендей сегіз кісінің тамағы керек. Оның жүз елу сомын сізге берсе, өзі аш қалады. Сондықтан бұған төлеу пұлын арзандатсаңыз қайтеді?

Дядя Иван аузындағы трубкасын жұлып алып, жерге бір түкіріп жіберіп, татарға майлы көзін қыса қарады.

– Сен Қазан базарынан шабата саудалап отырсың ба? Бұл мектепке қазына көк тиын бермейді. Осыған қызмет істейтін ондаған адамға мен топырақ берем бе? Бір жылдық ақшасын төлеу қажет, онсыз болмайды...

– Жарайды, мырза, жарайды. Ертең ақшасымен алып келейін.

– Өзің келмесең де болады. Мұны мен мектепке алам. Мұның бір аты – «Батрак – Акмолинский!..».



Сөзмаржан

шабата – талдың қабығынан тоқылған аяқкиім

...Иә, Мұқан Дядя Иван мектебіне осылай түсті. Бұл мектептің мақсаты – орыс балуандарына французша күрестің әдісін үйрету еді.

...Хат танымайтын Мұқанға балуандық өнердің ең ауырларын үйренуге тура келді. Ең жеңілі – лом темірді мойнымен иіп, үш пұттық екі тасты екі қолымен жоғары көтеру. Ауырлары: он екі пұттық рельске жиырма бес адамды мінгізіп, иығымен көтеру, төрт пұттық тасты кеудесіне қойып, балғамен ұрып уату, екі ат жеккен арбаны тісімен тарту, французша күрестің алуан әдісін үйрену. Оның бәрін кішкенедеден үйреніп, екі жыл ішінде шегіне жеткізу керек еді. Оған Мұқанның шыдамы жетпеді. Бойына біткен алып күшке жүктеп, уақытпен санаспады. Күні-түні үйренетін залдан шықпай, қара терге малынып, жаттыға берді...

Дядя Иван күзетшіні ертіп, мектеп залына келгенде, терге малшынған Мұқан заттарды орнына жинап, терін шүберекпен сүртіп тұр екен. Ерінбей еңбек істеп, өз өнерін үйреніп жатқан оқушыға Дядя Иван ұрса алмады. Тек:

– Мұңайтпасов, мұның қалай, мейрамда неге демалмайсың? – деді. Мұқан сәлемін беріп:

– Ағын су көлге құймай дамылдай ма, мырзам. Мен сіздің мектепті бітірмей, мейрамды қайтем. Жылда жүз елу сом төлейтін менің ақшам қайда? Екі жыл деп жүрем бе сол, Дубный биыл бітірем дейді, мен сонан қалмай үйреніп шығам, – деді ентіге отырып шаршаған кейіппен.

Дядя Иван оның тершіген қоңыр жүзіне аса бір мейіріммен тесіле қарады. Дубный Мұқанмен жасы қатар, кемеге жүк тиеуші болып жүрген жерінен айрықша күштілігі көзге түсіп, шақыртып

Бағалы дерек

Профессор Ө.Қоңыратбаевтың дерегі бойынша Қажымұқанның салмағы – 174 кг, бойы – 195 см, кеудесінің аумағы – 146 см, балтырының аумағы – 49 см, мойнының жуандығы – 56 см, бас аумағы – 65 см, ортаңғы саусағының ұзындығы – 14 см, ортаңғы саусағының жуандығы – 10 см, үстіңгі және астыңғы еріндері – 12 см, аяқ киімі – 54 размер.

алынған жігіт еді. Ол Мұқанға достық көмегін аяусыз көрсетті. Бұрын цирктерде біраз болып, тәжірибе алған Дубный, кесек күшті құрбысын өзіне серік етіп шығаруға ынтықты. Үйреніп жүрген өнерінің тетігі мен негізгі мақсатын салауатты ақыл иесі Дубный даладан барған Мұқанға түсіндіре берді...

Соңғы кезде Мұқанның балғын денесі болаттай шыңдалып, күші күннен-күнге толыға түсіп еді. Дубныйдан жығылуы да қиындап бара жатты. Ең кейінгі күресі бір сағатқа созылып жығыса алмай, айырылысып кетті.

– Бұл мені жығады. Білмей жүрген бір әдісі бар еді, оны үйренді. Енді Иван біреу емес – екеу. Бұл жаратылыста жеке болмасын деп, мен үшін арнап жаратқан серігім, – деді Дубный.

– Онда мұның аты «Черный Иван» болсын. Біз мұнан былай солай атайық, – десті серіктері.

Арманына жетуге жақындағанын сезіп, Мұқан біраз сергігендей болды. Ұлы Ресейдің қазақ балуаны мектепке түскеніне бес ай толып, алтыншы айға аяқ басты.

* * *

«Тәжірибе» жұмысына дайындалуға мектеп дирекциясы бұйрық берді. Балуандар әр қалаға бөлініп, тізім жасалды. Алтыншы айдың аяғына таман мектеп сарайына көп адам жиналды. Дядя Иван ойынды өзі басқарып, оңаша бөлмеде балуандарды сапқа тұрғызып, бірінші орынға Дубныйды қойды да, екінші етіп Мұқанды тұрғызды. Күрестің төрт балуаны алпамсадай тізіліп, спорт залына кірді. Мұқан мектепке түскенде, дала жайылымының көбең жылқысындай денесінің олпы-солпысы көп еді. Оқудағы алты ай жаратқан аттай сұлулап, сымға тартқан күмістей түзеп жіберді. Іші тартылып, арыстандай кең кеуде керіліп, мойны жуандап, қақпақтай жауырыны көзге түсіп, білектің бұлшық еттері теңіз бетінің бұйрат толқынындай білемделіп тұратын болды.

Балуандарды келген кісілердің алдына қатар қойып:

– Жас балуанның жиырма төрті мектептің биылғы бағдарламасын бітіріп, тәжірибе жұмысына шыққалы отыр. Бірінші – Дубный, – деді Дядя Иван. Қолдар шарт-шұрт соғылды. Балуан бір қадам ілгері шығып, басын иді.

– Екінші – Мұңайтпасов Мұқан.

Қолдар соғыла бастап еді, сағатының бауы салбыраған жуан қарынды біреудің:

– Фамилиясы қалай? – деген даусымен соғылған қол бөлініп кетті.

- Мұңайтпасов, – деп Дядя Иван қайталады.
- Қай ұлт? – деді сөйлеген кісі зілдене.
- Қазақ.
- Қайдан келіп қалған?... Кім жіберген?..
- Самара балуан Иван Василиевичтің жіберген кісісі.
- Оның екінші орында тұруы қалай?
- Күш орны солай, мырза.
- Ғажап екен! – деді даусын бәсеңдете түсіп.

Келген кісілер – еркек, әйелдері болып өздері әлденелер айтып, сөйлесіп кетті. Мұқан қозғалмай, орнында тұра берді.

– Ортаға шықсын! – деген дауыс көбейді. Ортада тұрған Дядя Иван қолымен нұсқап, Мұқанды ортаға шақырды. Кеудесін кере, кердеңдей басып, балуан ортаға шықты. Әлі толып жетпеген жас жігіттің денесі көпшілікке ұнады. Қол соғу ұзаққа созылып, бір жас қыз қолындағы гүлін әкеп берді. Мұқан гүлді Дядя Иванға ұстатты да, өзі орнына барып тұрды.

Балуандарды түгел таныстырып болған соң, ойындарын бастады, бұл жолы Мұқанның үлесіне тигені – рельсті ию мен жиырма бес адам мінген арбаны жиырма бес метр жерге тісімен тартып апару өнерін көрсету еді. Ол ойдағыдай орындалды.

Парижде

Эстония, Латвия, Аустро-Венгрия, Польша, Швейцарияны аралап, талай күресті көрген Мұқан әбден шынығып, жауырыны жерге тимеген атақты балуан болды... Жасы отыздан асып, «енді елге қайтпасам болмас» деп жүргенде, Дубный Ригадан бір топ балуанмен келді. Оны көргенде, туысқанын көргендей қуанатын әдеті еді, екеуі жайраңдап, әңгімелерін соқты.

– Мұқан, енді ұзамай Парижге жүреміз. Онда жер жүзінің атақты балуандары түгел қатысатын болыпты... Солармен күресіп, күшіміздің дүниежүзілік мөлшерін көреміз, – деді. Кездесе алмай жүрген балуандардың атын естіп, Мұқан қатты қуанды. Сағынған елді де ұмытып, жүретін күнді асыға күтті.

...Балуандар Париж халқына неше алуан күштің кереметін көрсетті.

Аузын арандай ашып, ырылдаған арыстанды аяғынан ұстап, лақтырып жібергендері болды. Үйдей үлкен өгізбен сүзісіп, ұлыған иттей шоңқайтып, отырғызып кетті.

Екі пұттық кір тастың бесеуін шар қылып ойнатқан балуан болды.

Даналық ойдан дән ізде

Атандым Мұқан палуан,
бала жастан.
Ішінде күштілердің
болдым астам.
Талай-талай жерлердің
дәмін татып,
Өтті дәурен осылай
біздің бастан.
Қажымұқан

Даналық ойдан дән ізде

Күрестің мәні жеңіс пен жеңіліс емес. Оның мәні алақандай аренаға шығып, көрерменнің алдында өз бақытың үшін күресуде. Қимыл – күрестің сыртқы бейнесі. Ал ең бастысы, күрес адамды табандылыққа тәрбиелеп, оны қиындыққа мойымауға үйретеді. Күресті түсіне білудің өзі – күресе білуде.

Қажымұқан

Білектей темірді мойнымен, лом темірді тісімен майыстырды. Екі білегімен екі атты қозғалтпай қойғаны да болды. Созған қолына төрт адам мінгізіп, цирктің шеңберін айналғандар болды.

Төбесінен тұрып, аяғының үстінде алты адам ойнатқаны болды. Екі пұт тасты кеудесіне қойып, жарты пұттық балғамен ұрып сындыртты бір балуан.

Үндістан балуаны өз мырзасын үй ішімен, жайылған дастарқан, құюлы шарабымен дөңгелек тақтайға отырғызып, төбесімен көтеріп келді.

Африка балуаны отыз пұттық пілді иығына тұрғызған бойы көпшілік алдынан өтті. Тағы толып жатқан күш өнерін көрсетушілерді Париж халқы қошеметтеп қарсы алды...

– Ертең Ресей балуандарының өнерін көресіздер, – деді цирк басқарушысы. Соғылған қол Парижді жаңғырықтырды.

...Цирк ашылғанда, орталық шеңбердің алаңында басқа балуандардың дайындатып қоятын ойын құралдары көрінбеді. Алаңның жартысынан көбісін басып дөңгелек қалың тақтай жатты. Осыдан басқа цирк алаңында көз тартар ешбір зат жоқ еді...

– Орыс балуандарының күш көрсететін ойыны басталды, – деді цирк басқарушысы.

Елеңдеген ел цирктің қосалқы есігіне қарасты. Он сегіз пұттық рельске жиырма бес қызметші адамын мінгізіп, денесінің бұлшық еттері білеуленіп біреу шықты. Жайлап керіп басқан аяғынан иығында ауырлық әсері білінбейді, бейне бір мереке маршында басып келе жатқан әскердің адымы сияқтанады. Жан-жағына таңдана қараған ол ортаға келіп тұрған кезде:

– Шығыс Еуропаның үздік атағын алған орыс балуаны – Дубный, – дегенде, алдыңғы қатарда отырғандардың үрейі ұшып кеткендей болды. Ал қалың көпшіліктің дүбірі циркті жарып жібергендей.

Балуан цирк алаңын бір айналып, ортаға тұрды да, отырған елден тағы бірнеше кісі шақырып, рельстің екі басын бастырды. Қырық кісінің салмағы рельсті иіп, жерге тигізді. Соншалық салмақты көтерген орыс балуанының шоқтығы Париж циркінің түндігін түріп ашқандай болды.

...Басында айыр қалпағы бар, үстіне ала жібек шапан киіп, жалпылдақ жүнді айыр өркешті атанға мінген біреу шықты. Бұл көрініс Еуропа еліне Шыңғысхан тіріліп қайта келгендей әсер қалдырды. Балалар шуылдап, үлкендердің ұрған шапалағы оның аты-жөнін атауға да мұрша бермеді. Орындарынан тұрып, бірінің иығына бірі асылып қарап, цирктің іші дауыл соққандай болды. Балуанның оларда жұмысы болмады. Түйеден түсе қалып, оның алдыңғы екі аяғын балтырымен қағып жіберіп:

– Шөк! – деді. Иығынан қапсыра ұстап, тұқырта басқан күдіретті қол атанды «мыңқ» дегізіп шөгеріп тастады. Жүндес сирақтарының бүктесініне қайысты іліп жіберіп, бауырына салған мықты қайыстан ұстап, түйені өз иығына қағып салды да, оны көтерген бойымен цирктен қайта шығып кетті. Көзін қадап, анталап тұрған жұрт қалай көтеріп әкеткенін де білмей қалды. Балуанды қайта шақырған көпшіліктің үні цирктің ішін жаңғыртып жіберді.

– Қайда әлгі алып, шақыршы өзін, анықтап көрейік! – деген дауыстар шығып жатыр.

Қайта көруге асығып, есікке үңілген ел балуанның ақ қалпағы көріне бергенде-ақ қолдарын соғып, цирктің ішін барабанның шанағындай гүрілдетті.

Цирктің үгінді төсеген орталық алаңына салған тақтайды жерге сүйемдей батыра, арбаны тісімен тартқан алып ортаға келіп тұра қалды. Арбаға жабылған ақ жабудың төрт жағына бірдей етіп төрт тілде қарамен жазылған: «Жетпіс бес пұт» деген жазу көрініп тұр.

– Шығыс Еуропаның үздік атағын алған Ресейдің балуаны – Мұқан Мұңайтпасов! – деді басқарушы.

...Лом темірді бұрап, галстук ету Мұқанның жеңіл өнерінің бірі еді. Оны жұрт көрді. Кенет музыка долдана тартылды. Жатқан сандық тасты төрт кісі өздері көтеріп келіп, Мұқанның кенеп қап төселген кеудесіне қойды.

– Кәне, кім ұрып сындыра алады осы тасты? – деген сұрау қойылды көпшілікке.

– Мен ұрамын, – деген біраз адам екі пұт балғаның сабын ұстап, басын көтере алмай, тастай берді. Көзі күлімсіреп, екі алақанымен тастың екі шетін ептеп көтеріп балуан жатыр. Жалаңаш кеудесіне қойылған сегіз пұт тасты сындыру да көп адамға оңай емес еді.

– Мен көрейін, – деп Үндістанның Рига-Рибер деген балуаны балғаның сабын ұстады. Тасты бір ұрғанда сындыру шарт еді. Кәрі бүркіттей тұмсығы оралған алып индус балғаны құлашын кере көтерді. Ол сонау арыстанның кеудесіндей көрініп жатқан жалаң денеге гүрс ете қалмақшы. Нажағайы жарылмай түйілген бұлттай булығып, музыка үнін өшіре қалды. Мыңдаған көздер көтерілген балғаға қадалды. Қауіпті көрініске көз тоқтата алмай, бетін бүйіріне қарай бұрған сан адам болды. Тынған музыка жарылған бомбадай шаңқ етті. Шойын балға тиген тасты алақанымен атып жіберіп, балуан орнынан ұшып тұрды...

– Ертең күрес басталады, – деді цирк басқарушысы тарағалы орнынан тұрған көпшілікке.

Париждегі халықтың сол күнгі әңгімесі орыс балуандарының теңдессіз күші туралы болды.

Артық болмас білгенің

1937 жылы Қажымұқанның ізіне ІІХК (НКВД) қызметкерлері түсіп: «Бұл – патшаның адамы, оның қолынан медаль алған, сыйлық алған сыбайласы», – деп қудалауға ұшыратады. Сол себепті Қажымұқан отбасын тастап, Түркістан мен Өзбекстанда бас сауғалайды. Өмірінің соңғы кезеңі қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы жерінде өтеді. Темірлан ауылында батырдың мұражайы бар.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Қажымұқан үкіметке: «Ел аралап, цирк өнерін көрсетсем, сол арқылы ақша тауып, майданға көмектесем», – деген ұсыныс айтады. Бұл ұсынысты үкімет қолдап, екі жылға жуық жүріп цирк өнерін көрсетіп, 100 мың сомдай ақша табады. 1944 жылы осы қаржыға ұшақ сатып



алып, оны Амангелді Иманов атымен атауды өтініп, Жеңіс қорына аударды. 29 қазанда мынадай жеделхат келді: «Қызыл Армияның Әскери күштеріне көрсеткен қамқорлығыңыз үшін менен сәлем және Қызыл Армиядан ризашылық қабылдаңыз, жолдас Қажымұқан. Сіздің тілегіңіз орындалады. Сталин».

Жасы жетпістен асқан шағында Екінші дүниежүзілік соғысқа арнап ұшақ жасатқан Қажымұқан – біртуар балуан ғана емес, елін, жерін шексіз сүйген ер.

«Қазақтың Қажымұқаны»

1

Білу

1. «Қажымұқан» шығармасының оқиғасы қай қалада, қай кезде болды?
2. Саудагер Иван Ногичтің қоймасынан қандай дауыс естілді? Олар нені көтере алмай жатты?
3. Қар күреген он алты жасар бала қойма басшысымен не туралы сөйлесті?
4. Баланың еңбегін саудагер мен кіреші бай қалай бағалады?
5. Саудагер кіреші Орлий Масликовқа қандай кеңес берді?
6. Орлий Масликов пен Мұқан екеуі қандай келісімге келді?

* * *

1. Мұқан қандай жігіт болып ержетті?
2. Ол Масликовтың жұмысын қалай атқарды?
3. Бай Мұқанды қайда жұмсады?
4. Мұқан бұл қиындықты қалай шешті?

* * *

1. Петербургтегі Иван Лебедевке кімдер қайдан келді? Добрый-Рабый өз хатында не жазыпты?
2. Иван Лебедев Мұқанды қалай сынамақ болады? Мұқан оған қалай жауап береді?
3. Жекеменшік күрес мектебіне қабылданған Мұқанға кімдер көмектесті?
4. Французша күрес мектебіндегі Мұқан қандай өнерге машықтанды?

* * *

1. 30 жастан асқандағы Мұқанның жетістіктері қандай болды?
2. Дубный оған қандай жаңалық айтты? Мұқан оны қалай қабылдады?

3. Ресей балуандарын кім бастап шықты?
4. Дубный қандай өнер көрсетті?
5. Мұқан Париж аренасында өнердің қай түрлерін көрсетті?

2

Түсіну

1. Қар күреген бала Мұқан неге саудагер Иван Ногичтің қоймасына тесіле қарады?
2. 30 пұттық кеспекті Мұқан неліктен «шелектей-ақ ыдыс» деп атады?
3. Иван Ногич неліктен кіреші Орлий Масликовқа Мұқанды қол астына алуды ұсынды?
4. Орлий Масликовтың тапсырмасын Мұқанның аз уақытта тындыру себебі неде?

* * *

Добрый-Рабый Мұқанды Петербургтегі балуандар мектебіне не себепті жіберді?

* * *

1. Петербургтегі балуандар мектебінде Қажымұқан неліктен демалыссыз жаттығады?
2. Париж циркіндегі Мұқан көрсеткен өнерге халықтың ерекше құрмет көрсету себебі неде?

3

Талдау

1. Мұқанның атқарған қызметін, меңгерген өнер түрлерін оның өсу жолы ретінде жазып шығындар. Хрестоматияда берілген үзінділерді де пайдаланындар.
2. Қажымұқанды басқа палуандармен салыстырындар.
3. Шығармада суреттелетін кейіпкерлердің салыстырмалы мінездемесін жасаңдар.

Әңгіме кейіпкері	Мінезі, қылықтары, іс-әрекеті	Пікірім

4. Венн диаграммасын қолданып, шығармадағы Қажымұқан бейнесін ақын Сырбай Мәуленовтің «Ұл тартып туса игі енді өзіңе» өлеңімен салыстырындар:

Саусағы Алатаудың еменіндей,
Жотасы Қаратаудың кемеріндей,

Жүзінен шаттық, қайғы білінбейді,
Түп-тұнық Қараөткелдің тереңіндей.

Ордадай омырауы алқа-салқа,
Жартастай бас терісі жаңқа-жанқа,
Құлағы жымырайған жырым-жырым,
Қарыны бұлшық еттей қалта-қалта.

Тұтасқан мойны дала жондарындай,
Білегі жолбарыстың қолдауындай,
Гүрзідей қолдарының тегеуріні
Атасы Қобыландының қолдарындай.

4

Жинақтау

«Қажымұқан кім? Қандай адам болған?» деген сұрақтар төңірегінде ойларыңды топтастырыңдар.

5

Қолдану

1. Оқулық, хрестоматия материалдарын пайдаланып, күш атасы Қажымұқанның портретін сөзбен сипаттап жазыңдар.
2. Шығармадан Қажымұқан бейнесін танытатын эпизодтарды табыңдар. Қажымұқанға тән қасиеттерді жазып, дәлел келтіріңдер.

Қажымұқанға тән қасиеттер	Дәлел (мысал)

3. Шығарма мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаңдар:
 - үзіндіні бірнеше бөлікке бөліңдер;
 - әр бөлікке атау беріңдер;
 - әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді табыңдар;
 - кейіпкерлерді сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді анықтаңдар;
 - мәтіндегі барлық кейіпкерлерді кезегімен атап шығыңдар;
 - мәтіндегі оқиға орын алған жерлерді атаңдар;
 - үзіндіні аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.
4. Жұп құрып, тақырып бойынша «Бортты жүк» кестесін толтырыңдар. Жұптың біреуі «Болжам» бөлігімен

жұмыс жасап, «+» немесе «-» таңбасын болжамның дұрыс-бұрыстығына қарай қойып отырады, екіншісі тек жаңа ақпарат жазады, соңғы қадамда жұпта талқылап, сыныпқа таныстырады.

Болжам	Жаңа ақпарат
Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым?

- Қазақ спортының атасы Қажымұқан туралы бірталай мәліметтер алдыңдар. Ал қазіргі қазақ спортына өз үлесін қосып, Қазақстанның атын шығарып жүрген спорт саңлақтары туралы не білесіңдер?
- Ел мақтанышы – чемпиондарымыз туралы таңдауларың бойынша «Елдің даңқын ер шығарар», «Қажымұқан – қазақтың мақтанышы» тақырыптарына эссе жазыңдар.

6

Баға беру

- Қажымұқан туралы пікірлеріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер:
Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»
Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»
Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»
- «Қазақ спортының жетістіктері» тақырыбында өз ойларыңды ортаға салыңдар.

Бағалы дерек

Алып күш иесінің тұңғыш рет әлемдік деңгейдегі көрінген шағы 1906 жыл еді. Алманиядағы дүниежүзілік сайыста әлем чемпионы атанды. Сол кездегі саясаттың салдарынан орыс палуандарының атымен күресуге мәжбүр болды. Оған түрлі лақап аттар берілді. Бірде Қажымұқанды «Ямагата Мухунури» десе, енді бірде Мухан, «Иван Чёрный» деп атаған. 1909 жылғы халықаралық палуандар жарысына ол «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан. Ақмола өңірінен шығып, Америка құрлығы мен Еуропаны бағындырған балуанның есімі тарихта қалды. Өмірінің 55 жылын күрес пен цирк өнеріне арнаған балуанға Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Темірлан елді мекенінде ескерткіш орнатылып, мұражай ашылды.



Диалог құру

Қажымұқан палуанмен әңгімелесудің үлгісін көрсетіңдер.



Кітапсүйерлер үшін

Қ.Сүлейменовтің «Палуанның балалық шағы», Д.Әбілевтің «Алыптың ақ батасы», Ә.Қоңыратбаевтың «Өз аузынан естігендерім», С.Сейфуллиннің «Қажымұқан» атты шығармаларын, Ғ.Тәшімбаевтың «Күш атасы» жинағын оқыңдар.



Әдебиет теориясы

Хикаят

Хикаят (повесть) – орта көлемдегі эпикалық түрдің (жанрдың) үлгісі. Мұнда шағын әңгімедегідей бір ғана емес, бірнеше оқиға, адам өмірінің бір алуан кезеңді құбылыстары кеңірек суреттеледі. Сондықтан әңгімеге қарағанда, хикаяттың көлемі де үлкен, сюжеті де күрделі, қаһармандары да бірнешеу, тіпті ондап саналады.

З.Қабдолов. «Сөз өнері»



Тапсырма

Хикаят пен әңгіменің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіңдер.

IV ТАРАУ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ ТҮНҒАН ҰЛЫ ҰҒЫМ



Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.

Н.Назарбаев



Қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар, көркем туындылары көпшілікке танымал, көрнекті қаламгер Асқар Алтай – өзінің туған жерінің, елінің өзекті мәселелері, қайғысы мен қуанышы, мұңы мен үміті туралы жазып жүрген жазушылардың бірі.

АСҚАР АЛТАЙ



АСҚАР АЛТАЙ
(1963 ЖЫЛЫ ТУҒАН)

Зергер сөз

Асқар Алтай – өз дәуірінің жүйрігі. Шығармаларынан қаламгердің дүние мен болмысты танып көркемдеуінен оқырманын баурап алатын соны бей-жай ой өрнегін, түйінді байламын көресіз.

Г.Тәңірбергенова

Даналық ойдан дән ізде

Қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде Асқар Алтай – өз бағытын айқындап, стилін танытқан жазушы. Асқар Алтай, көбінесе, қазақ елінің өткенін безбендеп, елдігін танытатындай тақырыпта жазады.

С.Такиров

Қазақ жазушысы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Асқар Алтай 1963 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында дүниеге келген.

Асқар Алтай – Жастар арасындағы прозашылар форумының, Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

Қазақ жазушысы әрі сыншы А.Асқардың «*Алтай балладасы*», «*Қайың сауған, ел ауған*» романдары, «*Қызыл бөлтірік*», «*Қара бура*», «*Қаладағы құтпандар*» повестерінде халықтың өткені мен бүгінгісі суреттеледі.

Жазушының «*Қызыл бөлтірік*» повесі Халықаралық Сорос қорының Бас жүлдесі – Грантын жеңіп алған. Өз шығармашылығы туралы жазушы: «Осы күнге дейін үш роман жаздым. Мен үшін көп жазу маңызды емес, талғаммен жазу маңызды. Шығарма менің жан дүниемді тербетуі, тебірентуі керек», – дейді.



Желтоқсан көтерілісі жазушы шығармасында қалай бейнеленген?

Прописка

Желтоқсанда із-түзсіз кеткендердің рухына бағыштаймын.

(Автор)

Күн ұзарған, түн қысқарған көкектің кәрі қыздай қылтың-сылтың басы. Өскеменнен түсте шыққан автобус Ұлан арқылы Самарға тікелей асып, Ертіс түсіп, Күршімнен бір-ақ шығуға бел байлаған. Көкек келсе де, наурыз жылымығының қайырма қызыл шұнағы қала ішін дірдек қақтырып, Ұлан асуына қарай созылған ұзақ жол беті сиыр жалағандай, жып-жылмағай көк мұз. Алды-арты бірдей тартатын шағын сары автобус ішіндегі аз ғана жолаушыларды селкілдете ұрып, соқтырып келеді. Күн аяздан шаңытып тұр. Автобустағылар өзді-өзімен шүйіркелесіп, қайсыбірі жорта қалғып отыр. Жолаушылар арасында нәресте құшақтаған жас келіншек қыңқылдаған сәбиін уатумен әлек. Ең артқы орындықта отырған Архат олардың іс-әрекетіне көз жіберіп, көңілсіздеу күйде көзін жұмған. Ұйықтайын деп ойлаған, бірақ көзі ілінбей-ақ қойды. Амалсыз қырау тұрған терезеге таянып, ыстық демімен алақандай жерді ерітіп, тысқа үңілді. Ұлан асуына көтерілер тұстағы тау ішіне дендеп енген екен бұлар. Ақтұмсық Алтайдың танауына әлі сірге жүгірмепті. Маңай мұрты бұзылмаған сере-сере қар. Алтай қыс ағыл-тегіл аспаннан саулаған ақ тасқын қымтаған қалпы. Өлі дүниедей. Бойында бірақ белгісіз бір сес бар... Өзі кеше ғана аттанған Алматыны еске алды. Көкек астанада күшіне еніп, қызуы қоламтадай жүз шарпығалы Алатаудың да биік бауырындағы қалың қар лас лайсаңмен апыл-ғұпыл аттанып еді ғой. Биыл биік Алтайдың басындағы ұшпа бөркі тұрмақ, етегіндегі жел қағып, қар тоқтамайтын тастақ қыраттары да наурыздың ақша қарын жамылып, самарқау жатыр. Сырбаз Алтай тәрізі көктемге жонын бергісі жоқ.

Суыр малақайын көкжелкесіне ысырып, автобустың қабырғасына шалқая отырып, Архат ойға батты. Жолаушылар автобус іші жылы болса да, қымтана түсіп, күбір-сыбырлары азайған. Кедір-бұдыр сүргіленген тақтайдай тасжол іші-бауырды солқылда тып, адамның зықысын кетіре лоқ-лоқ ұрып қояды. Жол ұзақ.



CD 07

Асқар Алтай
табиғатты қалай сурет-
теген? Архатты қандай
ойлар мазалайды?



Сөзмаржан

жып-жылмағай – теп-
тегіс

жорта – қасақана,
әдейі

сірге – енесі емдір-
меуі үшін тай, тананың
танауынан өткізіп қоятын
екі ұшы да істік (үшкір)
шыбық ағаш

сере – алақанның
кеңдігіне тең өлшем. Со-
ғымның қазысы майлы
болса, сере қазы деп
айтылады. Мәтіндегі се-
ре-сере – қатпар-қатпар
қар деген мағынада. Дос-
памбет жыраудың «Сере,
сере, сере қар» деген
толғауы бар

қоламта – оттың ыстық
күлі

сергелдең – әурешілік,
әбігерлік

прописка – тіркеу

Кемінде алты сағат жүру керек. Адамды отыра беруден қажытып-ақ жіберді. Жеткенше зарығып боласың!.. Бұл Күршімге асығып та келеді. Туған жеріне жеті жылдан астам уақыт өткенде оралды-ау бұл. Өне келем, міне келем деп жүріп, өмірдің ағымымен кете алмаған. Жол түскені – бүгін. Онда да төрт ай бойы сергелдеңге түсіріп, құрдастары «Сергелдең Сері» атаған паспортқа отыру мәселесі болмаса, әй, келе қоймас еді. Тірлік деген – сол.

Мұнда ұзақ болмас. Ары кетсе – үш ай. Екі қолға бір жұмыс: табылса – жеңіл-желпі қызмет, табылмаса – қара жұмыс. Көңілге демеу, Шіріқаяқта тұратын үлкен ағасы, соның үйінде тұрмақ. Ол да ауру: әйтеуір ептеп-септеп елмен бірге күн кешіп жүр. Жеңгесі орысша өскен, шайпау болатын. 1979 жылы жазда әкесі қайтыс болғаннан кейін бұл аға-іні, жалғыз анасымен Алматыға көшкеннен бері тұңғыш көргелі отыр. Қазір екі баланың анасы, бәлкім, өзгерген де шығар. Араласпай кеткелі де қай заман: аттай жеті жыл... Аға-жеңгесі бірақ сыртқа теппес. Бауыры ғой. Басына іс түсіп келеді ғой, басқа қайда барады? Қаны емес пе?! Қайдам, ондай қылық танытпауы да ғажап емес. Қазір екі туып, бір қалғанына да қиғаш қарайтын болып кетті ғой. Егер ауырсынып жатса, ең көбі бір кластасының үйінде пәтерге тұрар. Ер жігітке сол да сын болып па?! Ең бастысы – паспортқа «пропискаға» отырып, бес жүз сом ақша тауып, Алматыға қайту. Ағасы, әрине, бес жүз сомды бере алмайды. Ол – анық... Осы бір бес жүз сом болмағанда, Алматыға қызметке орналасып-ақ кетер еді. Бәрінен де төрт ай бойы сергелдеңге салынғанын айтсаңшы. Сол бір Желтоқсанның бұрқағы болмағанда, құда да

тыныш, құдағи да тыныш, Алматыға іргелес ауылына пропискаға отыра қояр еді. Сол бір сұмдық көтеріліске тайқы маңдайы тап келіп, қызуқандылықпен килікпегенде қалың тұманда адасып қалған адамдай сандалмас па еді... Ақыры, астана түгілі, маңындағы ауылға да тұрақтай алмады.

Тұрақтатпады ғой... көрші-қолаң «желтоқсаншы» екен деп шығармағанда, ал Николай бригадир мұның туған ағасы Дәуреннен өшін бір алуға қолайлы сәт туды деп: «Інісі әскерден келе салып, 17-ші желтоқсаннан 21-іне дейін үйінде қонған жоқ. Ел декабристермен бірге Алматыда болыпты деп жүр... Анық-қанығын анықтаңыздар! Ағасы коммунистік партия мүшелігіне кандидат болса да «сенімсіз адам», інісінің іс-әрекетін жасырып отыр. Тексеріңіздер!» деп, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер орнына «донос» жазбағанда құйрығына қалжуыр байланбаған болар еді. Өкініш жоқ, бірақ көтеріліске 18-і күні дәрігер жездесін әдейілеп ертіп барып тұрып қатысты. Таяқты да жеді... жегізді де! Көңілде ғана әлдеқандай алаң, шарасыздығына налу ғана бар. Ал органдағылар Қаскелеңде тергеп-тексеріп үш сағат ұстады. Дәлел болмағандықтан, қоя берді. Ана бір Базиев деген капитан, өзінің ұлты балқар екен, сол қол ұшын берді... Иә, енді міне...

...Ұлан асуына иек артайын депті автобус та. Неге екені белгісіз, жел көтеріліп, жол үстінде жыланирек жаяу борасын сырғиды. Асудан ары елсіз-күнсіз қарағайлы тау іші. Алтайдың биік сорабы да – осы тұс. Ең қауіпті аймақ та осы жер. Боран асуда күшті болса, сор сонда қайнайды! Автобустың алды-арты бірдей тартып, қайқаңға ілігіп те қалды. Жел күшейген. Маңдай әйнегін сыпырған резіңке «тіл» тез тазалағанымен, жабысқақ қар оп-оңай басып үлгеріп жатыр. Көп кешікпей асуға да көтерілді. Күткендей-ақ алай-түлей боран түтеп тұр екен.





Сөзмаржан

донос – құпия хабар, құпия өсек

қалжуыр – ағаш тоқпақ. Әдетте үй жануарлары өріске ұзап кетпеу мақсатында арқандап, ұшына қалжуыр байлап қояды.

бұрқақ – бұрқасын. Қиыршықтап жауған қарды суырып соғар бөсең жел

сорап – нобай, бұл жерде жолдың бұрынғы ізі деген мағынада

Автобус іші бірден-ақ қаракөлеңкеленіп сала берді. Қалғып-мүлгіп отырған қамсыз жұрт та қозғалақтап, көздерін тігісіп, бастарын көтерісіп алған. Әркім іштей Құдай мен Тәңірге, әулие мен әмбиелерге сыйынысқан. Жол қиындады. Автобус тасбақаша төрттағандап ілбіп келеді. Бірсін-бірсін бас алған бұрқақ қар адым жерді көрсетуден қалды. Айнала – ақтопан. Жолаушылардың көбісі, үрейлене, үрпиісіп отыр. Егделеу тартқан ер адам: «Қап, қырсық шалды-ау! Мына күн қайтеді?» – деп те елден аққұла өкініш білдірді. Бірақ оның сөзін ешкім елемегендей қосыла жөнелмеді. Мұндай

құқайды талай көріп жүрген алтайлықтардың әдетінше тымтырыс іштен тынған. Соған қарағанда, мына келе жатқан жолаушы бұл өңірдікі емес екені болмысынан білініп қалған. Әлгі адам жайсыз атқа отырғандай, қопаңдап, үлкен-кіші көзіне шыққан сүйелдей тұрып кетіп, шофердің қасына барған. Шофер бірақ: «Отағасы, орныңызға отырыңыз!» деп қайырып тастады. Келісті жүзді жас келіншектің нәрестесі қыңқылдады. Шамасы, екі-үш айлық қана. Дауысы бөсең. Сапар әлдеқандай болады дегендей, келіншек кішкентайының жаялығын ауыстырып, шырылдағанына қарамастан, құрғақтап алды. Сәбидің дауысы жуан естілді, соған қарағанда, үл секілді. Келіншек іштегілердің ұры көзінен қысылып-қымтырылып, баласын емізді.

Тыста суырып соққан жел қаңтардың аяғында қағынған бурадай бұрқырап, көлікті жүргізбеуге айналған. Осыдан бір-екі жыл бұрын ғана бір автобус жолаушы осы Ұлан асуында шалашарпы үсініп қалған. Қазір де кей жолаушылардың есіне сол жай түскен-ді. Абырой болғанда, ешқайсысы бір-біріне тіл қатпады. Боранның аужайын әркім өзінше түйеде.

Аздан кейін автобус тоқтауға айналды. Наурызда ғана жауған қалың күпсекті көтеріп, борап жауған жылбысқымен араласқан аласапыран аруақтанып-ақ алғандай. Қыстай қанша күресе де, қабақ-қабақ көтерілген күре жолдың үсті дәл қазір адам айырғысыз. Шофер жігіт талай жүріп жүрген жолы болғандықтан, ой жобамен қарды бұза-жара сылбыр қозғалып келеді. Кенет сары автобус бір жағына қиқаң ете лықси беріп, бір жамбасына қарай ошарыла құлады. Бағанадан бері сыр білдірмей отырған жұрт



Сөзмаржан

күпсек – қалың қар
жылбысқы – шала
туған лақтың терісі. *Бұл
жерде: жұмсақ қар деген
мағынада*

ошарыла құлау – тұ-
тасымен аударылу
капот – машинаның
алдыңғы жағын қаптап
тұрған сыртқы беті

Даналық ойдан дән ізде

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетеді. Олар жүз жылға жуық уақыт бойы халықты қазармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиған жоқ. Жастар бұдан әрі кез келген елге тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді.

*Н.Ә.Назарбаев.
«Ғасырлар тоғысында»*

у-шу болған күйде сол жақтағылардың үстіне ауды. Сол қабырғасына қисая құлаған автобустың моторы өшіп, едені көтеріліп кеткен. Үлкендер мен қыз-келіншек, әйелдердің улап-шулаған дауысын баса, капот үстінен мойнын созған шофер ақырып жіберді: «Тоқтатындар, паниканы! Жігіттер, мен есікті ашамын қазір, басқалардың шығуына көмектесіңдер! Автобусты тезірек тұрғызып алуымыз керек. Қар басып қалса, қайран болмай қалады. Давай, жігіттер!».

Архат есік ашылған бойда тыстағы боран ішке лап қойып, аждаһадай ұйытқып ала жөнелді. Қырындап қалған есіктен құйылған қар Архаттың да ашық өңіріне сау етіп, мойны мен алқымын мұздай қарыды. Архат бірінші болып қырынан жатқан автобустың үстіне көтерілді. Ат құлағы көрінбес боран орай да борай борап, екпінімен қаңбақ құрлы көрмей, жұлып түскісі бар. Тысқа тағы бір жігіт шықты. Қалғандары – іште. Іштегі жігіттер көмектесіп, жолаушылар көкке қарап қалған жылы автобустың есігінен біртіндеп шыға бастады. Ең соңынан шофер көрінген.

Жас балалы келіншек пен үш-төрт қарт әйелдерден басқалардың бәрі де, шофердің айтуымен, автобусты аяғынан тік тұрғызуға кірісті. Алдымен, оң жақ дөңгелектер көтеріліп кеткен жолдың сорабы екі тік күрекпен жанталаса тазаланды. Бұған төрт жігіт тартылған. Автобустың ұзына бойы белуардан ойылды. Ондағы мақсат: бір қырынан жатқан автобусты түзеген кезде төрт дөңгелегі тең басуы үшін. Іле-шала қисая қырындаған автобустың сол жағынан омбы қарды тізеден кешкен отыз шақты адам жабыла ырғап, шофердің айтқанындай, өз орнына дік еткізді. Қожанасырдың моласындай

қисайған көлік қалыпқа келісімен, бәрі де қуаныса қауқылдасып, жабық есік аузына жақындады. Шофер есікті ашып, жолаушылар ішке өткен. Машина оталмаса да, шофер Архат пен тағы бір жігітке автобустың алдын аршуды бұйырды. Ол екеуі лып ете түскен. Әп-сәтте ұйытқыған боранмен арпалыса тазалаған болып, қайта ішке енді. Шофер автобусты оталдыра қоймапты. Капотты ашып тастап, әлденені шұқылап жатыр. Іші бағанағы ұрмақ жылуынан айырылыпты. Кейбіреулер аяғын резеңке төселген еденге сатырлата соғады. Архат шофердің қасына келді. Ол төмен қарап тұқшындап жатып, мұның келгенін аңдағандай, ептеп қарап қойды. Сосын: «Карбюраторға бірдеңе болған-ау деймін, шешуге тура келеді», – деді ақталғандай үнмен. Архат үндемеді. Бұрылып кетіп, арт жақтағы орнына жайғасты. Өткен жылы әскерде жүрген кезінде қаңтардағы осындай бір оқиға көз алдына келді...

Жұрт моторды уайымдап: «Енді қайттік! Қатып қалмасақ игі еді!» деп жатқанда да, бағана алғаш үрей шақырған егде адамның тағы да «Жолға шығарда қарамай ма, қайдан ғана отырып едім, енді келмесін бұл жаққа» деген шоферді кінәлаған дауысын жақтырмаса да, Архат өз ойымен оңаша отырған. Оның ойына ешкім де, ештеңе де тосқауыл бола алмас. Адам ойы – ерікті, әй, бірақ әумесер де... Әйтпесе төрт ай бойы тепсе темір үзетін бұл сергелдеңге түсер ме, осы бейнетті кешер ме? Әскер қатарынан келген кезде Алматыда болған Желтоқсан көтерілісіне бола «пропискаға» отыра алмай қаңғырмас еді қаңбақтай... Ал Архат айлап қаңғыды. Бірақ ол қазір Ленинград маңындағы қар жамылған қалың орманда «ЗИЛ-131» машинасымен «Р-141» радиостанциясы үшін екі жігіт үш күн бойы жалғыз қалғанын еске түсіріп отырған. Совет армиясында байланыс ротасының старшинасы болған Архат әскери дайындық кезінде «ЗИЛ» моторының кесірінен Ямов деген жауынгер жолдасымен орманда қалған еді. Сонда үш күн бойы ашық алаңқай ортасында ұйқы-күлкісіз күні-түні от жағып, моторды жөндеген. Ладогадан соққан дымқыл суық лепке дірдектеп шыдап баққанды. Бір-ақ күнде жөңдейміз деген жорамал сенімдері ақталмай, үш күн жатып, радиостанция ішінде қатып қалған қақпыш нанды талғажау еткен. Әскери өмірдің ащы-тұщысын Архат мұғалімдер даярлайтын институтты бітірген соң татты ғой. Институт бітіріп, қатарыңнан кеш қалып барған қалай дегенмен де жаныңа батады екен. Армияның аты – армия. Оның өз заңы бар: уставсыз да. Бәрін де бастан кешуге тура келді ғой... Оған да бірақ өзі сұранып, Қаскелеңде «рапорт» жазып, Ауғанстан соғысына қатысам деп кеткен-ді. «Сұрап алған аурудың емі жоқ» емес пе?! Осы бір қызба да адал

Артық болмас білгенің

Боран – күшті желдің (жылдамдығы 15 м/с-тан астам) әсерінен топырақтың, құмның, қиыршықтастың, қардың ұйтқып соғуы. Боран – қатты жел соққандағы және ауа температурасы төмен болған кездегі бұрқасын. Термин, негізінен, Қазақстан мен Сібірдің далалы аудандарында қолданылады.

Боран соққан кезде айнала түтеп, ештеңе көрінбей кетеді. Шаруашылыққа орасан зор зиянын тигізеді. Қарлы боранның Қазақстанда Арқаның ақ бораны, ақтүтек, құмды өңірлерде Мойынқұм бораны деп, тауаралық аңғарлар мен жазықтықтағы боранды Ебі бораны, Сөгеті бораны деп аталатын түрлері бар. Қазақ атауларында жаяу борасын, суырынды борасын, ақ боран деп те атай береді.

«Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінен»

мінезінен көресіні көріп, талайына тартылмағанды өзі тілеп алып жүр ғой. Әйтпесе әскерде несі бар? Ал әйгілі Желтоқсанның жөні бөлек. Ол үшін өліп кетсең де арман жоқ. Қойша қамалып, тырнаша жұлынған, көк мұз алаңда жер жастанған қай жайсаң қыз-жігіттен артық?!

Кенет шу шығып, Архаттың ойы бөлініп кетті. Әзірде ғана жамбасына қисайған автобусты түзетуге күш салған үш жігіт малақайларының құлағын түсіріп, мойынорамалдарын тартып, жолаушылардың «қалындар» дегеніне қарамастан, кетуге ыңғайланыпты. Архат таңырқады да қойды, басу да айтпады. Түтеген боранға бас тіксе, бара беретін сыңайлы... Тұрғылықты азаматтар ғой, адаса қоймас. Адасса да, Алтай өздерінікі. Паналар жер табылар. Бәрінен бұл секілді ашық күнде адасқан ащы екен... Лайым, олар адаса қоймасын!

Үш жас жігіт жиналмалы есікті айқара аштыра бере, тыста құтырынған қарлы құйын ішке қарай қотарыла құйылсын. Бірақ ана үшеуі ештеңені елемегендей, іле-шала шығып кетті. Олар кетісімен, іштегілер жолдарының оң болуын тілесіп, аз уақыттан кейін үндемей қалысты. Боран автобусты бақсыдай айнала асыр салып үйіріледі. Шофердің қасында егделеу бір адам мен тағы бір жігіт көмектескен болып жатыр. Басқалар күдікпен күтулі: ішінде өзі де бар...

Далада бөрідей ышқына ұлыған боран, іште ызғарлы аяз. Архатты үзік-үзік ойлар жайлаған. Көңілі қамырықты...

– ...Асығыспын, ауданға кетіп барам. Ертең келерсің деген өзіңіз емес пе едіңіз, – деп Архат Жетісу ауылсоветі Қақатаевтың алдында әскери формамен сымша тартылып тұрып еді-ау!..



Сөзмаржан

талғажау ету – аздап
коректену
инструкция – нұсқау

– Айтсам, айтқан шығармын. Қақатаев үстелге салбыраған қабағын көтерген.– Дәл мына жағдайға байланысты РОВД-дан инструкция алатынымды қайдан білейін?!

– Инструкцияның маған қандай қатысы бар, аға? Отан алдындағы борышымды өтеп келдім...

– Өз басыңа ештеңе деп тұрғам жоқ. Әзірге күте тұр. Армиядан енді келсең, әлі «пропискаға» уақыт бар. Астананың іргесіндегі ауылмыз. Декабристердің дүрбелеңі...– деп Қақатаев күмілжи берді. Сондықтан да сондай инструкция берілген... Тоса тұр.

Одан Алматыға ат басын бұрды ғой бұл. Мұнда да дүңк-дүңк дүрсіл дауыс қарсы алған.

– Төрт ай жүрсең қайтейін! Ауылың паспортқа тұрақтандырмаса, кімнен көресің, өзің де кінәлі, – деп орнынан тұрды қараторы келген подполковник.

– Жолдас подполковник, ауылсовет көлеңкесінен қорқып отыр. Анадағы оқиғадан кейін қала маңындағы колхоз-совхозда бүкіл паспортқа тұрақтанушылардың тізімін жергілікті совет арқылы алып, тексеру жүргізіліп жатыр. Көбісінің адресі жоқ, үйді-үйде «жоғалған» пропискалардың әрқайсысына 300 сомнан штраф салып жатырмыз. Мен сені бұл іс бітпей отырғыза алмаймын, өйткені өзің түсінесің ғой, заманның кең-мол кезінде ауылда тұрақтанғандар қаңғып-қаңғып кеткен. Қайда жүргені белгісіз. Оларды түгелдей тауып, шығарғанын шығарып, шығармайтынын тізімге алып болмай, ешкімді де пропискаға ала алмаймын! Жеп отырған нанымнан айырылар жайым жоқ. Нұсқауды бұзуға хақым тағы жоқ деп жолатпайды. Жұмысқа «пропискасыз» алмайды. Мамандығыммен ауылда да, Қаскелең ауданында да орын жоқ. Қалада орын бар екен, бірақ алдымнан «прописка» шықты тағы да. Үйдің көлемі тұратын адамдармен қосқанда, мен сыйып тұрмын, аға. Жақын туысымыз ғой.

Архаттың сөзін орнынан атып тұрған ұзын бойлы подполковник бөліп жіберді:

– Легендаңның түкке қажеті жоқ мен үшін. Отырмайсың! Қалаға кіргенше – қараспан алған сорлысыңдар, кірсеңдер – басбұзар бұзақысыңдар... Сенсіз де қаладағы кердеңдердің лаңы аз емес.

– Жолдас подполковник, мен сізге бұзық емеспін! Арғысы – әскерден төрт ай бұрын келген солдатпын, бергісі – запастағы офицермін өзіңіздей.

– Енді неғыл дейсің, фамилияң бөлек... Марш!

– Сонда қайда бармақпын? Конце до концов шетелден қашып келгем жоқ қой...

– Қайда барсаң, онда бар. Мен сені шақырғам жоқ. Давай, марш отсюда! – деп зілденді.

– Сіздің олай деуге хақыңыз жоқ. Мен Совет азаматымын.

– Сен мені үйретейін дедің бе? Өзің кешегі декабрьге қатысқан қу шығарсың... Подполковник сынай қарап, кекете жөткірінді.

– Қатыссам – қатыстым... Оған бірақ дәлеліңіз жоқ сіздің! – Архат шарт кетті. – Декабрист деп дүре соқсаңыз да...

– Хватит! Товарищ гаржданин, сейчас же идите, иначе я буду вас посадить!

– Не имеете право!

– Ох, как имею!.. Арестую вас, как неповиновение закону.

– Пусть так, товарищ полковник! Лучше в камере сидеть, чем без надежды бродить... Мне уже некуда! Что хотите, то и делайте.

– Ты что, серьезно что ли? Мен отырғыза алмаймын, бәрібір. Сен ауылда тұрасың, әскери учетың да сонда. Все! Подполковник атшаптырым кабинеттің төрінен есікке адымдай беттеді. Калинин ауданы милиция бастығының соңынан Архат еріксіз ере шыққан...

Енді, міне, бойы тоңазып, қарадай елегізіп, Алтай биігіндегі бұрқақта бұйығып отыр. Әлгі бір алас-күлес ақтүтекте атып шығып кеткен албырт азаматтар қайда жүр екен деген еріксіз ой оралды. Адасып кетер ме екен, әлде жол таба алар ма бұлыңғыр бұрқақта?! Өз атамекені ғой бірақ...

Автобус отала алмай ызың-ызың етіп тұрды да, тауды жаңғырықтыра оқыс құлаған жартастай дүр ете түсті. Екі сағаттай тағаты таусылып, тоңған аяқтарын еденге тарсылдата тықыршып отырған халайық та көтеріліп қалған. Кейінгі төрт айдың жүзінде паспортқа тұрақтанам деп талай жайға тап болған Архат ойы қалған хикаяларына қайырылып үлгермеді... Шофер жігіттің шақыруымен қасына танымайтын бір жігіт ағасын ерте сыртқа шықты.

Боран автобусты белуарынан басып тастапты. Екі жігіт жанталаса қимылдаған. Алдынан да қарды аршып, жиырма қадамдай жол сорабын салған болды. Доңғалақтары орнығып қалған автобус арлы-берлі ырғалып алып, қыс бойғы тығыз қарды жалдай жүріп кетті. Үлкендер «Бісімлла!» дескен. Әрі-беріден кейін көліктері тағы омбыға тығылып, қақалып-шашалып өшіп қалды. Шофер мүлде оталмай қала ма дегендей, оталғышты үсті-үстіне басып, іші әжептәуір жылынып қалған автобусты дүрілдетіп қойды.

Тағы екі адам алай-дүлей тысқа беттеді. Боран бұрынғысынша, бәсеңдер түрі байқалмайды. Бұрқ-сарқ.

Беттен алып, төске шапқан қарлы желмен жолаушы автобусы Ұлан асуында үш сағаттан аса алысып, ақыры Самар жазығына еңкейер тік шатқалға іліккенде пышақ кесті тыйылған-ды. Бұл кезде күн бесіннен ауып, бұлыңғыр аспан асты мен терең шатқал ішін қараңғылықтың хабаршысындай зәрлі көлеңке иелеген. Сары автобус кілт тоқтады. Шофер орнынан көтеріліп, ту сыртын жауып тұрған Алтай барысы суретті плакатпен жапсырылған жалпақ әйнек шетінен кеудесімен көрініп, Ұлан асуынан айтқанға көнбей, өз бетімен кеткен үш жас жігітті жолаушылардың есіне түсірді. Олар ізім-қайым болғанына көп болмаса да, жұрт жадынан шығып та үлгергендей... Әркім-әркім әртүрлі долбар жасап, бәлкім асудан аман-есен асып, әлде бір қыстаққа жеткен шығар деп топшылаған. Алдымызда кетіп бара жатқан болар дегендерге шофер үзілді-кесілді «жоқ!» деді. Асудағы алас-қалас ақтүтек арасында қалып қоймады ма, тау басы мекенсіз ғой деген күдік кім-кімнің де көңілін жайлаған... Бірақ жамандыққа қимаған, ауыздарының батылы жетпеген – бұлдыр үмітке сенген. Олардың қайда бара жатқанынан да жолаушылар хабарсыз болып шықты. Самар мен Күршім – екі ауданның қайсысынан екені белгісіз. Айналасы екі жүз шақырым аймақтың ауа райы құбылмалы-ақ.

Сары автобустағылар Самарға сағат жетіден аса жетті. Шофер асуда бой бермей кетіп қалған үш жігіт жайлы тиісті орынға хабарлады... Іңір ілінген. Мұнда екі-үш адамды түсіріп тастап, екі-үш жолаушыны отырғызып алып, тартып кетті. Олар Ертіске жеткенде,

түн түнегі қымтап, ай туған. Көрі өзен үстінде аяз күшті болушы еді, бірақ бүгін қалың қар мен көк мұзды астынан солқылдата ерітетін өлкек соғып тұр екен. Әлі түсе қоймаған мұз үстінен қызыл су жүріп, жылым пайда болып, жарық ай сәулесі мен көтерілген селдір бу арық малдың шарбысындай жұп-жұқа перде тұтыпты.

Алып өзеннің арғы жағасы көрінер емес. Ол жақта бұларды күтіп тұрған да еш көліктің жыпылықтатқан жарығы көзге ілікпеді. Сары автобустан түскен жолаушылар көрлі Ертісті бойлай соққан өлкек пен мамыражай жайылған қызыл суға қарап тұрды да, амалсыз автобусқа



Сөзмаржан

гаржданин – гражданин. Жазушы кейіпкер мінезін ашу үшін әдейі қолданған

долбар – болжам

ізім-қайым – хабар-ошар жоқ

өлкек – жазғытұрым соғатын ызғарлы, суық жел

қызыл су – көктемге қарай мұз үстінен еритін ағын су

жылым – мұздың кей жерінің жұқарып ойылуға таяуы

енді. Жас балалы әйел жылаған сәбиін емізіп алуға жолаушылардың орын-орындарына жайғасуын күтті...

Елдің артынан енжарлау енген Архат қана. Қызыл су жүріп жатқан ұлы Ертістің арғы бетіне өте алмады. Өлі мұз жібіп, жетер жеріне жеткізбеді. Өткелсіз өзенге не шара?! Бірақ бұл алмағайыпта Алматыға сыймаса да, атамекені Алтайына табанын тіреп, ертең-ақ ал көңілі бүрлеп шыға келер.

Жолаушылар мінген автобус Самарға кері қайтты. Оған көк аяз тасжолға шағылған жалғыз ай ілескен. Асуда бұрқақ, өзенде өлкек соққан құбылмалы күн түнге ауысқан. Архат Күршімге күнбе-күн жете алмады. Ал бұрқақта бұлаңытып кеткен бұландай жігіттер сол бойы оралмады... Архат ымырт аязынан тітіркеніп қойды.

1

Білу

1. Асқар Алтай туралы не білдіңдер?
2. «Прописка» әңгімесінің кейіпкерлері кімдер?
3. Шығармада суреттелген оқиға еліміздің қай өңірінде орын алған?
4. Архат деген кім? Ол қайда бара жатыр?
5. Қысқы Алтай табиғаты қалай бейнеленген? Оқып беріңдер.
6. Желтоқсан көтерілісі туралы не білесіңдер? Ол туралы шығармада не айтылған?

2

Түсіну

1. Әңгіме неліктен «Прописка» деп аталған?
2. Қандай себеппен Архат ауылға келе жатыр?
3. Неліктен Архат Алматыға, Алматы маңындағы ауылға «пропискаға» тұра алмады?

3

Талдау

Әңгіме кейіпкерлерін салыстырыңдар.

4

Жинақтау

1. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Әңгіме кейіпкерлеріне тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер.

5

Қолдану

1. Әңгіме мазмұнына сүйене отырып, «Үш түрлі күнделік» кестесін толтырыңдар.

Мәтіннен ерекше әсер еткен тұсын немесе ой салған дәйексөз келтіру	Қандай ой тудырды? Осыған байланысты қандай сұрақ туды?	«Мұғалімге хат» – сұрақтар

2. Әңгімеде кездескен географиялық атауларға түсінік беріңдер.
3. Әңгіме мазмұны бойынша төмендегі тапсырмаларды ретімен орындап шығыңдар:
 - мәтінді негізгі мазмұндық бөліктерге бөліп, атау беріңдер.
 - мәтін бөліктерінің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді табыңдар.
 - мәтіндегі кейіпкерлерді атаңдар.
 - мәтіннен кейіпкерлер бейнесін, мінезін ашатын сөйлемдерді анықтаңдар.
 - кейіпкерлердің сыртқы түрі мен мінезін суреттеңдер.
 - оқиға орнын, уақытын атаңдар.
 - кейіпкерлердің іс-әрекеті туралы айтып беріңдер.
 - орын алған оқиғаға, кейіпкерлерге байланысты пікірлеріңді білдіріңдер.
 - берілген үзінді туралы өз ойларыңды ортаға салыңдар.
 - мәтінді аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.
4. «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, әңгіме мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаңдар:
 - өзіндік ой-пікірді бір сөйлеммен білдіріңдер;
 - екі сөйлемнен тұратын дәлел келтіріңдер;
 - өз пікірлеріңді айғақтайтын мысалды екі сөйлеммен көрсетіңдер;
 - өз пікірлеріңе қарсы бір сөйлемнен тұратын дәлел келтіріңдер;
 - бір сөйлеммен қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал келтіріңдер;
 - екі сөйлемнен тұратын қорытынды шығарыңдар.
5. Желтоқсан құрбандары туралы біліп келіңдер.

6

Баға беру

1. Әңгімеде көктем келсе де, Алтайда басылмай тұрған боран суреттелген. Ол нені білдіреді деп ойлайсыңдар?
2. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы алты топқа бөлініп, өз көзқарастарыңды білдіріңдер. «Ақ қалпақ» (проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді), «сары қалпақ» (үзіндінің жағымды тұстарын айтады), «қара

қалпақ» (шығарманың жағымсыз тұстарын айтады), «көк қалпақ» (талдау жасайды, топтар «Не үшін?» «Неге?» «Неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді), «жасыл қалпақ» (шығармаға қатысты тың идеялар мен болжамдар айтады), «қызыл қалпақ» (топ оқиганы оқу барысында, бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды).

Бағалы дерек

Желтоқсан көтерілісі – 1986 жылы 17–18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады. 17 желтоқсан күні таңертеңгі қаладағы Л.И.Брежнев атындағы алаңға (қазіргі Республика алаңы) саяси тәуелсіздікті талап еткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкісін көтерілісшілер саны 20 мыңға жетті. Бірақ көтерілісшілердің қойған талап-тілектері аяқасты етіліп, «бұзақыларды» күшпен тарату мақсатында алаңға құқық қорғау қызметкерлері мен арнайы әскери күштер тобы жеткізілді. КСРО ІІМ-нің бұйрығы негізінде дайындалған «Құйын–86» операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып-жаншылды. 18 желтоқсан күні алаңға қайта жиналмақ болған көтерілісшілерге қарсы әскер күші қолданылды. Көтерілісшілердің қалған топтарын ығыстыру үшін жедел отряд, милиция мен жасақшылардан арнайы топтар құрылып, қала көшелеріне аттандырылды. Осы әскери күштер 19 желтоқсан күні қаланың әр тұсында қайтадан шеруге шықпақ болған топты басып, таратты. Алаңдағы көтерілісшілер таратылған соң ішкі істер бөлімдеріне 2401 адам жеткізілген (Алматы түрмесіне сыймағандықтан, қала сыртына апарып тасталғандарды қосып есептегенде барлығы 8,5 мың адам ұсталған). Желтоқсан көтерілісі құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар.



Алматы қаласында орналасқан 1986 жылғы желтоқсан көтерілісін еске алу монументі

«Қазақстан тарихынан»

Әдебиет теориясы

Астарлау, метафора, метонимия

Құбылтудың бір түрі – *астарлау* (символ, грекше symbolon – белгі) – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу. Ойды ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру.

Ақын-жазушылар әдеби тілдің әсерлілігін күшейту үшін құбылтуды немесе троп түрлерін кеңінен қолданады.

Метафора немесе ауыстыру – сөз мәнін өңдеп өзгертіп айту. Суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра

түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту. Метафораның жасалу жолдары:

1. Жалғаусыз, жұрнақсыз бір нәрсені екінші нәрсеге балау, салыстыру, ұқсату арқылы жасалады. Мысалы:

Гималай – көктің кіндігі,

Гималай – жердің түндігі. (І.Жансүгіров)

2. -мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін, -сын тәрізді жіктік жалғаулары арқылы жүзеге асады. Мысалы:

Мен – жаралы жолбарыспын,

Жұрттың атқан оғы өтіп.

Сен есірке, сорлы жаспын,

Шын сөзіме рақым етіп. (Абай)

3. еді, едім, едің, екен, ем сияқты көмекші етістіктердің көмегімен туындайды. Мысалы:

Сен – жаралы жолбарыс ең,

Мен – киіктің лағы ем. (Абай)

4. бейне, тең, секілді сөздер арқылы жасалады. Мысалы:

Қайғы болар жермен тең,

Қара көңілім жермен тең. (Абай)

Метонимия – өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздерді бірінің орнына бірін алмастыра қолдану тәсілі. Метонимия – «алмастырып атау» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: Мен Абайды оқыдым.

З.Қабдолов. «Сөз өнері»



Тапсырма

А.Алтайдың «Прописка» әңгімесінен астарлауға мысалдар табыңдар.



Диалог құру

«Прописка» әңгімесінің кейіпкерлерімен сұхбат құрыңдар.



Кітапсүйерлер үшін

М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» деректі романын, А.Алтайдың «Қыр мен қала» хикаяларын, «Алтай новелласын» оқыңдар.



Поэзиясына биіктік те, тереңдік те тән, «Қазақ поэзиясына келген құбылыс деп бағаланған» дарынды ақын Ерлан Жүністің поэзия әлемі қандай?

ЕРЛАН ЖҮНІС



ЕРЛАН ЖҮНІС
(1984 ЖЫЛЫ ТУҒАН)

Естеріңе түсіріңдер:

Асқар Алтайдың шығармашылығы туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Ерлан Жүніс кім?

«Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңінің түйінді ойы қандай?

Зергер сөз

Ерланның поэзиясында эпикалық сарын да, лирика да, пәлсапа да бар. Бастысы, Ерланда тіл бар. Сосын оқығандықтан көп, интеллектуалды бағытта жазатын ақын. Шығыстың поэзиясын жақсы білумен қатар, ол орыс поэзиясын, Еуропа поэзиясын, Латын Америка поэзиясын жақсы біледі.

Ә.Балқыбек

Ерлан Жүніс 1984 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданында өмірге келген. Болашақ ақын М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетінің «Әлем тілдері» факультетін тәмамдаған.

2001 жылы «*Жыр-перзент*» атты тұңғыш жыр жинағы, 2011 жылы «*Киелі түндердің дұғасы*» атты кітабы жарық көрген. 2001 жылы «Абай оқуларында» Бас жүлдені алған. 2006 жылғы Халықаралық «Шабыт» фестивалінде «Әдебиет» аталымы бойынша Гран-При және Президент Кубогын иеленген. 2009 жылы Баянауыл тақырыбында жазған «Үздік журналист» Алтын белгісін алған.

Ерлан Жүніс – «*Киелі түндердің дұғасы*», «*Хауас*», «*Фаусар*», «*Үміт жырлары*», «*Әнтелехия*», «*Арманшыл таңның бұлттары*» кітаптарының авторы, Дарын Мемлекеттік Жастар сыйлығының иегері.



Ақын өлеңіндегі тәуелсіздік тарихы қандай?

Менің атым – Тәуелсіздік



CD 08

Тәуелсіздік дегеніміз не? Өлеңнің идеясы қандай?



Сөзмаржан

ат төбеліндей – шағын, азғантай, аз ғана
торығу – күдер үзу, түңілу
тек (тегі) – шыққан тегі, нәсілі, тұқымы



Сөздің көркі – мақал

Егеменді ел көрікті,
Бетегелі бел көрікті.

Тәуелсіздік туы асқақ.

Тәуелсіздік – тарих тұлпарының қос тізгіні.

Егемен елдің еңсесі биік.

...Алып қорғанның құлағанын көрдім,
 Небәрі алты жасымда,
 Алып тұлғалар жылағанын көрдім,
 Бастарын сүйеп ғасырға.
 Алып таулардың шайқалғанын көрдім,
 Алты жасымда соны ұқтым:
 Алып сөздерді айта алғанын көрдім,
 Ат төбеліндей халықтың.
 Алып кітаптар торыққанын көрдім,
 Сол сәтте-ақ одан безінгем,
 Алып ойлардың қорыққанын көрдім,
 Ең бір нәзік сезімнен.
 Алып сағаттар тоқтағанын көрдім,
 Өлшенді уақыт жаңадан,
 Алып жүректер ақталарын көрдім,
 Алты-ақ жасар баладан.
 Алып құрлықтар теңселгенін көрдім,
 Темір бұғаулар тозғасын,
 Алып заңдардың кемсеңдеуін көрдім –
 Империяның көз жасын!
 Алып мұхиттар толқығанын көрдім,
 Бір тамшы суға байланып,
 Алып төждердің балқығанын көрдім,
 Елтаңбаларға айналып.
 Алып мүсіндер қирағанын көрдім,
 Сұлаған жаудай жебеден,
 Алып саналар жиналарын көрдім,
 Тұрғызу үшін жаңа әлем!
 Құрыштардың да шірігенін көрдім,
 Сен боса, болат, тас егіл!
 Темір шымылдықты түрілерін көрдім,
 Сахнаға шықты жас өмір!
 Алты жасымда!
 Жылаған жоқпын, сұраған жоқпын анамнан,
 Сол күні жаңа әнұран айтып оралған,

Сол түні неге ұйықтамай маған бір аңыз айтып шыққанын
Ұл жайлы Күннен жаралған.
Түсінбесем де тыңдаймын,
Онсыз да оны жесірлік салған жасытқан еді мұң-қайғы...
Көзінің жасы сөйлеген түнді ұқпасам да,
Аңыз ұнаған Жаралған Күннен Ұл жайлы!
Деген де шығар «бодандық жайлы білмесін»:
Сен түсін, дәуір, сонау бір қанды жыл кешір!
Тарихтан дәріс оқитын менің анашым орта мектепте
Ұлына бірақ айтпапты кісен, құлдық пен түрме бүргесін.
Ерлікті айтқан, үйретпеді ол ездiкті,
Ұстатқан қалам, ұстатпады ол кездiкті,
«Құлыным, сенің тарихың басқа» деген тек,
Ол, бәлкім, менен Сөз күтті!
Ал бүгін, енді, Тарихты өзім білемін,
Жолдарды сезем жонарқамменен мыңжылдар өткен ұлы елім.
Ұлылық жайлы ойлайды басқа,
Жап-жас шақ
Ұлы қорғандардың күйреуін көрген жүрегім –
Алты-ақ жасында ақырын көрген алыптың!
...Тәуелсіздік ше?
Ол – менің тегім, ұлдарыма оны дарыттым.
Тәуелсіздік – мен, ол – менің асқақ аңызым,
Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған, Жарық Күн!

1

Білу

1. Ерлан Жүніс туралы не білдіңдер?
2. «Тәуелсіздік» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Ақын өлеңі қандай оқиға желісі бойынша жазылған?
4. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі күні қандай?
5. «Алып қорғанның құлағанын көрдім, ... Алып тұлғалар жылағанын көрдім, ... Алып таулардың шайқалғанын көрдім, ... – деген жолдар арқылы ақын қандай оқиғаны меңзеп тұр?
6. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі туралы айтып беріңдер.

2


Түсіну

Өлеңнің «Менің атым – Тәуелсіздік» деп аталу себебін түсіндіріңдер.

3

Талдау


1. Шығармадағы басты ой, негізгі пікір қандай?
2. Тәуелсіздік алғанға дейінгі Қазақстан мен бүгінгі Қазақстанды салыстырыңдар.
3. «Балық қаңқасы» тәсілімен ақын өлеңіне талдау жасаңдар.



4

Жинақтау

1. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Өлеңдегі тәуелсіздік ұғымын топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер.



5

Қолдану

1. Өлеңнен үзінді жаттап алыңдар.
2. Өлең кейіпкерінің бойынан қандай қасиеттерді аңғардыңдар? Автор тарих өткелдерін қалай сипаттайды? Ойларыңды дәлелдер арқылы жеткізуге тырысыңдар.
3. Өлеңдегі көркемдегіш құралдарды анықтап, қолданысына талдау жасаңдар.
4. Синквейн әдісін қолданып, «Тарих» сөзімен бесжолды өлең құрастырыңдар:
бірінші жолы – тақырыптың атауы – зат есім

екінші жолы – тақырыпты сипаттайтын екі сөз – сын есім үшінші жолы – тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз – етістік

төртінші жолы – тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы

бесінші жол – бір сөз – тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.

5. Өлеңде көрініс тапқан ұлттық құндылықтарға мысалдар келтіріңдер.
6. «Менің атым – Тәуелсіздік» тақырыбына эссе жазыңдар.
7. «Үш қадамды сұхбат» стратегиясын қолдана отырып, өлең мазмұны бойынша үш сұрақ дайындаңдар.

6

Баға беру

1. Неліктен ақын:

Тәуелсіздік ше?

Ол – менің тегім, ұлдарыма оны дарыттым.

Тәуелсіздік – мен, ол – менің асқақ аңызым,

Болмысы ол ұлдың өзіңнен туган, Жарық Күн! – дейді?

2. «Еркін жазу» әдісі бойынша тақырыпты қорытындылап, өлең мазмұны бойынша алған әсерлеріңмен бөлісіңдер, пікірлеріңді білдіріңдер.

3. Өлең мазмұны туралы пікірлеріңді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдіріңдер.

Пікір. Өлең мазмұны туралы пікірлеріңді бір сөйлеммен жазыңдар.

Дәлел. Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.

Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.

Даналық ойдан дән ізде

Біз – «Алтын ғасыр» дәуірінің ұрпағымыз. Біздің өміріміздегі және шығармашылығымыздағы ең көсем идеямыз – Тәуелсіздік. Отаншылдық пен мемлекетшілдік, тарихи зерделілік пен рухани сергектік – өмірлік ұстанымым. Ұлттық ойлау жүйесі мен ұлттық мінез-құлық, дүниетанымды «бренд» ретінде көтере отырып, ұлт әдебиетін көркейту, «алтын ұрпақтың» жаңа рухани эстетикасын қалыптастыру, әлем кітапханаларынан өз орнымды табу – шығармашылық миссиям.

Е.Жүніс. strategy2050.kz

Артық болмас білгенің

Қазіргі Қазақстан мемлекеті ата-бабалардың ескі жұртында, қазақ халқының ежелгі жерінде құрылды. Аталған жерде әр кезеңде этникалық-саяси бірлестіктерді құрып, сансыз тайпалар өмір сүрді: скифтер, сарматтар, ғұндар, сақтар, үйсіндер, қарлұқтар, қыпшақтар, арғындар, наймандар және т.б. Қазақ хандығын құру – Дешті Қыпшақтың кең байтақ аумағында өткен әлеуметтік-экономикалық және этностық-саяси үдерістерінің заңды нәтижесі.

Елбасының бастауымен жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы жолға айналдырдық. Келешегі кемел «Нұрлы жол» бағдарламасы ел бірлігін бекемдеп, Мәңгілік Ел – қазақ елінің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі екендігін әлемге айшықтай түсті. Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей: «Мәңгілік Ел» – барша қазақстандықтардың ұлы құндылығы, бұл ұғымның бастауы тым тереңде жатыр. Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті».

«Қазақстан тарихынан»



Диалог құру

Ақын өлеңінің мазмұны туралы екеуара диалог құрындар.



Кітапсүйерлер үшін

Е.Жүністің «Жыр-перзент» жыр жинағынан қалауларың бойынша бір өлеңін жаттап алындар.



Дағыстан әдебиетін әлемдік деңгейге көтеріп, өзінің жерін, елін, тілін жырға қосқан ақын әлемі қандай екен?

РАСУЛ ҒАМЗАТОВ



РАСУЛ ҒАМЗАТОВ
(1923–2003)

Зергер сөз

Жазу мәнерінен, ұлттық бояуынан, жеңіл әзілінен жүз ақынның жырынан Расул өлеңін бірден айыруға болады. Туған топырақтың бар маңызын бойына сіңірген Расул екі сөзінің бірінде өз халқының дана қасиеттерін, кесек мінездерін алға тартады. Ел мен жерге деген іңкәрлікті жырлайды. Әрі үлкен-кішіге, тұрмыс-тіршілігі әртүрлі адамдарға бірдей, ұғымды тілмен шебер жеткізе біледі.

«Әлем әдебиетінен»

Естеріңізге түсіріңдер:

Әлем әдебиетінің қандай өкілдерін білесіңдер?

Меңгерілетін білім:

Расул Ғамзатов кім? Қандай шығармалар жазған?

«Ана тілі», «Менің Дағыстаным» туындыларының тақырыбы мен идеясы қандай?

Авар халқының ұлы ақыны Расул Ғамзатов 1923 жылы Дағыстанның Хунзах ауданының Цада ауылында дүниеге келген. Әкесі Гамзат Дағыстанның халық ақыны болған. Алғашқы өлеңдерін Р.Ғамзатов 1932 жылдан бастап жаза бастады. Өлеңдері 1937 жылдан бастап республикалық авар газетінде жарияланды. Авар тіліндегі алғашқы кітабы 1943 жылы жарық көрді. Ол авар тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, С.Есенин, В.Маяковский шығармаларын аударды.

Р.Ғамзатовтың «*Менің Дағыстаным*» атты кітабы әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерінің бірі саналады. «*Жарық жұлдыздар*», «*Тау қызы*», «*Менің атам*», «*Биік жұлдыздар*», «*Жазулар*», «*Сонеттер*» және т.б. шығармалары қалың оқырман көңілінен шықты. «Менің Дағыстаным» өмірбаяндық прозалық шығармасында Расул Ғамзатов әрі

қаламгер, әрі негізгі қаһарман болып суреттеле отырып, өз халқының дәстүрі мен жалпы адамзаттық құндылықтарды, тіл мен ұлт тағдырын көтерген. «Ана тілі» өлеңіндегі ақынның:

Егер тілім ертең болса құрымақ,

Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ, – деген жолдар нағыз патриот азаматтың тұлғасын танытса, «Менің Дағыстаным» кітабынан алынған үзіндіде Парижде кездескен дағыстандық суретшінің туған жерге сағынышы, аварлық ананың мінезі суреттелген.

Мәскеудегі әдебиет институтында Расул Ғамзатов жас ақын Н.Гребневпен танысады. Кейіннен Н.Гребнев Расул Ғамзатовтың «Тырналар» өлеңін орыс тіліне аударарды, ол 1969 жылы Марк Бернестің орындауында танымал әнге айналады. Бұдан басқа да ақын өлеңдеріне атақты композиторлар ән жазған.

Расул Ғамзатовтың өлеңдері авар, орыс тілдерінен басқа әлем тілдеріне аударылып, жарық көрді.

Артық болмас білгенің

Болашақ ақын жеті жасында мектеп табалдырығын аттайды, ұқыпты, ынталы оқушы болады.

Алғашқы өлеңін тоғыз жасқа толғанда жазды. Содан бастап, оның қаламынан жыр толастаған емес. Алғашқы өлеңдері өзі оқыған мектебі, мұғалімдері, достары туралы болды. Он үш жасында авар газетінде бір өлеңі жарық көреді. Әкесінің атақты Шамиль батыр туралы әңгімелерін ерекше ықыласпен тыңдайтын. Сонымен қатар Расулды ержүрек Хаджы-Мұрат туралы оқиғалар да еліктірген. Кейін Лев Толстойдың бұл батыр туралы поэмасын өзінің ана тіліне аударарды. Расул Ғамзатовты халқының ерлік, батырлық тарихына байланысты оқиғалар қатты қызықтырады. Сондай-ақ, махаббат жыршысы Махмұдтың өлеңдеріне жазылған әндерді тыңдауды ұнататын. Өз әкесінің өлеңдерін де зейін салып тыңдайтын, барлығын жатқа білетін.

«Ана тілі» газетінен

Бағалы дерек

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов бір кездескенде: «Расул, өлеңіңді өз ана тілінде – авар тілінде оқышы», – деп өтініш жасапты. Расулдың өлеңін ойға шома, үнсіз тыңдаған Мұхтар ағасы: «Расул, сенің тілің күңгірлеп жатқан тастардың үніне ұқсайды екен», – депті. Бұл жөнінде Расул ақынның мынадай өлеңі бар:

Көргенмін құрмет-сыйынды,

Қонақ боп, аға, үйінде.

Бір кезде саған жырымды,

Оқыдым авар тілінде.

Түсіндің жанын жырымның,

Қарадың үнсіз асқарға:

«Ұқсайды, – дедің, – тілің бір

Күңгірлеп жатқан тастарға».



«Ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тірлігім – сенсің, мен сені мақтан етемін!» деуден танбаған ақын даусына құлақ түрейік!

Ана тілі



CD 09

Өлеңнің идеялық мазмұны қандай?

Адам деген не көрмейді түсінде,
Жатыр екем бүгін қабір ішінде.
Дағыстанның кең аңғары, күн ыстық,
Көкірегімде орнаған бір тыныштық.

Асау өзен арқырайды жарды ұрып,
Жұрт тараған, жалғыз мені қалдырып.
Мен жатырмын үнсіз туған жерімде,
Жер болады балғын тәнім менің де.

Мен жатырмын қара жерге табына,
Көрмейді ешкім, келмейді ешкім маңыма.
Тек қырандар шаңқылдайды шың жақта,
Бұғылар кеп ыңырсиды бір жақта.

Кетті ғой деп қыршын ғана жасында,
Жыламайды ешкім молам басында.
Анам қайда, досым қайда күндегі,
Жарым қалай жатқанымды білмеді.

Бар адамнан жатырмын тек бөлек мен,
Бір дауысты естіп қалдым кенеттен.
Естідім мен осы арадан үнін де,
Екі кісі сөйлесті авар тілінде.

Мен жатырмын жер астында көз жұмып,
Мына екеуі күбірлейді сөз қылып.
Ғасан деген бір кісінің қулығын,
Әли деген бір кісінің сұмдығын.

Естідім де сөзін ана тілімнің,
Бойым жылып, лезде мен тірілдім.
Балгер де емес, дәрігер де емес емдейтін,
Тек өзімнің тілім екен сөйлейтін.

Даналық ойдан дән ізде

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

А.Байтұрсынұлы

Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?

М.Әуезов

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Ф.Мүсірепов



Сөзмаржан

Ассамблея – ірі ұйымның басқару органы

Өзге бір тіл емдер басқаларыңды,
Мен онымен айта алмаймын әнімді.
Егер тілім ертең болса құрымақ,
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ.

Мен жаныммен сүйем осы тілімді,
Кедей деп-ақ айта берсін білімді.
Ассамблеяда естілмесін сөзі де,
Ана тілім – ұлы менің өзіме.

Махмұд жырын оқу үшін жас қауым,
Күте ме әлде аударуын басқаның?
Мен болдым ба ең соңғы ақын бүгінде,
Өлеңдерін жазар авар тілінде?

Мен сүйемін планетаның барлығын,
Өзен-тауын, әр көлі мен әр қырын.
Мен сүйемін ұлы елімнің гүлін де,
Әлімше оны айттым авар тілінде.

Қымбат маған елімнің бар даласы –
Балтық пенен Сахалиннің арасы.
Қайда болсын қиям оған жанымды,
Туған жерден қазсын бірақ қабірді!

Аварша бір жазып қойған құлпытас,
Тұрса ауылда, аварлар да ұмытпас.
Еске ап жүрер кәрі-жасы жақын кеп,
Мұнда Расул Ғамзатұлы жатыр деп.

Зергер сөз

Ардақты ана тілім мені бала сияқты қолымнан жетелеп, ауылымнан алып шығып, адамзат әлеміне әкеліп қосты.

Р.Ғамзатов

1

Білу

1. Расул Ғамзатов кім?
2. «Ана тілі» өлеңінде ақын қандай мәселені қозғайды?
3. Ақын ана тілінің құдіреті мен күшін қалай көрсеткен? Өлең жолдарымен дәлелдеңдер.

2

Түсіну

*Өзге бір тіл емдер басқаларыңды,
Мен онымен айта алмаймын әнімді.*

*Егер тілім ертең болса құрымақ,
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ, –*

деген өлең жолдары арқылы ақын не айтқысы келді?

3

Талдау

Ана тілі, қазақ тілі туралы тағы қандай өлеңдерді білесіңдер? Ақын өлеңімен салыстырып көріңдер. Нені байқадыңдар? Расул Ғамзатов шығармасымен қандай үндестік таптыңдар?

4

Жинақтау

«Ана тілі» өлеңінің тақырыбы мен идеясын анықтап, түсініктеріңді топтастырыңдар.

5

Қолдану

1. Өлеңді мәнерлеп оқып, ұнаған шумақтарын жаттап алыңдар.
2. Өлең мазмұны бойынша «Үш қадам» кестесін толтырыңдар.

1-қадам	2-қадам	3-қадам
Өлеңде көтерілген мәселелерді анықтаңдар	Автордың бұл мәселені көтеру себебі қандай?	Қазіргі таңда бұл мәселелер өзекті ме? Неліктен?

3. Ана тілі туралы мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді жатқа айтыңдар.
4. «Ана тілі – арым бұл» тақырыбына эссе жазыңдар.
5. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген тілдер туралы қызықты ақпарат қорын толықтырыңдар.

6

Баға беру

1. «Ана тілі» өлеңінен қандай тәлім алдыңдар? Ойларыңмен бөлісіңдер.
2. Расул Ғамзатов «Менің Дағыстаным» атты кітабында: «Ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тірлігім – сенсің, мен сені мақтан етемін. Сонау тұңғиық жер түбінен жарыққа, күнге, жасыл шөпке асыққан бұлақ суындай ана тілімнің сөздері жүрегімнен

қайнап шығып, алқымыма тіреледі. Ернім күбірлейді. Өз күбіріме өзім құлақ түрем, ана тілім, саған құлақ тігем. Сонда маған бейне тұңғиықтан шымырлап шыққан таудың асау өзені елестейді. Мен судың бүлкіл қаққан дыбысын сүйем. Мен болаттың сыңғырын ұнатамын, қынабынан суырылған екі қанжардың бір-біріне соғылған дауысын сүйем. Осының бәрі менің тілімде бар», – деп тебірене жырлаған. Сендер қандай ой қосар едіңдер?

Артық болмас білгенің

Дүниежүзінде жалпы саны 7000 тіл бар. Мамандардың айтуынша, олардың 2400-і жойылып кетеді. Статистика бойынша әр он төрт күнде бір тіл өмір сүруін тоқтатады екен. Мексика елінің кей тұрғындары сөйлейтін тіл жойылу қаупінде тұр. Себебі ол тілде сөйлейтін екі адам бірі-бірімен сөйлесуден бас тартқан. Солтүстік Испания мен Оңтүстік Франция облыстарының тұрғындары ешқандай тілдік семьяға жатпайтын еуропалық тілде сөйлейді. Баск тілі оқшауланған тілдер қатарына кіреді. Ол тілде тек баск жұрты ғана сөйлейді.

<http://massaget.kz>

Зергер сөз

Қымбат маған ана тілім, бал тілім,
Қымбат маған дана тілім, ар тілім.
Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма,
Ана тілім ардақ тұтар алтыным.
Ана тілін жырлап өткен талайлар,
Жырлап өткен Ыбырай мен Абайлар.
Қасиетті менің ана тілімде,
Өшпес мәңгі алаулаған арай бар.

Ы. Әкім

Туған тілім – бабам тілі – өз тілім,
Туған тілім – анам тілі – өз тілім.
Туған тілім – далам тілі – өз тілім,
Туған тілім – адам тілі – өз тілім.
Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде өнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

Д. Әбілеев



Р.Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» атты кітабы – әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерінің бірі. Қаламгер Дағыстанның тауын, тасын, суын, шөбін, адамын, бәрін, тіпті аспандағы Ай мен Күнді де бір ғана Дағыстан деп жырлады. Оның шығармасын оқығанда Ғамзатовтың рухы, сезімі, жан дүниесі, шексіз сүйіспеншілігі байқалады. Сондықтан оны туған жерін сүйетін әр адам құмарта оқиды. Себебі, ол – адамзаттың өз сезімі.

Менің Дағыстаным

(жазушы толғаныстарынан үзінді)

Бағалы дерек

Дағыстан Республикасы – Ресей Федерациясының Солтүстік Кавказ федералды округінің құрамына кіретін ең оңтүстікте орналасқан ел.

Өз заманында Дағыстан әртүрлі тарихи кезеңдерге байланысты «Албания», арабтар «Ардас-Сарир», ал грузиндер «Лекетия» деп атаған. «Дағыстан» сөзі түркінің «дағ» – тау, парсының «стан» – ел, мемлекет деген сөзінен, «Таулы ел» деген мағына береді. Астанасы – Махачкала қаласы. Дағыстан оңтүстігінде Әзірбайжанмен, оңтүстік-батысында Грузиямен, сондай-ақ Ресейдің батысында Шешен Республикасымен, солтүстік-батысында Ставрополь өлкесімен және солтүстігінде Қалмақ Республикасымен шектеседі.

Менің ұлым Авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес.

Тау ішінде өз тілін қастерлемейтін адам сый-құрметтен жұрдай болады. Шұбар тілмен жазылған жырын да ешқашан тау-ана оқымайды.

Күндердің күнінде Парижде бір дағыстандық суретшіні кездестірдім. Революциядан кейін іле-шала Италияға оқуға кетіпті де, итальян қызына үйленіп, еліне қайта алмай қалыпты. Тау ішіндегі дәстүрге үйреніп қалған әлгі дағыстандық жігіт көпке дейін өзінің жаңа отанына үйрене алмай жүріпті. Жержүзін талай шарлап, алыстағы бөтен елдердің жарқ-жұрқ еткен астаналарында да болыпты. Бірақ, қайда барса да, туған елін аңсап, зарыққан сезім соңынан қалмай-ақ қойыпты. Осындай сезімді бояу арқылы бейнеге қалай айналдырғанын көргім келді де, «өзің салған суреттерді көрсетші» – деп өтіндім.

Бір суреттің аты «Елді аңсау» екен. Суретте байырғы авар киімін киген итальянка (суретшінің әйелі) бейнеленген. Ол тау ішіндегі бұлақтың басында тұр, қолында атақты гоцатлин шеберлері нақыштап жасаған күміс құмыра. Тау баурайында – қайғырып, тұнжырап

Даналық ойдан дән ізде

Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек.

С.Торайғыров

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі.

Ж.Аймауытов

Ана тіліне немқұрайды қарау – өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайды қарау деген сөз.

К.Паустовский

Кімде-кім қазіргі уақытта өз ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

М.Әуезов

тұрған авардың тас ауылы. Ауыл үстіне төніп тұрған таулар – бұдан да бетер қайғырып, тұнжыраулы. Тау төбесін тұман басқан.

– Тұман, – деді суретші, – көздің жасы. Таудың баурайын тұман басқанда, тастың тілім-тілім ажымын бойлап, мөлдір тамшы ағады ғой. Тұман – бұл мен.

Екінші суреттен тікенек бұтаның басында отырған құсты көрдім. Ал бұта болса, жалаңаш тасты қақ жарып шығып, өсіп тұр. Құс сайрап тұр да, оған өз үйінің терезесінен қайғылы бір тау қызы қарап тұр. Менің суретке назар аударғанымды байқап қалды да:

– Бұл аварлардың көне аңызының желісі бойынша салынған сурет, – деп түсіндірді суретші.

– Қандай аңыз бойынша?

– Құсты ұстап ап, торға қамап қойыпты. Торға түскен құс күні-түні бірдей: «елім, елім, елім, елім, елім», – деп қақсай беріпті... Соңғы жылдар бойы тап осылай қақсап жүрген мен сияқты... Құс иесі ойлапты: «Мұның елі қандай екен, ол қайда болды екен? Мүмкін, мұның елі жұмақтағы ағаш өсіп, жұмақтағы құс мекендейтін гүл жайнаған тамаша бақ секілді шығар? Мен осы құсты далаға қоя берейін де, оның қай жаққа ұшып кеткенін көрейінші. Сонау алыстағы ғажап елдің жолын көрсетсін маған» деп ойлап, ол тордың қақпағын ашыпты да, құсты босатып жіберіпті. Құс он қадам ұшып барыпты да, жалаңаш тасты қақ жарып өсіп тұрған тікенек бұтаға қоныпты. Осы бұтаның жапырағының арасында оның ұясы бар екен. Мен де өз еліме, өзімді-өзім қамаған тордың терезесінен қарап жүрмін ғой, – деп аяқтады әңгімесін суретші.

– Елге неге қайтқыңыз келмейді?

– Кеш қой. Кезінде туған жерімнен жанып тұрған жас жүрегімді алып кетіп едім. Енді еліме қаудыраған қу сүйегімді қайтаруға хақым бар ма менің?

Парижден оралысымен, әлгі суретшінің туған-туысқандарын іздеп тауып алдым. Таң қалғаным сонша, оның шешесі әлі тірі екен. Суретшінің туған-туысқандары тоқал үйге жиналып, өздерінің елден безіп кеткен, туған жерін жат жерге айырбастап жіберген ұлы жайындағы әңгімемді күңіреніп, қайғы-қасіретпен тыңдады. Бірақ маған ұлына кешірім еткен секілді боп көрінді. Олар оның тірі жүргеніне қуанды ма, қалай, әйтеуір, кенеттен шешесі:

– Сендер аварша сөйлестіңдер ғой? – деп сұрады.

– Жоқ. Біз тілмаш арқылы сөйлестік. Мен – орысша, ал сенің балаң – французша.

Ұлының өлгенін жаңа ғана естігендей боп, суретшінің шешесі бетін қара орамалмен жауып ала қойды. Үйдің шатырын тырсылдатып, далада жаңбыр жауып тұр. Біз Аварияда тұрмыз. Ал жердің екінші жағында, Парижде Дағыстанның адасқан ұлы да, мүмкін дәл осы сәтте жаңбырға құлақ салып отырған шығар... Біраз үндемей отырғаннан кейін, суретшінің шешесі айтты:

– Сен қателестің, Расул, менің ұлым баяғыда өліп қалған. Сенің көргенің – менің ұлым емес. Менің ұлым өзім үйреткен, авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес.

Дағыстан – сен маған анасың

Сөздің көркі – мақал

Туған жердің күні де
ыстық, түні де ыстық.

Туған жердің қадірін
шетте жүрсең білерсің.

Туған жер – тұғырың,
Туған ел – қыдырың.

Дағыстан – сен маған анасың. Менімен ұрсысуға бел байлаған жұрт мұны есінен шығармасын. Олар мені қалай даттаса, олай даттасын – бәрін де көтеремін. Жалғыз-ақ Дағыстаныма тиіспесін.

Менің сүйген-күйгенім, ант-аятым, қайыр-дұға, тілек-батам – бәрі Дағыстан. Барлық кітабымның, бүкіл өмірімнің өзегі – бір өзің ғана, Дағыстан.

Кейде маған сенің кешегі өткен-кеткенінді, баяғы әдет-ғұрпың мен салт-санаңды, ел аузындағы аңыз-ертегілерің мен өлең-жырларыңды, қыз ұзатып, келін түсірген тойларыңды, сонда сермеген семсерлеріңді, қанды шайқас пен ізгі достықты, ер жігіт пен оны сүйген адал жарды, адамгершілік пен батырлықты, шейіт болған

боздақ пен зар жылаған ананы айт деседі. Немесе сенің бүгінгі күніңді әңгіме қыл дейді...

Сол кешегі, бүгінгі дегеніңнің ешқайсысын мен білмеймін. Менің білетінім – мыңдаған жылдар жасаған бір-ақ Дағыстан. Оның кешегісі, қазіргісі, келешегі маған бәрібір. Бір Дағыстанды әр заманға бөлшектеп отыратын жайым жоқ.

...Шетелдерден оралған кезімде тау жұрты мені қоршап алады да, о жақта не көргенімді сұрайды. Олар алқа-қотан отырып, мені тыңдай бастайды. Мен не Франция, не Үндістан, не Жапония, не Түркия жайын әңгіме ғып берем. Сонда менің жат жерде көрген-білгенім үш сағаттай ғана уақытқа жетеді. Үш сағаттан соң сөз өзінен-өзі барып, Дағыстанға ауысып кетеді. Жиналған тау жұртына Дағыстан жайын айта бастасам, мұны алғаш естіп отырғандай, бар ықыласымен тыңдайды. Ал Дағыстан дегеніміз – солардың өздері ғой.

...Менің көкейкесті тақырыбым – Дағыстан. Менің сүйіспеншілігім көп болсын, аз болсын, менің ақиқатым саяз болсын, терең болсын, менің сезімім ескі болсын, жаңа болсын, бірақ мен сені жырлап өтем, Дағыстаным. Сені айтқанда қолымдағы қаламым өзінен-өзі тербеледі.

Орысшадан аударған К.Шалабаев

1

Білу

1. «Менің Дағыстаным» үзіндісінде қандай оқиға суреттеледі?
2. Баласы туралы естіген суретшінің анасы қандай күйге түсті?
3. Суретшінің тұманы ненің символы?

2

Түсіну

1. Қаламгердің «Дағыстан – сен маған анасың» деуінде қандай мән бар?
2. Суретшінің шешесі неліктен: «Сен қателестің, Расул, менің ұлым баяғыда өліп қалған. Сенің көргенің – менің ұлым емес. Менің ұлым өзім үйреткен, авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес», – дейді?
3. Неліктен суретшінің туындысы «Елді аңсау» деп аталады?

1. «Менің Дағыстаным» әңгімесінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Топтарға бөлініп, «РАФТ» тәсілі арқылы тіл мәселесі туралы ой қозғап көріңдер.

Рөл	Аудитория	Форма	Тақырып
«Оқушы»	Сынып оқушылары	Эссе	«Р.Ғамзатов шығармаларын оқығаннан кейін туған ойлар...»
«Мұғалім»	Ата-аналар	Үгіт-насихат сөз	«Тіл деп соққан жүрегім...»
«Директор»	Қоғам	Мақала	«Тіліне жаны ашымаған адам – жәндік»
«Министр»	Халық	Хат	«Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін»

Р.Ғамзатов «Дағыстан» сөзіне қандай түсініктерді енгізеді? Топтастыру арқылы көрсетіңдер.



1. Суретші айтқан аңыз мазмұнын айтып беріңдер. Аңыздың түйіні туралы ойларыңмен бөлісіңдер.
2. Шығармадан өздерің құнды деп санайтын түсінікті тұжырымдаңдар.
3. Туған жер, ана тілі туралы мақал-мәтелдерді жатқа айтыңдар.

4. Туған жер, ана тілі туралы шығарма немесе эссе жазыңдар.

6

Баға беру

1. Автордың: «Сонда менің жат жерде көрген-білгенім үш сағаттай ғана уақытқа жетеді. Үш сағаттан соң сөз өзінен-өзі Дағыстанға ауысып кетеді...» дегені сендерді қандай ойларға жетелейді? Ой-пікірлеріңмен бөлісіңдер.
2. Егер сендер жазушы болсаңдар, әңгімені қалай аяқтар едіңдер?
3. Суретші анасының сөзіне баға беріңдер.



Диалог құру

Қазақ тілінің болашағы туралы бір-біріңмен диалог құрыңдар.



Кітапсүйерлер үшін

Р.Ғамзатовтың «Жарық жұлдыздар», «Тау қызы», «Менің атам», «Биік жұлдыздар», «Жазулар», «Сонеттер» және т.б. шығармаларын таңдауларың бойынша оқыңдар.

СӨЗ СОҢЫ

Құрметті оқушылар! Міне, сендер 6-сыныптың «Қазақ әдебиеті» бағдарламасын толық орындап шықтыңдар. Аталған пән сендердің қазақ әдебиеті туралы білімдеріңді толықтырып, ежелгі дәуір, ХІХ–ХХ ғасыр әдебиеті өкілдерінің шығармашылығымен жақынырақ танысуға мүмкіндік туғызды. Әдебиет әлемінде өзінің қайталанбас қасиеттермен ерекшеленетін әртүрлі кейіпкерлермен танысып, бірге қуанып, бірге мұңайдыңдар. Бұл – сөз өнерінің құдіретін түсінудегі қадамдарыңның бірі. Әдебиет әлемімен танысу сендердің көркем әдебиетке деген қызығушылықтарыңның оянуына себеп болып, сауатты оқырман қатарына қосылуға ықпал етті деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ СӨЗДІГІ

Астарлау – құбылтудың бір түрі (символ, грекше symbolon – белгі), бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу. Ойды ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру.

Әдебиет – сөз өнері, нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін сөзбен келістіріп айту өнері.

Ертегі – халық ауыз әдебиетінің бір түрі.

Жанр – өнердің барлық түрлерінде тарихи қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі, әдеби шығарманың белгілі бір түрі. Жанр әрі әдебиеттің тегін (эпос, лирика, драма), әрі әдеби шығарма түрлерін (әңгіме, новелла, баллада, повесть және т.б.) белгілейтін термин ретінде қолданылады.

Жанама мінездеу – кейіпкерге қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы қаһарман бейнесін ашып көрсету.

Жоқтау жырлары – адам қайтыс болған кезде айтылатын жыр.

Жыр – поэзиялық шығармалардың жалпы атауы, поэзиялық шығарма жанры.

Жырау – хан сарайындағы көреген саясаткер, ханның ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологы, елдің ақылшысы, қолбасы әрі дауылпаз ақын.

Жыршы – жыр айтушы, таратушы.

Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін адам, әдеби образ.

Қанатты нақыл сөздер – мағынасы терең, мақал-мәтелге ұқсас, айтуға оңай, күрделі мәселелерді дәл бейнелейтін шешендік сөздер.

Қарасөз – «проза» деген мағынада айтылған, еркін ой білдіру формасы.

Лирика – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арманын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр ғып шертетін өлең.

Лирикалық қаһарман (кейіпкер) – әр оқырман жүрегіне жол тауып, онымен дәл өзіндей сырласатын өлең кейіпкері.

Метафора немесе **ауыстыру** – сөз мәнін өңдеп, өзгертіп айту. Суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

Метонимия – өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздерді бірінің орнына бірін алмастыра қолдану тәсілі.

Мінездеу – кейіпкердің мінез бітімі, көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. Кейіпкердің рухани әлемін, жан сырын, идеясын, күрес жолын, мақсатын, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы ашады. Әдебиетте тура және жанама мінездеу деген түсінік бар.

Өлең – белгілі бір өлшеммен, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін поэзиялық жанр түрі.

Сюжет – оқиғаның арқауы, жүйе-желісі.

Тура мінездеу – бұл автор мінездемесі. Адамды бір сөзбен де мінездеуге болады. Мысалы, сараң болса – Қарабай, аңқау болса – Мырқымбай, жалқау, өтірікші болса – Судыр Ахмет дейміз.

Толғау – көне дәуірлерде туып, қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі, философиялық ой қорытудың ұлттық үлгісі, табан астында суырыпсалып айтуға құрылған лиро-эпикалық жыр. Толғау – күрделі, көлемді лирикалық туынды, сюжетсіз поэма.

Фабула – шығармада айтылатын оқиғалардың жиынтығы. Фабула – кейіпкерлердің басынан өткен оқиғалардың қиялдағы тізбегі болса, сюжет – соның қалай хабарлануы, фабуланың мәтіндегі іріктелген көрінісі. Мәтінде сюжет тікелей беріледі, ал фабуланы оқырман сюжетте аталған элементтер бойынша қалпына келтіре алады.

Хикаят (повесть) – орта көлемдегі эпикалық түрдің (жанрдың) үлгісі. Мұнда шағын әңгімедегідей бір ғана емес, бірнеше оқиға, адам өмірінің бір алуан кезеңді құбылыстары кеңірек суреттеледі. Сондықтан әңгімеге қарағанда, хикаяттың көлемі де үлкен, сюжеті де күрделі, қаһармандары да бірнешеу, тіпті ондап саналады.

Эпизод – әдеби шығарма сюжетіндегі өз мәні бар жеке оқиға немесе шығарманың бас-аяғы тиянақты бір бөлшегі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақшолақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 2001. – 338 б.
2. Абайдың қарасөздері. – Алматы, 1998.
3. «Абай». Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 720 б.
4. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 132 б.
6. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Алматы, 2004–2013.
7. Газет-журнал, Интернет материалдары.
8. Даланың дара ділмарлары. Жинақ. – Алматы: «Қазақстан», 2001. – 592 б.
9. Елікбаев С. Қазақ әдебиеті. Оқушы анықтамалығы. – Алматы, 2005. – 320 б.
10. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: Школа XXI века, 2002. – 184 б.
11. Жолдасбеков М., Сейдімбек А., Салғараұлы Қ. Елтұтқа. – Астана: Күлтегін, 2001. – 353 б.
12. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Орал, 2010. – 312 б.
13. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Орал, 2010.
14. Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті». – Алматы, 2003.
15. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.
16. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
17. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы, 1997. – 368 б.
18. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998–2005.

19. «Қазақстан жазушылары. XX ғасыр». Анықтамалық. – Алматы, 2004. – 392 б.
20. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2006.
21. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2010.
22. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы, 2013.
23. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008.
24. «Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005, 2010.
25. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2007.
26. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы, 2011.
27. Оқу бағдарламасына енгізілген ақын-жазушылар шығармалары.
28. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. – Алматы, 2006. – 376 б.
29. Тоқтабай А. Қазақ әдебиеті. Қазақ әдебиетінің тарихы Алып Ер Тоңа туралы жырдан басталады. – Алматы, 2003.
30. Ысқақов Б. Ұмытылмас есімдер. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 224 б.
31. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956. – 149 б.

Электрондық ресурстар

www.kitaphana.kz
<http://www.qazaquni.kz>
www.topreferat.kz
<http://classic.nlrk.kz>
<http://turkiya.kz>
<http://www.kazakhadebieti.kz>
www.kk.wikipedia.org/wiki
<http://www.ikitap.kz>
<http://www.ikitap.kz.books>
<http://bigox.kz>
<http://turkiya.kz/>
<http://baq.kz/>
<http://shuak.kz/>
<http://bilimdiler.kz>

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
I ТАРАУ. ТУҒАН ЖЕРІМ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІМ	7
Ертегілер	8
«Аяз би» ертегісі	9
«Алып Ер Тұңға» дастаны	31
Алып Ер Тұңғаны жоқтау	34
Ислам дәуіріндегі әдебиет (X–XII ғғ.)	39
Әбу Насыр әл-Фараби	41
Қашықтасың туған жер	46
Тіршілікте құрыштай бол төзімді	49
Хандық дәуір әдебиеті (XV–XVI ғғ.)	53
Доспамбет жырау	55
Қоғалы көлдер, қом сулар	58
Айналайын, Ақ Жайық	60
II ТАРАУ. АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!	63
Абай Құнанбайұлы	64
Ғылым таппай мақтанба	71
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін	74
Бірінші сөз	77
Жетінші сөз	79
Отыз бірінші сөз	81
III ТАРАУ. МЕН – БАЛАҢ, ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӘУЛЕ ҚУҒАН	85
Сұлтанмахмұт Торайғыров	86
Шәкірт ойы	89
Шығамын тірі болсам, адам болып	91
Сайын Мұратбеков	94
Жусан иісі (повестен үзінді)	96
Оралхан Бөкей	112
Тортай мінер ақбоз ат	115
Қалмақан Әбдіқадыров	125
Қажымұқан (повестен үзінді)	127

IV ТАРАУ. ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ ТҮНҒАН ҰЛЫ ҰҒЫМ	149
Асқар Алтай.....	150
Прописка.....	151
Ерлан Жүніс.....	165
Менің атым – Тәуелсіздік.....	166
Расул Ғамзатов.....	171
Ана тілі.....	173
Менің Дағыстаным (<i>жазушы толғаныстарынан үзінді</i>).....	177
Дағыстан – сен маған анасың.....	179
Әдебиеттану терминдерінің сөздігі.....	183
Пайдаланылған әдебиеттер.....	185

АРМАҢ-ПВ баспасы

АРМАН-ПВ баспасы

Оқулық басылым

Сәуле Чапайқызы Тұрсынғалиева
Руда Зайкенова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
6-сыныбына арналған оқулық

Суретшілері	А.Айтжанов, Д.Қдыров
Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	А.Ізет
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редактор	Е.Мельникова
Суретші-безендіруші	О.Подопригора
Мұқабаның дизайны	О.Подопригора, В.Бондарев
Беттегендер	Г.Илишева, Л.Костина



Электрондық нұсқа

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 29.07.17 берілді. Басуға 04.06.18 қол қойылды. Пішімі 70 x 100¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15,48
Таралымы 30000 дана.

Артикул 806-002-001к-18